| **10.55-12.00** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру.<br>Негізгі мазмұны: ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру.<br>Көркем сөз.<br>Тентек желді көріп ем,<br>Бізге қыдырып келген!<br>Терезеден гу етіп,<br>Есіктері сарт етті.<br>Қалпағыммен ойнады,<br>Ойынға бір тоймады.<br>Шаршап қалды кенеттен,<br>Байқамай ұйықтап қалды.<br>**"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; | **райына байланысты). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру.<br>Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аудару. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай? Көркем сөз.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау,<br>Бақшамызға жау-жау!<br>Шөптер де шөл қандырсын,<br>Табиғат шаңнан арылсын!<br><br>Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер,<br>Кемпірқосақ ала кел!<br>Көлшіктерден аттайық,<br>Асыр салып ойнайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діні бар, бұтаның діні жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>Көркем сөз.<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы.<br>Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аудару: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды.<br>Энциклопедиялық мәліметтер:<br>Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді:<br>Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап келетін сұрғылт түсті бұлттар. Олар тұтаса келе түнеріп, будақ бұлтқа айналып, жазда, нөсер жаңбыр, қыста, жапалақтап қар болып келеді.<br>Қабат бұлт – тұманға ұқсас, сұрғылт қабатты бұлттар. Қабат бұлттар аспанды түгел торласа, ұзаққа созылатын ақ жауын жауады.<br>Шарбы бұлт – жауын- | **бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету.<br>Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жапырағын ұстасаң,<br>Асты суық,<br>Жылы үсті,<br>Дәрі жасар бұл гүлден,<br>Емдер күйік, тынысты.<br>(Түймедақ)<br>**"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-мінлдеттер: балаларда нысанаға дәлдеп атай білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар.<br>Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. **"Нүктелер" түрлі түсті борлармен ойын. (**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту Асфальтқа бормен көптеген нүктелер қойып, ал бала оларды тұтас сызықтармен байланыстырады. Барлық нүктелер байланыстырылғаннан кейін, қандай да бір пішін пайда болады, оның неге ұқсайтынын бірге ойланып, қиялдап табу керек. | жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар,зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **Кинетикалық құммен танысу.**<br>Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.<br>Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан | шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар.<br>Бұлттарға қарап та күн райын болжауға болатындықтан, бұлттардың бұрынғы өткен бабалардан қалған атауларымен таныс болғанның еш артықшылығы болмас.Олай болса:<br>Ақша бұлт – ашық аспанда қалқып жүретін ақ бұлттар.<br>Ала бұлт – ақ, қара, қошқыл түсті бұлттардың шоғырынан құралған бұлттар. Шумақ-шумақ, лек-легімен шұбырған бұлттар – будақ бұлт.<br>Көркем сөз.<br>- Балалар, мен бүгін сендерге Ескен Елубаев аталарыңның "Ұшақтан жылдам бұлттар" өлеңін оқып бергім келіп тұр.<br>"Ұшақтан жылдам бұлттар".<br>Таңертең күн ашық,<br>Тұр енді нұр шашып.<br>Аспанда бұлт жоқ:<br>"Ендеше күдік жоқ.<br>Ойладым дәл бүгін<br>Жаумайды жаңбырың"<br>Шықтым мен үйімнен.<br>Жейдешең киіммен.<br>Әурелер жолда құр,<br>Алғам жоқ қол шатыр,<br>Кенеттен аспанда<br>Бұлт торлай бастады.<br>Ұшақтан жылдам ба?!<br>Жетсе ол тез бұл маңға. | әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар. **Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.<br>**Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы". (шығармашылық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: түйсік-сезімді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз!<br>Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылаңыз.<br>Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты.<br>Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады. | Шаңдатып көшені,<br>Басталды нөсері.<br>Өстіп бұлт жаңбырлы<br>Міне таң қалдырды!<br><br>Жоқ мотор,<br>Қанаты,<br>Бұл бұлттар қалайша<br>Тез жете қалады?..<br><br>Өлең бойынша балалармен әңгімелесу, балаларға таныс емес сөздермен сөздік жұмысын жүргізу.<br>**«Масаны ұстап ал» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалыстарын визуалды белгімен үйлестіру қабілетін дамыту, балаларды секіруге жаттықтыру (бір орнында секіру).<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. | |
| **Серуеннен оралу<br>12.00-12.20** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас<br>12.20-13.00** | **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.**<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, майлықты дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.00-15.10** | Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу.<br>**"Әлди - әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.10-15.30** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**<br>**"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар** Мақсат-міндеттер: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: ұрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар, сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын.**<br>Орыс халық ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға ертегі оқу.<br>Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру.<br>Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Мәреге жақында" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту.<br>Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды. Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қояды. Тоқтамай, қосымша қадам жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады. Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды. Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру.<br>Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Тақпақ.**<br>Балабақшаға келеміз,<br>Түрлі ойыншықтар көреміз.<br>Паровоз, кеме, қуыршақ,<br>Балаларды күтіп тұрады.<br>"Радио" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Сен баратын топтың аты қалай?<br>- Көмекші мен тәрбиешілердің ата-жөні қалай? | **"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту.<br>Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар.<br>**(сенсорика)** | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Көркем сөз.<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр | **"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру)** | - Таңертең біз топта не істейміз? Кешкілікте? Түскі ас кезінде?<br>- Біздің топтағы қыздардың есімдері кім?<br>- Ұлдардың ше?<br>- Сенің атың кім? Сенің анаң сені қалай атайды? Әжең ше?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы". | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі. |

Тексерілді
12.06.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым ІІІ-апта (12.06-16.06.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Б.У.
Төле Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 12.06.2023ж | *Сейсенбі* 13.06.2023ж | *Сәрсенбі* 14.06.2023ж | *Бейсенбі* 15.06.2023ж | *Жұма* 16.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудрту. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар: "Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі және жатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, оны сумен шаюға. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып салғызу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнан сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Тақпақ жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақай, алақай, | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік | **"Жаңбыр" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр | **Тақпақ жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Сылдыр - сылдыр - сылдыр | **"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту. Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құймақ пісті балақай!<br>Терезеге қояйық,<br>Тезірек суытайық.<br>Торғайлар ұшып келді,<br>Құймақтан шоқып жеді.<br>Қатты қағып қанатты,<br>Бастарына қоныпты!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қорларын белсендіру.Балалар-дан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрау(көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады. Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен | су,<br>Су шүмектен ағып тұр.<br>Жарқылдайды, жылтырап,<br>Жуынуға бұйырат!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-бірте жүйе бойынша киінуге үйрету. | қағаз.<br>Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне орауыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу<br>08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Тобымызда күн сайын,<br>Жаттығу орындайық.<br>Тәртіп бойынша ғана,<br>Жаттығу орындалады:<br>Барлығымыз отырып,<br>Барлығымыз тұрамыз.<br>Оңға - солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық 09.40-10.00** | **"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу. | **"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру.<br>Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру.<br>Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға судың қайдан келетінін түсіндірген жөн.<br>Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | **Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.**<br>Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Ағады, қайнайды,<br>Буланады, ойнайды.<br>Тіпті аспанға да ұшады,<br>Байқамасаң, төгіліп қалады.<br>Ұшып жүріп жалықса,<br>Жерге қайта жауады.<br>Әлемнің бар жерінде кездеседі,<br>Бұл не екенін кім біледі?<br>- Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар.<br>Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер. | **"Әдемі есімдер" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту. Балалар шеңберге тұрады немесе отырады.Бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санаймын. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, ырғақты жылдамдата түсемін. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тамшылайды.<br>Құралдар:<br>ыдысқақұйылған таза ас суы; мөлдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық. | | | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Сылдыр аққан су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жалқау мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқыршы су"<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы тамшылар"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күн, ауа және су"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу.<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.**<br>Гүлдерді суғару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу.<br>**"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету. | жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап аспанда,<br>Дайындалып жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып қандырды,<br>Шөптердің шөлін.<br>Жайқалып, құлпырды,<br>Мен еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре | мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны.<br>Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл)<br>**"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына | Су күннің көзінде тұрып, жылынады.<br>Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді.<br>Су тап-таза, мөлдір болады.<br>Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. | сұқұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.**<br>Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу.<br>**Тақпақ-жаттамақ.**<br>Суым-құрбым,<br>Барлығының қолын жудың:<br>Мадина мен Еңлікке,<br>Қарлығаш пен Ерлікке.<br>Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді,<br>Риза болып балалар, қуанып келді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер.<br>- Бірінші стақанда не бар?<br>- Су.<br>- Екінші стақанда не бар?<br>- Сүт.<br>Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді?<br>- Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз.<br>- Неге? Су қандай?<br>- Сүт қандай түсті?<br>- Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі.<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш | **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.<br>Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету.<br>Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Суқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр суқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл суқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар?<br>- Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су? (Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.** | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет** | **"Мен және достарым" атты жаттығу.** | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.** | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

Тексерілді 19.06.23ж.

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым IV-апта (19.06-23.06.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Балжан Умирзаковна
Төле Бибігүл Нақыпқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 19.06.2023ж | *Сейсенбі* 20.06.2023ж | *Сәрсенбі* 21.06.2023ж | *Бейсенбі* 22.06.2023ж | *Жұма* 23.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды.<br>Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар.<br>Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар.<br>Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргеніммен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық**<br>**09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен карауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою | Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады?<br>балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады.<br>Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды.<br>Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.<br>Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі | найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді.<br>Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады.<br>Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру**.**<br>**Көркем сөз.**<br>Тереземнің алдына,<br>Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем,<br>Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, тәттілер жасай аламыз (қалыптардың көмегімен көрсетемін). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек.<br>Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын | итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.** | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: театр өнері арқылы | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдыңда біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және еркті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. | **Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу). **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларының суреттері. | қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды.<br>Қаз - қаздар - қаздарды.<br>Үйрек - үйректер - үйректерді.<br>Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды.<br>Аққу - аққулар - аққуларды.<br>Көкек - көкектер - көкектерді.<br>Ұя - ұялар - ұяларды.<br>Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.<br>Балапан - балапандар - балапандарды. | Төбелеспей, ойланды.<br>Айбарланса қаттырақ,<br>Қауырсыннан айрылмақ.<br>Қауырсыннан айрылса,<br>Қайтіп айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс.<br>Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым V-апта (26.06-30.06.2023ж)**

Тексерілді 26.06.2023ж

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Балжан Умирзаковна
Төле Бибігүл Нақыпқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 26.06.2023ж | *Сейсенбі* 27.06.2023ж | *Сәрсенбі* 28.06.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 29.06.2023ж | *Жұма* 30.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Кеңес: "Алғашқы мәдени дағдылар мен әдеттерін тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. | **Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату | **Саусақ жаттығуы. "Жаз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Нұр тұнып құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш сайдағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Балауса жағасы.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша. | | **"Бір-екі белгі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту.<br>Балалар қатарға тұрады. бір белгі бергенде (ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде — бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.** | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Көгалда ойнадық,<br>Асыр сап күн ұзақ.<br>Гүл тердік,ойнадық,<br>Жарқын жаз қызық-ақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | Мақсат-міндеттер: балаларды кішігірім топпен бірігіп ойнауды үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу<br>08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.**<br>Күн сәулесін шашады, бізді серуенге шақырады.<br>Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен бірге жүруге.<br>**Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.**<br>Күн алыста, биікте<br>Күнге қарай созылып, жүгіреміз біз бірге.<br>Тәрбиешінің артынан жүгіру 8 сек.<br>**Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».**<br>**1. «Алақанымызды жылытамыз»**<br>Күн сәулесін шашады,<br>Алақанымызды жылытады.<br>Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет.<br>**2. «Күн сәулесін іздейміз»**<br>Күн сәулесі көрінді-айнала жарыққа толды,<br>Күн сәулесі көрінді-айнала көңілді болды.<br>Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет<br>**3. «Күнге қуанамыз»**<br>Күнге бәрі қуанады. 5 рет<br>Б.қ. – Бір орында екі аяқпен секіру.<br>Міне ойын аяқталды!<br>Ал енді таңғы асқа барайық.<br>Тәрбиешінің артынан жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойын-әрекетке дайындық 09.40-10.00** | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземіздең күн қарап тұр! Қараңдаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; қоршаған объектілерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер-Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземіздең күн қарап тұр! Қараңдаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқыраған күн"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен бөдене" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі нелер туралы айтылғанын, мазмұнын түсіндіру; ертегінің қалай басталып, немен аяқталғанын аңғарту; байланыстыра сөйлеуге үйрету, тілдік қорларын молайту; бір-бірін сыйлауға, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесін сыйлайды"<br>Мақсат-міндеттер: Гуашьпен сурет салу дағдысын бекітуді жалғастыру; балаларды дәстүрден тыс "саусақпен салу" көркем техникасы арқылы түзу сызық салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды эмоция орнату; ұқыптылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күнге саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен 10.55-12.00** | **Үлескені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша ауласындағы ойын алаңымен таныстыру; серуенге ынталандыру.<br>Серуенге арналған ойын құрал-жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгіме.<br>Достықта өмір сүреміз,<br>Балабақшаға келеміз,<br>Әрқайсымыз әрине,<br>Өз үлескемізді білеміз!<br>**"Тығылмақ" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау.<br>**Өлең оқу:**<br>Шуақтары тарайды,<br>Терезремнен қарайды.<br>Еркелетер аймалап,<br>Сәуле шашар арайлап!<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлді баптау, топырағын қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру; қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | | **Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешімен бірге ауа-райы жағдайын анықтауды (күн жарқырап, тез тоқтайтын, жаңбыр жауып тұр. Аспанда үлпілдек, ақ бұлттар қалқып барады) үйрету .<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: “Күн мен жаңбыр”.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне соғылмай, жан-жаққа шашырап жүру мен жүгіруді, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету.<br>**Тақпақ-жаттамақ айту: “Жаңбыр”, ойын қимылдарын орындау.**<br>Мақсат-міндеттер: кішігірім шығарманы оқу, ойын қимылдарымен сүйемелдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қылқан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың ұқсастығы мен айырмашылығын көруді үйрету.<br>**“Бір, екі, үш – шыршаға қарай жүгір” дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ағаштарды ажырату, белгі бойынша әрекет етуге бейімдеу.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына еліктеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларға қарапайым еңбек дағдыларын меңгерту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын алаңындағы ойын құрылғыларымен таныстыру; еркін ойындар.**<br>Ойыншықтарды аламыз,<br>Құмсалғышқа барамыз,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.** | балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады!<br>Балалар сигнал бойынша бүкіл алаңда жүгіріп жүреді.<br>- Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!<br>Балалар сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, белгілі жерге жиналады.<br>- Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!<br>Ойын тағы бір рет өткізіледі. | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**12.00-12.20** | Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.20-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету.<br>Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасық, нанды алайық,<br>Тамақтанып алайық. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>13.00-15.10</td><td colspan="5">Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқытатпақ.<br>Жастыққа басынды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.10-15.30</td><td colspan="5">"Күннің оянуы".<br>"Күн осылай оянады" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (Баяу тұру, қолды әр сөзге алдыға, жоғары).<br>"Жоғары, жоғары, жоғары "— б. қ.: тігінен тұрып қол екі жаққа. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, б.қ. келу)<br>"Түнге қарай күн батады" — б. қ.: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру).<br>"Төмен, төмен, төмен" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды түсіреді. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту).<br>"Тамаша, тамаша" — б. қ.: тұрып. (Қол шапалақтау).<br>"Күн күлімдеді" — б.қ.: тұрып, қол белде. (Денені оңға-солға бұру).<br>"Ал күн астында біз тамаша өмір сүреміз" — б. қ.: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, ал кейін екінші жаққа).<br>(2 рет қайталау) жолдарымен жүру.<br>"Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер).<br>Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.<br>"Мөлдір су"<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас 15.30-16.00</td><td colspan="5">Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.30</td><td>“Тауып алда, ата” дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөздік нұсқау бойынша заттарды тауып атау біліктіліктерін дамыту; олардың түсін, пішінін, көлемін атауға бейімдеу.<br>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</td><td>“Күннің көзінде ме, әлде көлеңкеде жылы ма?” дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: ұстап сезу арқылы температуралық қалыпты анықтауды дамыту.<br>Мысалы: құм, асфальт, тастар.<br>(математика негіздері)<br><br>Дербес ойын әрекеті.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарын</td><td></td><td>Саусақ жаттығуы. "Жаз келді".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын жетілдіру; сөйлеуде артикуляцияны қалыптастыру. Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>Жаз айлары: маусым, шілде және тамыз!<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</td><td>"Күнге не ұқсайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың күн, оның пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту, есте сақтауларын, логикалық ойлауларын дамыту.<br>«Күннің суретін сал» дидактикалық жаттығу. Техникалық дағдыларын дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлісіп, тату ойнауға үйрету; бесік арбаны жүргізу және бір-біріне соғылмай доппен абайлап ойнау. **(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Жеке жаттығу: "Тамшы қалай сыңғырлайды".** Мақсат-міндеттер: балалардың ырғақты есту қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспапта ойнау. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. **(музыка)** | **"Жаз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалармен жаздың ерекшеліктерін бекіту; зат есімге сын есімге сөз таңдауға үйрету; тілдерін, есте сақтауларын дамыту. Құралдары: жаз туралы суреттер (пейзаж, сюжет). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **"Пішін мен түс" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер мен заттардың пішіні жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)** | **"Биік - аласа" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды өзіне қатысты дұрыс белгілеуге жаттықтыру, кеңістікті бағдарлауды дамыту. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққимді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Кеңес: "Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері. Жолдағы қауіпсіздік". Серуен өте маңызды! Ата-аналарға арналған жадынама. | "Абайла - күн!"- тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. Мақсаты: ата-аналарға белгіленген тақырыпқа кеңес беру. | | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балалардың жазғы демалысы мен шынығуы". | Балаларға арналған кеңес: "Балалардың жазғы шынығуы". Шынығу шаралары: - су шаралары; - ауа ванналары; - күн ванналары. |

МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы шілде айы І-апта (03.07-07.07.2023ж)

Тексерілді 03.07.2023ж

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Б.У.
Төле Б.Н

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 03.07.2023ж | *Сейсенбі* 04.07.2023ж | *Сәрсенбі* 05.07.2023ж | *Бейсенбі* 06.07.2023ж | *Жұма* 07.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аудару; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".** Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін бақылау.** Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аудару, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты пайдаланып суару керек. Мақсат-міндеттер: бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша | **"Ойыншық мысықпен ойындар".** Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім,<br>Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды,<br>Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Оянайық, тұрайық,<br>Жаттығу орындайық.<br>Терезені ашайық,<br>Таза ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды ағзаны,<br>Таза ауа пайдалы!<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-09.40** | **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.**<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, майлықты дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық 09.40-10.00** | **"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын | **"Не артық?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі топтамаға жатпайтын затты байқап, атауға бейімдеу; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық-заттар | **Мнемотехнике бойынша қала туралы тақпақ жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Тақпақты картотека мазмұнынан (қала, ауыл, өлке | **"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын | **Туған жер, ел, қала туралы мақал - мәтелдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: туған жеріне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу негіздерін салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | немесе заттардың суреттері (құмсалғыш, қалақша, құм салатын пішін, алма, су құйғыш) **(сөйлеуді дамыту)** | туралы) алу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қалыптастыруды жалғастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.<br>Туған жердің тасы да таныс. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу Біз дәмді тосап жегенді ұнатамыз**<br>"Аулада доппен ойнаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау.Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>""Құмсалғышта" атты сурет бойынша әңгіме құрастыру"<br>Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдерінің ауысуы, жаз және оның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту, қалыптастыру, кеңейту және нақтылау (шелек, қалып, қалақша, тиегіш, торт, үй, терезе, есік, бақбақ, күн; қызыл, сары, жасыл, көк, үлкен, кішкентай; көп, азырақ; құю, салу, жасау , тасымалдау; жылы); «Құмсалғышта» картинасы туралы тұтас қабылдауды қамтамасыз ету; "Қарым-қатынас дағдыларын, диалогтық сөйлеуді дамыту (сурет бойынша сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру); табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесіне саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: «Тар», «кең», «ұзын», «қысқа» ұғымдарын нығайту; кеңістіктегі ойлау мен бағдарлауды дамыту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Өзен үстіндегі әдемі көпір"<br>Мақсат-міндеттер: Кесек саз балшықты кішкентай бөліктерге бөліп алып, екі алақанның тура қозғалысымен жаюды дамыту; балалардың мүсіндеуге қызығушылығын арттыру; ойын негізінде, пластикалық материалдардан, саз балшықтан, көпірдің қарапайым жобасын жасау; саз балшықтың қасиеттерімен таныстыру (жұмсақ, икемді); балалардың бойында қайырымдылықты, ілтипаттылықты дамыту; мүсіндеу барысында саз балшықты ұқыпты пайдалануға үйрету. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Менің қалам"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің шырақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру.<br>Негізгі мазмұны: ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру.<br>Көркем сөз.<br>Тентек желді көріп ем,<br>Бізге қыдырып келген!<br>Терезеден гу етіп,<br>Есіктері сарт етті.<br>Қалпағыммен ойнады, | **Жаңбырды бақылау (ауа-райына байланысты). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру.<br>Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аудару. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай? Көркем сөз.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау,<br>Бақшамызға жау-жау!<br>Шөптер де шөл қандырсын,<br>Табиғат шаңнан арылсын!<br><br>Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер,<br>Кемпірқосақ ала кел!<br>Көлшіктерден аттайық, | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діні бар, бұтаның діні жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>Көркем сөз.<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. | **Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы.<br>Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аудару: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды.<br>Энциклопедиялық мәліметтер:<br>Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді:<br>Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап | **Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету.<br>Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жапырағын ұстасаң,<br>Асты суық,<br>Жылы үсті,<br>Дәрі жасар бұл гүлден,<br>Емдер күйік, тынысты.<br>(Түймедақ)<br>**"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** |

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Сылдыр аққан су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жалқау мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқыршы су"<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы тамшылар"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күн, ауа және су"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. | | түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту. | жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу. **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Гүлдерді суғару. | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) **"Көпіршік" қимыл-** | **Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту. Су күннің көзінде тұрып, жылынады. Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді. Су тап-таза, мөлдір болады. Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу.<br>**"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету. | аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап аспанда,<br>Дайындалып жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып қандырды,<br>Шөптердің шөлін.<br>Жайқалып, құлпырды,<br>Мен еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі | сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына сукүйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез | жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**"Көлшік" сумен ойналатын ойындар. (шығармашылық дағдылар)**<br>Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін | келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық.<br>(Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға!<br>(Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға!<br>(Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), сұқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті | | | | |

| | |
|---|---|
| | бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. |
| **Түскі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ-оятпағы.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды | **"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.** Шығарма сюжетімен таныстырып, | **Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.** Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, | **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, | **"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу. **Тақпақ-жаттамақ.** Суым-құрбым, Барлығының қолын жудың: Мадина мен Еңлікке, Қарлығаш пен Ерлікке. Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді, Риза болып балалар, қуанып келді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер. - Бірінші стақанда не бар? - Су. - Екінші стақанда не бар? - Сүт. Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? - Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз. - Неге? Су қандай? - Сүт қандай түсті? - Енді сиқыршы су бізге судың түсін | жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету. Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** <br><br> **"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру. Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады).<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Сұқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр сұқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл сұқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды.<br>(Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су?<br>(Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға | **"Мен және достарым" атты жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету. | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ.<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br><br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | үйретуді жалғастыру;<br>кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | **(сөйлеуді дамыту)** | ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

Тексерілді
24.07.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы шілде айы IV-апта (24.07 -28.07.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Балжан Умирзаковна
Төле Бибігүл Нақыпқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 24.07.2023ж | *Сейсенбі* 25.07.2023ж | *Сәрсенбі* 26.07. 2023ж | *Бейсенбі* 28.07.2023ж | *Жұма* 29.07.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар. Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар. Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргеніммен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық**<br>**09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**"Бедерлі жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріне құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою | Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады?<br>балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады.<br>Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды.<br>Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.<br>Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі | найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді.<br>Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады.<br>Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру**.**<br>**Көркем сөз.**<br>Тереземнің алдына,<br>Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем,<br>Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына еліктеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пенептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, тәттілер жасай аламыз (қалыптардың көмегімен көрсетемін). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын | итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.** | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: театр өнері арқылы | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдыңда біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. | **Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу). **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларының суреттері. | қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды.<br>Қаз - қаздар - қаздарды.<br>Үйрек - үйректер - үйректерді.<br>Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды.<br>Аққу - аққулар - аққуларды.<br>Көкек - көкектер - көкектерді.<br>Ұя - ұялар - ұяларды.<br>Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.<br>Балапан - балапандар - балапандарды. | Төбелеспей, ойланды.<br>Айбарланса қаттырақ,<br>Қауырсыннан айрылмақ.<br>Қауырсыннан айрылса,<br>Қайтіп айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс.<br>Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы І-апта (31.07-04.08.2023ж)

Тексерілді

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Б.У.
Төле Б.Н

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 31.07.2023ж | *Сейсенбі* 01.08.2023ж | *Сәрсенбі* 02.08.2023ж | *Бейсенбі* 03.08. 2023ж | *Жұма* 04.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аудару; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".** Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін бақылау.** Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аудару, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты пайдаланып суару керек. Мақсат-міндеттер: бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша | **"Ойыншық мысықпен ойындар".** Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жусаң таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жолға отырма, пысығым.<br>"Тәй-тәй" басқан бөпешім,<br>Жолдан өтем демесін.<br>Сенен аттай алмайды,<br>Құлап қалып жүрмесін!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Оянайық, тұрайық,<br>Жаттығу орындайық.<br>Терезені ашайық,<br>Таза ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды ағзаны,<br>Таза ауа пайдалы!<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақай, алақай,<br>Құймақ пісті балақай!<br>Терезеге қояйық,<br>Тезірек суытайық.<br>Торғайлар ұшып келді,<br>Құймақтан шоқып жеді.<br>Қатты қағып қанатты,<br>Бастарына қоныпты!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қалашық салу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Шарды қалқып ал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; | **"Жаңбыр" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сылдыр - сылдыр - сылдыр су,<br>Су шүмектен ағып тұр.<br>Жарқылдайды, жылтырап,<br>Жуынуға бұйырат!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-бірте жүйе бойынша киінуге үйрету. | **"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз.<br>Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне ораудыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады (өткен аптаның тақырыбын еске түсірейік) және оны ортақ құрылысқа біріктіру.<br>**(құрастыру)** | ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту.<br>Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен суқұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар, екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай пластикалық шарларды су құйылған ыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау.<br>**(дене шынықтыру)** | баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br>Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуға үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс-тырс" дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады.<br>Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыс тіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | берілген қарқынмен<br>дұрыс айтуын<br>қадағалайды. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Тобымызда күн сайын,<br>Жаттығу орындайық.<br>Тәртіп бойынша ғана,<br>Жаттығу орындалады:<br>Барлығымыз отырып,<br>Барлығымыз тұрамыз.<br>Оңға - солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу. | **"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру.<br>Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру.<br>Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай | **Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.**<br>Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Ағады, қайнайды,<br>Буланады, ойнайды.<br>Тіпті аспанға да ұшады,<br>Байқамасаң, төгіліп қалады.<br>Ұшып жүріп жалықса,<br>Жерге қайта жауады.<br>Әлемнің бар жерінде кездеседі,<br>Бұл не екенін кім біледі?<br>- Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар.<br>Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер. | **"Әдемі есімдер" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагог бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | судың қайдан келетінін түсіндірген жөн.<br>Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды.<br>Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; молдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық. | етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | | мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға болады. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Сылдыр аққан су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жалқау мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқыршы су"<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы тамшылар"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күн, ауа және су"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. | | түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту. | жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу. **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Гүлдерді суғару. | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) **"Көпіршік" қимыл-** | **Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту. Су күннің көзінде тұрып, жылынады. Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді. Су тап-таза, мөлдір болады. Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу.<br>**"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету. | аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап аспанда,<br>Дайындалып жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып қандырды,<br>Шөптердің шөлін.<br>Жайқалып, құлпырды,<br>Мен еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі | сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту.<br>Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына сукұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез | жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**"Көлшік" сумен ойналатын ойындар. (шығармашылық дағдылар)**<br>Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін | келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды, Шығыңдар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), сухұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">"Қоян" тақпақ-оятпағы.<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>Шынықтыру шаралары.<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</td><td>"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды</td><td>"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.<br>Шығарма сюжетімен таныстырып,</td><td>Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде,</td><td>"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру,</td><td>"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу.<br>**Тақпақ-жаттамақ.**<br>Суым-құрбым,<br>Барлығының қолын жудың:<br>Мадина мен Еңлікке,<br>Қарлығаш пен Ерлікке.<br>Қолдарымыз әдемі,<br>тап - таза енді,<br>Риза болып балалар,<br>қуанып келді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер.<br>- Бірінші стақанда не бар?<br>- Су.<br>- Екінші стақанда не бар?<br>- Сүт.<br>Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді?<br>- Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз.<br>- Неге? Су қандай?<br>- Сүт қандай түсті?<br>- Енді сиқыршы су бізге судың түсін | жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету.<br>Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады).<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Суқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр суқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл суқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су? (Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға | **"Мен және достарым" атты жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету. | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ.<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br><br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | үйретуді жалғастыру;<br>кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | **(сөйлеуді дамыту)** | ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының цнклограммасы тамыз айы 4-апта (21.08 -25.08.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Б.У.
Төле Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 21.08.2023ж | *Сейсенбі* 22.08.2023ж | *Сәрсенбі* 23.08.2023ж | *Бейсенбі* 24.08.2023ж | *Жұма* 25.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды.<br>Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар.<br>Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар.<br>Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүредеді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық<br>09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен карауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға  ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аудару: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**"Бедерлі жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріне құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою | Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады?<br>балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады.<br>Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды.<br>Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.<br>Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі | найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді.<br>Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады.<br>Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Тереземнің алдына,<br>Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем,<br>Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, тәттілер жасай аламыз (қалыптардың көмегімен көрсетемін). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын | итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.** | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: театр өнері арқылы | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдында біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және еркті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. | **Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу). **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларының суреттері. | қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды.<br>Қаз - қаздар - қаздарды.<br>Үйрек - үйректер - үйректерді.<br>Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды.<br>Аққу - аққулар - аққуларды.<br>Көкек - көкектер - көкектерді.<br>Ұя - ұялар - ұяларды.<br>Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.<br>Балапан - балапандар - балапандарды. | Төбелеспей, ойланды.<br>Айбарланса қаттырақ,<br>Қауырсыннан айрылмақ.<br>Қауырсыннан айрылса,<br>Қайтіп айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс.<br>Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Ботақан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы 5-апта (28.08 -01. 09. 2023 ж)**

**Тәрбиешілер:** Жайдарбекова Б.У
Төле Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 28.08.2023ж | *Сейсенбі* 29.08.2023ж | *Сәрсенбі* 30.08.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 31.08.2023ж | *Жұма* 01.09.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Кеңес: "Алғашқы мәдени дағдылар мен әдеттерін тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. | |
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы. "Жаз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Нұр тұнып құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш сайдағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Балауса жағасы.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Көгалда ойнадық,<br>Асыр сап күн ұзақ.<br>Гүл тердік,ойнадық,<br>Жарқын жаз қызық-ақ. | | **"Бір-екі белгі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту.<br>Балалар қатарға тұрады. бір белгі бергенде (ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде — бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кішігірім топпен бірігіп ойнауды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.**<br>Күн сәулесін шашады, бізді серуенге шақырады.<br>Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен бірге жүруге.<br>**Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.**<br>Күн алыста, биікте<br>Күнге қарай созылып, жүгіреміз біз бірге.<br>Тәрбиешінің артынан жүгіру 8 сек.<br>**Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».**<br>**1. «Алақанымызды жылытамыз»**<br>Күн сәулесін шашады,<br>Алақанымызды жылытады.<br>Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет.<br>**2. «Күн сәулесін іздейміз»**<br>Күн сәулесі көрінді-айнала жарыққа толды,<br>Күн сәулесі көрінді-айнала көңілді болды.<br>Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет<br>**3. «Күнге қуанамыз»**<br>Күнге бәрі қуанады. 5 рет<br>Б.қ. – Бір орында екі аяқпен секіру.<br>Міне ойын аяқталды!<br>Ал енді таңғы асқа барайық.<br>Тәрбиешінің артынан жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық**<br>**09.40-10.00** | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған | | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; қоршаған объектілерге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземіздена күн қарап тұр!<br>Қараңдаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! | объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | | деген қызығушылықты арттыру.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер-Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқыраған күн"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен бөдене" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі нелер туралы айтылғанын, мазмұнын түсіндіру; ертегінің қалай басталып, немен аяқталғанын аңғарту; байланыстыра сөйлеуге үйрету, тілдік қорларын молайту; бір-бірін сыйлауға, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесін сыйлайды"<br>Мақсат-міндеттер: Гуашьпен сурет салу дағдысын бекітуді жалғастыру; балаларды дәстүрден тыс "саусақпен салу" көркем техникасы арқылы түзу сызық салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды эмоция орнату; ұқыптылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Үлескені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша ауласындағы ойын алаңымен таныстыру; серуенге ынталандыру.<br>Серуенге арналған ойын құрал-жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгіме.<br>Достықта өмір сүреміз, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту. | | **Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешімен бірге ауа-райы жағдайын анықтауды (күн жарқырап, тез тоқтайтын, жаңбыр жауып тұр. Аспанда үлпілдек, ақ бұлттар қалқып барады) үйрету .<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Күн** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға келеміз,<br>Әрқайсымыз әрине,<br>Өз үлескемізді білеміз!<br>**"Тығылмақ" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын алаңындағы ойын құрылғыларымен таныстыру; еркін ойындар.** Ойыншықтарды аламыз,<br>Құмсалғышқа барамыз,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.** | Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау.<br>**Өлең оқу:**<br>Шуақтары тарайды,<br>Терезомнен қарайды.<br>Еркелетер аймалап,<br>Сәуле шашар арайлап!<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлді баптау, топырағын қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру; қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Аспан ашық, күн шығып тұр!<br>Серуенге шығуға болады!<br>Балалар сигнал бойынша бүкіл алаңда жүгіріп жүреді.<br>- Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!<br>Балалар сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, белгілі жерге жиналады.<br>- Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!<br>Ойын тағы бір рет өткізіледі. | | **мен жаңбыр".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне соғылмай, жан-жаққа шашырап жүру мен жүгіруді, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету.<br>**Тақпақ-жаттамақ айту: "Жаңбыр", ойын қимылдарын орындау.**<br>Мақсат-міндеттер: кішігірім шығарманы оқу, ойын қимылдарымен сүйемелдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды аламын, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А. |
| **Түскі ас**<br>**12.20-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету.<br>Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасық, нанды алайық,<br>Тамақтанып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.00-15.10** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйқытатпақ.**<br>Жастыққа басынды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.10-15.30** | **"Күннің оянуы".**<br>"Күн осылай оянады" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (Баяу тұру, қолды әр сөзге алдыға, жоғары).<br>"Жоғары, жоғары, жоғары "— б. қ.: тігінен тұрып қол екі жаққа. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, б.қ. келу)<br>"Түнге қарай күн батады" — б. қ.: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру).<br>"Төмен, төмен, төмен" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды түсіреді. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту).<br>"Тамаша, тамаша" — б. қ.: тұрып. (Қол шапалақтау).<br>"Күн күлімдеді" — б.қ.: тұрып, қол белде. (Денені оңға-солға бұру).<br>"Ал күн астында біз тамаша өмір сүреміз" — б. қ.: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, ал кейін екінші жаққа).<br>(2 рет қайталау) жолдарымен жүру.<br>"Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер).<br>Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.<br>**"Мөлдір су"**<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **“Тауып алда, ата” дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөздік нұсқау бойынша заттарды тауып атау біліктіліктерін дамыту; олардың түсін, пішінін, көлемін атауға бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **“Күннің көзінде ме, әлде көлеңкеде жылы ма?” дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұстап сезу арқылы температуралық қалыпты анықтауды дамыту. Мысалы: құм, асфальт, тастар. **(математика негіздері)**<br><br>**Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарын бөлісіп, тату ойнауға үйрету; бесік арбаны жүргізу және бір-біріне соғылмай доппен абайлап ойнау. **(дене шынықтыру)** | | **Саусақ жаттығуы. "Жаз келді".** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын жетілдіру; сөйлеуде артикуляцияны қалыптастыру. Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>Жаз айлары: маусым, шілде және тамыз! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Жеке жаттығу: "Тамшы қалай сыңғырлайды".** Мақсат-міндеттер: балалардың ырғақты есту қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспапта ойнау. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. **(музыка)** | **"Жаз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалармен жаздың ерекшеліктерін бекіту; зат есімге сын есімге сөз таңдауға үйрету; тілдерін, есте сақтауларын дамыту. Құралдары: жаз туралы суреттер (пейзаж, сюжет). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **"Пішін мен түс" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер мен заттардың пішіні жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)** | |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Кеңес: "Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері. Жолдағы қауіпсіздік". Серуен өте маңызды! Ата-аналарға арналған жадынама. | "Абайла - күн!"- тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. Мақсаты: ата-аналарға белгіленген тақырыпқа кеңес беру. | | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балалардың жазғы демалысы мен шынығуы". | |

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы "Күншуақ"кіші тобынын 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының пераспективалық жоспары.

2022-2023 оқу жылы

**Бектемін:**
**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының**
**меңгерушісі Г.Б. Нарбек.**

**МКҚК «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары маусым айы.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды пысықтау.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаламау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты карауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта доптарды орналастыру. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білуді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдатуды пысықтау. |

Балабақша әдіскері: Ажибаева Нұрбала Батырхановна.

**Бектемін:**
**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының**
**меңгерушісі Г.Б. Нарбек.**

**МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары шілде айы.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды пысықтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етуді пысықтау.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулуды пысықтау.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды пысықтау.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді пысықтау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулуды пысықтау.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру,<br>олармен ойнау және эксперимент жасауды пысықтау. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды пысықтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулуды пысықтау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтауды пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді пысықтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналауды пысықтау. |

Балабақша әдіскері: Ажибаева Нұрбала Батырхановна.

Бектемін:
«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары тамыз айы.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.**<br>Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамытуды пысықтау. |
| | Сенсорика | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беруді пысықтау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;<br>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).<br>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.<br>**Заттық әлем.**<br>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.<br>**Көлік.**<br>Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) пысықтау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**<br>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.<br>**Табиғат әлемі.**<br>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерін қайталау. |
| | Құрастыру | - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |
| | Сурет салу | - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| | Мүсіндеу | - материалга ұқыпты карауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болган бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға пысықтау. |
| | Жапсыру | - желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;<br>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;<br>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.<br>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарын тануды пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |

Балабақша әдіскері: Ажибаева Нұрбала Батырхановна.

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

Тексерілді 01.06.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым І-апта (29.05-02.06.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы
Бегімбетова балжан Нуриддиновна.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 29.05.2023ж | *Сейсенбі* 30.05.2023ж | *Сәрсенбі* 31.05.2023ж | *Бейсенбі* 01.06.2023ж | *Жұма* 02.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | | | | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп)** Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап кетсе, суқұйғышпен өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. | **"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **(құрастыру, сенсорика)**<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Түрлі-түсті кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшалары мен нүктелерді ""түрту"" тәсілі арқылы салуды, түрлі түстерді пайдаланып, оларды контур бойымен доға тәрізді орналастыруды үйрету, ; түстер гаммасы жайлы қарапайым ақпарат беру, негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; түстерді сезіну сезімдерін дамыту; жұмысқа деген тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу<br>08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.**<br>Оянайық, тұрайық,<br>Жаттығу орындайық.<br>Терезені ашайық,<br>Таза ауа жұтайық.<br>Ауыртпайды ағзаны,<br>Таза ауа пайдалы!<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде балалардың орындықтарда отыруын қадағалау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық<br>09.40-10.00** | | | | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: қауіпсіздік, | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ережелеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу.<br>Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін.<br>Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет!<br>Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды.<br>Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір!<br>Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар!<br>Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайтынын айту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу.<br>Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін.<br>Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет!<br>Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды.<br>Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір!<br>Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қаупі бар!<br>Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады!<br>Орындықта тербетіліп отыруға болмайды!<br>Тепе-теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар!<br>Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала.<br>Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті!<br>Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет!<br>Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын бауларсыз болуы керек!<br>Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. | сукұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру.<br>Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір баған да, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығындар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуеннен оралу**<br>**12.00-12.20** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі  ұйқы**<br>**13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.10-15.30** | "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.**<br>Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу.<br>**Тақпақ-жаттамақ.**<br>Суым-құрбым,<br>Барлығының қолын жудың:<br>Мадина мен Еңлікке,<br>Қарлығаш пен Ерлікке.<br>Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді,<br>Риза болып балалар, қуанып келді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер.<br>- Бірінші стақанда не бар?<br>- Су.<br>- Екінші стақанда не бар?<br>- Сүт.<br>Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді?<br>- Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз.<br>- Неге? Су қандай?<br>- Сүт қандай түсті?<br>- Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі.<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш | **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.<br>Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету.<br>Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Сұқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр сұқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл сұқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар?<br>- Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су? (Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.** | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет** | **"Мен және достарым" атты жаттығу.** | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.** | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға карындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым IV-апта (19.06-23.06.2023ж)**

Тексерілді 19.06.2023ж

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы.
Бегімбетова Балжан Нуриддиновна.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 19.06.2023ж | *Сейсенбі* 20.06.2023ж | *Сәрсенбі* 21.06.2023ж | *Бейсенбі* 22.06.2023ж | *Жұма* 23.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы.  кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар.<br>Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар.<br>Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық<br>09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен карауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аудару: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою | Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады?<br>балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады.<br>Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды.<br>Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.<br>Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі | найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз.**<br>Терезеннің алдына,<br>Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем,<br>Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, тәттілер жасай аламыз (қалыптардың көмегімен көрсетемін). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын | итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.** | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: театр өнері арқылы | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға. Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдыңда біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту. Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. | **Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу). **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы**. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларының суреттері. | қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды.<br>Қаз - қаздар - қаздарды.<br>Үйрек - үйректер - үйректерді.<br>Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды.<br>Аққу - аққулар - аққуларды.<br>Көкек - көкектер - көкектерді.<br>Ұя - ұялар - ұяларды.<br>Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.<br>Балапан - балапандар - балапандарды. | Төбелеспей, ойланды.<br>Айбарланса қаттырақ,<br>Қауырсыннан айрылмақ.<br>Қауырсыннан айрылса,<br>Қайтіп айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс.<br>Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым V-апта (26.06-30.06.2023ж)**

Текцерілді 26.06.2023ж

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы
Бегімбетова Балжан Нуриддиновна.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 26.06.2023ж | *Сейсенбі* 27.06.2023ж | *Сәрсенбі* 28.06.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 29.06.2023ж | *Жұма* 30.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Кеңес: "Алғашқы мәдени дағдылар мен әдеттерін тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. | **Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру:** ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау.<br>Мақсаты: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату | **Саусақ жаттығуы. "Жаз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Нұр тұнып құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш сайдағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Балауса жағасы.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша. | | **"Бір-екі белгі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту.<br>Балалар қатарға тұрады. бір белгі бергенде (ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде — бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.** | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Көгалда ойнадық,<br>Асыр сап күн ұзақ.<br>Гүл тердік,ойнадық,<br>Жарқын жаз қызық-ақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | Мақсат-міндеттер: балаларды кішігірім топпен бірігіп ойнауды үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.**<br>Күн сәулесін шашады, бізді серуенге шақырады.<br>Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен бірге жүруге.<br>**Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.**<br>Күн алыста, биікте<br>Күнге қарай созылып, жүгіреміз біз бірге.<br>Тәрбиешінің артынан жүгіру 8 сек.<br>**Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».**<br>**1. «Алақанымызды жылытамыз»**<br>Күн сәулесін шашады,<br>Алақанымызды жылытады.<br>Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет.<br>**2. «Күн сәулесін іздейміз»**<br>Күн сәулесі көрінді-айнала жарыққа толды,<br>Күн сәулесі көрінді-айнала көңілді болды.<br>Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет<br>**3. «Күнге қуанамыз»**<br>Күнге бәрі қуанады. 5 рет<br>Б.қ. – Бір орында екі аяқпен секіру.<br>Міне ойын аяқталды!<br>Ал енді таңғы асқа барайық.<br>Тәрбиешінің артынан жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойын-әрекетке дайындық 09.40-10.00** | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземізден күн қарап тұр! Қарандаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; қоршаған объектілерге деген қызығушылықты арттыру.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер-Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземізден күн қарап тұр! Қарандаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқыраған күн"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен бөдене" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі нелер туралы айтылғанын, мазмұнын түсіндіру; ертегінің қалай басталып, немен аяқталғанын аңғарту; байланыстыра сөйлеуге үйрету, тілдік қорларын молайту; бір-бірін сыйлауға, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесін сыйлайды"<br>Мақсат-міндеттер: Гуашьпен сурет салу дағдысын бекітуді жалғастыру; балаларды дәстүрден тыс "саусақпен салу" көркем техникасы арқылы түзу сызық салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды эмоция орнату; ұқыптылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күнге саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен**<br>**10.55-12.00** | **Үлескені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша ауласындағы ойын алаңымен таныстыру; серуенге ынталандыру.<br>Серуенге арналған ойын құрал-жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгіме.<br>Достықта өмір сүреміз,<br>Балабақшаға келеміз,<br>Әрқайсымыз әрине,<br>Өз үлескемізді білеміз!<br>**"Тығылмақ" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау.<br>**Өлең оқу:**<br>Шуақтары тарайды,<br>Терезеңнен қарайды.<br>Еркелетер аймалап,<br>Сәуле шашар арайлап!<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлді баптау, топырағын қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру; қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | | **Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешімен бірге ауа-райы жағдайын анықтауды (күн жарқырап, тез тоқтайтын, жаңбыр жауып тұр. Аспанда үлпілдек, ақ бұлттар қалқып барады) үйрету .<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Күн мен жаңбыр".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне соғылмай, жан-жаққа шашырап жүру мен жүгіруді, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету.<br>**Тақпақ-жаттамақ айту: "Жаңбыр", ойын қимылдарын орындау.**<br>Мақсат-міндеттер: кішігірім шығарманы оқу, ойын қимылдарымен сүйемелдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қылқан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың ұқсастығы мен айырмашылығын көруді үйрету.<br>**"Бір, екі, үш – шыршаға қарай жүгір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ағаштарды ажырату, белгі бойынша әрекет етуге бейімдеу.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына еліктеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.<br>**Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларға қарапайым еңбек дағдыларын меңгерту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын алаңындағы ойын құрылғыларымен таныстыру; еркін ойындар.**<br>Ойыншықтарды аламыз,<br>Құмсалғышқа барамыз,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.** | балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады!<br>Балалар сигнал бойынша бүкіл алаңда жүгіріп жүреді.<br>- Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!<br>Балалар сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, белгілі жерге жиналады.<br>- Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!<br>Ойын тағы бір рет өткізіледі. | | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету.<br>Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасық, нанды алайық,<br>Тамақтанып алайық. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>13.00-15.10</td><td colspan="5">Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқытатпақ.<br>Жастыққа басынды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой.</td></tr>
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.00-15.10** | Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу.<br>**"Әлди - әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.10-15.30** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**<br>**"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар** Мақсат-міндеттер: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: ұрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар, сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын.**<br>Орыс халық ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға ертегі оқу.<br>Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру.<br>Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Мәреге жақында" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту.<br>Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды. Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қояды. Тоқтамай, қосымша қадам жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады. Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды.<br>Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру.<br>Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Тақпақ.**<br>Балабақшаға келеміз,<br>Түрлі ойыншықтар көреміз.<br>Паровоз, кеме, қуыршақ,<br>Балаларды күтіп тұрады.<br>"Радио" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Сен баратын топтың аты қалай?<br>- Көмекші мен тәрбиешілердің ата-жөні қалай? | **"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту.<br>Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар.<br>**(сенсорика)** | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Көркем сөз.<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр | **"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру)** | - Таңертең біз топта не істейміз? Кешкілікте? Түскі ас кезінде?<br>- Біздің топтағы қыздардың есімдері кім?<br>- Ұлдардың ше?<br>- Сенің атың кім? Сенің анаң сені қалай атайды? Әжең ше?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы". | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі. |

МКҚК-ны «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы шілде айы III-апта (17.07-21.07.2023ж)

Тексерілді 17.07.23ғ

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы.
Бегімбетова Балжан Нуриддиновна.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 17.07.2023ж | *Сейсенбі* 18.07.2023ж | *Сәрсенбі* 19.07.2023ж | *Бейсенбі* 20.06.2023ж | *Жұма* 21.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудarту. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар: "Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі және жатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, оны сумен шаюға. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып салғызу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнан сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | | | |
| | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақай, алақай,<br>Құймақ пісті балақай!<br>Терезеге қояйық,<br>Тезірек суытайық.<br>Торғайлар ұшып келді,<br>Құймақтан шоқып жеді.<br>Қатты қағып қанатты,<br>Бастарына қоныпты!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қалашық салу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Шарды қалқып ал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; | **"Жаңбыр" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады.<br>("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сылдыр - сылдыр - сылдыр су,<br>Су шүмектен ағып тұр.<br>Жарқылдайды, жылтырап,<br>Жуынуға бұйырат!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-бірте жүйе бойынша киінуге үйрету. | **"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз.<br>Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне орауыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады (өткен аптаның тақырыбын еске түсірейік) және оны ортақ құрылысқа біріктіру.<br>**(құрастыру)** | ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту.<br>Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен суқұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар, екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай пластикалық шарларды су құйылған ыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау.<br>**(дене шынықтыру)** | баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br>Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуға үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс-тырс" дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады.<br>Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыс тіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | берілген қарқынмен дұрыс айтуын қадағалайды. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Тобымызда күн сайын,<br>Жаттығу орындайық.<br>Тәртіп бойынша ғана,<br>Жаттығу орындалады:<br>Барлығымыз отырып,<br>Барлығымыз тұрамыз.<br>Оңға - солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу. | **"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру.<br>Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру.<br>Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай | **Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.**<br>Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Ағады, қайнайды,<br>Буланады, ойнайды.<br>Тіпті аспанға да ұшады,<br>Байқамасаң, төгіліп қалады.<br>Ұшып жүріп жалықса,<br>Жерге қайта жауады.<br>Әлемнің бар жерінде кездеседі,<br>Бұл не екенін кім біледі?<br>- Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар.<br>Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер. | **"Әдемі есімдер" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагог бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | судың қайдан келетінін түсіндірген жөн.<br>Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды.<br>Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; молдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық. | етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | | мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға болады. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Сылдыр аққан су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жалқау мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқыршы су"<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы тамшылар"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күн, ауа және су"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. | | түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту. | жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу.<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.**<br>Гүлдерді суғару. | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру.<br>Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту.<br>Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны.<br>Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл)<br>**"Көпіршік" қимыл-** | **Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Су күннің көзінде тұрып, жылынады.<br>Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді.<br>Су тап-таза, мөлдір болады.<br>Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу.<br>**"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету. | аудару. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап аспанда,<br>Дайындалып жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып қандырды,<br>Шөптердің шөлін.<br>Жайқалып, құлпырды,<br>Мен еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі | сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діні бар, бұтаның діні жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына сукұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез | жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**"Көлшік" сумен ойналатын ойындар. (шығармашылық дағдылар)**<br>Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін | келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық.<br>(Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға!<br>(Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға!<br>(Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), сұқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. | | | | |
| **Түскі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ-оятпағы.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды | **"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.**<br>Шығарма сюжетімен таныстырып, | **Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, | **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, | **"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу. **Тақпақ-жаттамақ.** Суым-құрбым, Барлығының қолын жудың: Мадина мен Еңлікке, Қарлығаш пен Ерлікке. Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді, Риза болып балалар, қуанып келді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер. - Бірінші стақанда не бар? - Су. - Екінші стақанда не бар? - Сүт. Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? - Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз. - Неге? Су қандай? - Сүт қандай түсті? - Енді сиқыршы су бізге судың түсін | жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету. Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру. Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады).<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Суқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр суқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл суқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды.<br>(Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су?<br>(Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға | **"Мен және достарым" атты жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету. | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ.<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br><br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | үйретуді жалғастыру;<br>кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | **(сөйлеуді дамыту)** | ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы шілде айы IV-апта (24.07 -28.07.2023ж)**

Тексерілді 24.07.2023ж

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Н.Е.
Бегімбетова Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 24.07.2023ж | *Сейсенбі* 25.07.2023ж | *Сәрсенбі* 26.07. 2023ж | *Бейсенбі* 28.07.2023ж | *Жұма* 29.07.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар.<br>Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар.<br>Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргеніммен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық<br>09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен карауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **10.55-12.00** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру.<br>Негізгі мазмұны: ағаштардың қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру.<br>Көркем сөз.<br>Тентек желді көріп ем,<br>Бізге қыдырып келген!<br>Терезеден гу етіп,<br>Есіктері сарт етті.<br>Қалпағыммен ойнады,<br>Ойынға бір тоймады.<br>Шаршап қалды кенеттен,<br>Байқамай ұйықтап қалды.<br>**"Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; | **райына байланысты). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру.<br>Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аудару. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай? Көркем сөз.<br>Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау,<br>Бақшамызға жау-жау!<br>Шөптер де шөл қандырсын,<br>Табиғат шаңнан арылсын!<br><br>Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер,<br>Кемпірқосақ ала кел!<br>Көлшіктерден аттайық,<br>Асыр салып ойнайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету.<br>Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>Көркем сөз.<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде | **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы.<br>Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аудару: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды.<br>Энциклопедиялық мәліметтер:<br>Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді:<br>Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап келетін сұрғылт түсті бұлттар. Олар тұтаса келе түнеріп, будақ бұлтқа айналып, жазда, нөсер жаңбыр, қыста, жапалақтап қар болып келеді.<br>Қабат бұлт – тұманға ұқсас, сұрғылт қабатты бұлттар. Қабат бұлттар аспанды түгел торласа, ұзаққа созылатын ақ жауын жауады.<br>Шарбы бұлт – жауын- | **бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету.<br>Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жапырағын ұстасаң,<br>Асты суық,<br>Жылы үсті,<br>Дәрі жасар бұл гүлден,<br>Емдер күйік, тынысты.<br>(Түймедақ)<br>**"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**"Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-мінлдеттер: балаларда нысанаға дәлдеп атай білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар.<br>Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. **"Нүктелер" түрлі түсті борлармен ойын. (**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту Асфальтқа бормен көптеген нүктелер қойып, ал бала оларды тұтас сызықтармен байланыстырады.<br>Барлық нүктелер байланыстырылғаннан кейін, қандай да бір пішін пайда болады, оның неге ұқсайтынын бірге ойланып, қиялдап табу керек. | жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар,зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. **Кинетикалық құммен танысу.**<br>Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.<br>Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан | шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар.<br>Бұлттарға қарап та күн райын болжауға болатындықтан, бұлттардың бұрынғы өткен бабалардан қалған атауларымен таныс болғанның еш артықшылығы болмас.Олай болса:<br>Ақша бұлт – ашық аспанда қалқып жүретін ақ бұлттар.<br>Ала бұлт – ақ, қара, қошқыл түсті бұлттардың шоғырынан құралған бұлттар. Шумақ-шумақ, лек-легімен шұбырған бұлттар – будақ бұлт.<br>Көркем сөз.<br>- Балалар, мен бүгін сендерге Ескен Елубаев аталарыңның "Ұшақтан жылдам бұлттар" өлеңін оқып бергім келіп тұр.<br>"Ұшақтан жылдам бұлттар".<br>Таңертең күн ашық,<br>Тұр енді нұр шашып.<br>Аспанда бұлт жоқ:<br>"Ендеше күдік жоқ.<br>Ойладым дәл бүгін<br>Жаумайды жаңбырың"<br>Шықтым мен үйімнен.<br>Жейдешең киіммен.<br>Әурелер жолда құр,<br>Алғам жоқ қол шатыр,<br>Кенеттен аспанда<br>Бұлт торлай бастады.<br>Ұшақтан жылдам ба?!<br>Жетсе ол тез бұл маңға. | әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар. **Еңбек тапсырмасы:** серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.<br>**Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы". (шығармашылық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: түйсік-сезімді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз!<br>Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылаңыз. Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты. Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады. | Шаңдатып көшені,<br>Басталды нөсері.<br>Өстіп бұлт жаңбырлы<br>Міне таң қалдырды!<br><br>Жоқ мотор,<br>Қанаты,<br>Бұл бұлттар қалайша<br>Тез жете қалады?..<br><br>Өлең бойынша балалармен әңгімелесу, балаларға таныс емес сөздермен сөздік жұмысын жүргізу.<br>**«Масаны ұстап ал» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалыстарын визуалды белгімен үйлестіру қабілетін дамыту, балаларды секіруге жаттықтыру (бір орнында секіру).<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару.<br>Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. | |
| **Серуеннен оралу**<br>**12.00-12.20** | Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.20-13.00** | **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.**<br>**Көркем сөз.**<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, майлықты дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу.<br>**"Әлди - әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Тоқтат! Тоқтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**<br>**"Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар** Мақсат-міндеттер: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: ұрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар, сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын.**<br>Орыс халық ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға ертегі оқу.<br>Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру.<br>Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Мәреге жақында" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту.<br>Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды. Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қояды. Тоқтамай, қосымша қадам жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады. Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды. Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру.<br>Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Тақпақ.**<br>Балабақшаға келеміз,<br>Түрлі ойыншықтар көреміз.<br>Паровоз, кеме, қуыршақ,<br>Балаларды күтіп тұрады.<br>"Радио" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Сен баратын топтың аты қалай?<br>- Көмекші мен тәрбиешілердің ата-жөні қалай? | **"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту.<br>Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар.<br>**(сенсорика)** | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Көркем сөз.<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр | **"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру)** | - Таңертең біз топта не істейміз? Кешкілікте? Түскі ас кезінде?<br>- Біздің топтағы қыздардың есімдері кім?<br>- Ұлдардың ше?<br>- Сенің атың кім? Сенің анаң сені қалай атайды? Әжең ше?<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу. | Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы". | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі. |

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы III-апта (14.08-18.08.2023ж)**

Тексерілді 14.08.2023ж

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Н.Е.
Бегімбетова Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 14.08.2023ж | *Сейсенбі* 15.08.2023ж | *Сәрсенбі* 16.08.2023ж | *Бейсенбі* 17.08.2023ж | *Жұма* 18.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар: "Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі және жатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, оны сумен шаюға. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып салғызу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнан сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | | | |
| | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Алақай, алақай,<br>Құймақ пісті балақай!<br>Терезеге қояйық,<br>Тезірек суытайық.<br>Торғайлар ұшып келді,<br>Құймақтан шоқып жеді.<br>Қатты қағып қанатты,<br>Бастарына қоныпты!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қалашық салу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол | **"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру.<br>Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Шарды қалқып ал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; | **"Жаңбыр" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды | **Тақпақ жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сылдыр - сылдыр - сылдыр су,<br>Су шүмектен ағып тұр.<br>Жарқылдайды, жылтырап,<br>Жуынуға бұйырат!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-бірте жүйе бойынша киінуге үйрету. | **"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз.<br>Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне орауыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады (өткен аптаның тақырыбын еске түсірейік) және оны ортақ құрылысқа біріктіру.<br>**(құрастыру)** | ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту.<br>Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен суқұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар, екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай пластикалық шарларды су құйылған ыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау.<br>**(дене шынықтыру)** | баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br>Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуға үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс-тырс" дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады.<br>Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыс тіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | берілген қарқынмен<br>дұрыс айтуын<br>қадағалайды. | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.**<br>Тобымызда күн сайын,<br>Жаттығу орындайық.<br>Тәртіп бойынша ғана,<br>Жаттығу орындалады:<br>Барлығымыз отырып,<br>Барлығымыз тұрамыз.<br>Оңға - солға бас бұрып,<br>Керіліп, айналамыз.<br>Бір - біріңе жымиып,<br>Күлімсіреп қараңдар!<br>Ешқашан қабақ түйіп,<br>Достарға қарамаңдар!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.<br>Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.<br>Көркем сөз.<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуам мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап - таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тусипжанова-Шагирова А.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Мен демалыс күндерімді қалай өткіздім".**<br>Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру (демалыс күндері, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге бейімдеу. | **"Айналамыздағы су" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру.<br>Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру.<br>Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай | **Апта тақырыбы бойынша жұмбақ шешу.**<br>Мақсаты: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Ағады, қайнайды,<br>Буланады, ойнайды.<br>Тіпті аспанға да ұшады,<br>Байқамасаң, төгіліп қалады.<br>Ұшып жүріп жалықса,<br>Жерге қайта жауады.<br>Әлемнің бар жерінде кездеседі,<br>Бұл не екенін кім біледі?<br>- Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыңдар.<br>Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер. | **"Әдемі есімдер" ойыны.**<br>Мақсаты: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагог бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | судың қайдан келетінін түсіндірген жөн.<br>Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды.<br>Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; молдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық. | етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | | мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға болады. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Сылдыр аққан су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жалқау мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқыршы су"<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы тамшылар"<br>Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парақ бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Күн, ауа және су"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. | | түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту. | жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа,өзара көмекке тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: гүлзардағы гүлдерді қарастыру барысында өсімдіктерге деген қамқорлық , жанашырлық сезімдеріне баулу. **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: гүлдердің түсін ажырата білуге үйрету, шашырап жүгіру дағдыларын бекіту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Гүлдерді суғару. | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін | **Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) **"Көпіршік" қимыл-** | **Судың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту. Су күннің көзінде тұрып, жылынады. Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді. Су тап-таза, мөлдір болады. Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. **"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: гүлдерге ересектермен бірге күтім жасауға деген ниетке баулу.<br>Түзу жол бойымен (ені 20 см, ұзындығы 2-3 м) жүруге жаттықтыру.<br>**Құм-су ойындары** - құрғақ және дымқыл құмның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай туғызу.<br>**"Қуыршақ Данаға түскі ас әзірлейміз" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірге ойнауға үйрету. | аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алғашқы найзағай ойнап аспанда,<br>Дайындалып жаңбырға,<br>Жиналды бұлттар да.<br>Жаңбыр жауып қандырды,<br>Шөптердің шөлін.<br>Жайқалып, құлпырды,<br>Мен еккен гүлім!<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі | сұрау.Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік.<br>**Көркем сөз.**<br>Ағаштарға қамқорлық жасайық,<br>Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.<br>Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік.<br>Туған елді осылайша көркейтейік!<br>**"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту.<br>Жүру және жүгіруде жаттықтыру.<br>**"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші.<br>**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар.** Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Сарқырамалар" атты сумен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру.<br>Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына сукұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез | жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу.<br>Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқаңдар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!»<br>Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады.<br>**"Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы ұғымдарды тиянақтау.<br>**"Екі көңілді қаз". (сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**"Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күрек, | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру.<br>**Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету.<br>Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары.<br>**"Көлшік" сумен ойналатын ойындар. (шығармашылық дағдылар)**<br>Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін | келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау; | **дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br>Екі қаздай жүрейік,<br>Мойындарды созайық.<br>(Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау)<br>Қаздар дейді: Ға-ға-ға!<br>Барайық біз базарға!<br>(Сөздерді қайталап жүру)<br>Базарға баруға болмайды,<br>Шығыңдар көгалға!<br>(Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау)<br>Ахметова Д.<br>**Еңбек тапсырмасы:** далаға алып шыққан ойыншықтарды жуу.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. | поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), суқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.**<br>Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. | | | | |
| **Түскі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Қоян" тақпақ-оятпағы.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:<br><br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың".<br>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.<br>**Шынықтыру шаралары.**<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>«Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары.<br>«Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **"Қуыршақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары туралы білімдерін бекіту, ыдыстарды | **"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.**<br>Шығарма сюжетімен таныстырып, | **Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, | **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, | **"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | мақсатты түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетіне баулу. Киім атаулары туралы білімдерін бекіту. Балаларда дұрыс шешіну алгоритмі мен киімдерді дұрыс, ұқыпты бүктеу машықтарын бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу.<br>**Тақпақ-жаттамақ.**<br>Суым-құрбым,<br>Барлығының қолын жудың:<br>Мадина мен Еңлікке,<br>Қарлығаш пен Ерлікке.<br>Қолдарымыз әдемі,<br>тап - таза енді,<br>Риза болып балалар,<br>қуанып келді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер.<br>- Бірінші стақанда не бар?<br>- Су.<br>- Екінші стақанда не бар?<br>- Сүт.<br>Суы мен сүті бар стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді?<br>- Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз.<br>- Неге? Су қандай?<br>- Сүт қандай түсті?<br>- Енді сиқыршы су бізге судың түсін | жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету.<br>Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Сиқыршы су туралы" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады).<br>- Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір.<br>-Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Сұқұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр сұқұйғыштан құямын.<br>- Айтыңдаршы, жасыл сұқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар?<br>- Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық.<br>- Демек, су суық және жылы болуы мүмкін.<br>- Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - Қайнатылған, мөлдір.<br>- Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды.<br>(Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.)<br>- Дәмі қандай су?<br>(Дәмсіз.)<br>- Судың иісі бар ма? Иіскейікші.<br>- Жоқ, судың иісі жоқ.<br>- Су кімге керек?<br>-Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. | **"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға | **"Мен және достарым" атты жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету. | **«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс | **Жұмбақтар шешкізу.**<br>Жұмбақ.<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Сылқ-сылқ күледі. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз.<br>Су жайында білесің бе?<br>Су болады барлық жерде!<br>Көлшіктерде, теңізде,<br>Мұхиттар мен көлдерде,<br>Тіпті, өз үйімізде,<br>Су ағатын шүмекте!<br><br>Шатырдан ағып мұз болар,<br>Тұман боп жер бетін басар.<br>Шәйнек қайнап кеткенде,<br>Бу болып одан шығар.<br>Су болмаса шөлдейміз,<br>Тамақ ішіп, жемейміз.<br>Денемізді жуа алмай,<br>Кір - кір болып жүреміз.<br>Сусыз өмір жоқ мүлде,<br>Соны достым білдің бе?!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | үйретуді жалғастыру;<br>кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.<br>**(сурет салу)** | **(сөйлеуді дамыту)** | ұстауға үйретуді жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(математика негіздері)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. | "Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу. | «Жазғы жайсаң күндер» фото көрме. |

Тексерілді 21.08.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы IV-апта (21.08 -25.08.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Н.Е.
Бегімбетова Б.Н.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 21.08.2023ж | *Сейсенбі* 22.08.2023ж | *Сәрсенбі* 23.08.2023ж | *Бейсенбі* 24.08.2023ж | *Жұма* 25.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: : балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Оқу іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек дағдылары)** | **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аудару. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы | **"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің | **"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, | **"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. | **Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ерексек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы.  кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға үйрету.<br>Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды.<br>Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу.<br>Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.<br>**(дене шынықтыру)** | көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу.<br>Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер.<br>Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар.<br>Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар.<br>Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді.<br>**(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады:<br>- Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа барасың?<br>- Мен өзенге барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың?<br>- Су алуға барамын.<br>- Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың?<br>- Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді.<br>Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді:<br>- Шиық - шиық - шиық - шиық!<br>"Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!".<br>Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады.<br>Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | - Бұл құстар қайда мекендейді?<br>- Оларға кім қамқорлық жасайды?<br>- Үй құстары ұша алады ма?<br>- Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>**"Ненің балапандары?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)**<br>- Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды!<br>Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүреді.<br>Шымшықтарым, шымшықтарым,<br>Тату, адал құстарым.<br>Балалармен адымдайды,<br>Денсаулықты сақтайды.<br>Құстар былай өседі,<br>Аяқ ұшымен жүреді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық<br>09.40-10.00** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымияды)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен | **"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Құстар туралы тақпақтар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары<br>Ұя жасап қарсы алды.<br><br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақ мамықтай балапан"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Құстарға жем салайық"<br>Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс үйі"<br>Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орманда"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Масалармен танысу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: жаңбыр және | **Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен таныстыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аудару: жүреді, секіреді, ұшады.<br>Шалшық сулардан қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау.<br>**"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру.<br>**“Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.<br>Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: | Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу).<br>**Әңгімелесу.**<br>Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады?<br>Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас диірменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар (Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін!<br>Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою | Мақсаты: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады?<br>балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады. Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды. Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады.<br>Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.<br>Масалардың суретін салу.<br>**"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.**<br>Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек.<br>**"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі | найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру.<br>Найзағай фотосуретін көрсету.<br>Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді.<br>Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады.<br>Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр.<br>(Жаңбыр, найзағай)<br>**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>**"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру**.**<br>**Көркем сөз.**<br>Терезенің алдына,<br>Түрлі құстар кеп қонды.<br>Ақырын жақын келіп ем,<br>Пыр етті де жоқ болды.<br>**"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру.<br>**Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.**<br>Мақсаты: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу.<br>Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қараңдаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, тәттілер жасай аламыз (қалыптардың көмегімен көрсетемін). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші!<br>**"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін ести білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсаты: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту;<br>**Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | бойынша, қуғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту.<br>Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар.<br>**"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.**<br>Ересек адам былай дейді:<br>- Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын | итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.**<br>Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар.<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар..<br>**Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. | | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | **"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.**<br>Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-13.00** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Көркем сөз оқу**:** "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10-15.30** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | **"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны.** | **"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** | **"Құс" қыстырғыштармен ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды | **"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: театр өнері арқылы | **"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).**<br>Мақсаты: балаларға таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **Тақпақ-жаттамақ.**<br>Қол орамал қалтады,<br>Мұрын сүртіп алуға.<br>Балалардың мұрындары,<br>Қайта таза болуға.<br>Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдында біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу.<br>**"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.**<br>Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар.<br>Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір қанаттан жапсырыңдар.<br>Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. | Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау, нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен қапталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады.<br>**"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. | қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік.<br>**"Шағала" көзге арналған жаттығуы.**<br>Мақсаты: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу.<br>Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты. | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу.<br>Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау.<br>Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. | ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және еркіті зейінін дамыту.<br>Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау.<br>«Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу.<br>Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>**"Не қалай дыбыстайды?"**<br>Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу.<br>Құралдары: үй | **"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін | **"Бір және көп" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру.<br>Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды.<br>Құс - құстар - құстарды.<br>Тырна - тырналар - тырналарды. | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>**"Әтештер".**<br>Мақсаты: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру.<br>Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өлеңде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, | **Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.**<br>Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу).<br>**"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларының суреттері. | қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. | Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды.<br>Қаз - қаздар - қаздарды.<br>Үйрек - үйректер - үйректерді.<br>Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды.<br>Аққу - аққулар - аққуларды.<br>Көкек - көкектер - көкектерді.<br>Ұя - ұялар - ұяларды.<br>Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды.<br>Балапан - балапандар - балапандарды. | Төбелеспей, ойланды.<br>Айбарланса қаттырақ,<br>Қауырсыннан айрылмақ.<br>Қауырсыннан айрылса,<br>Қайтіп айбар шақырмақ?<br>(В. Берестов. Петушки. Өлеңін аударған: Тусипжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, міне, сендердің алдарыңда ұялар. Оларды санайықшы.<br>- Суретте қанша ұя бар? Екі ұя.<br>- Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі.<br>- Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет.<br>- Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз?<br>- Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс.<br>Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру.<br>Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы" тақырыбындағы кеңес.. | "Балабақшаның күндізгі режимі сияқты үйде де баланың жағдайын жасау" тақырыбында ата-аналарға кеңес. | "Баланы қалай дұрыс сөйлеп үйретуге болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес.. | "Денсаулықты сақтау өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық дәстүрлерә сұрақ-жауаптар. | Көрмелер: "Құстар күні", "Құстар - біздің досымыз" жылжымалы папкалар. |

Тексерілді
28.08.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Күншуақ» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы IV-апта (28.08 -01. 09. 2023 ж)**

**Тәрбиешілер:** Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы
Бегімбетова Балжан Нуриддиновна.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 28.08.2023ж | *Сейсенбі* 29.08.2023ж | *Сәрсенбі* 30.08.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 31.08.2023ж | *Жұма* 01.09.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.20** | Кеңес: "Алғашқы мәдени дағдылар мен әдеттерін тәрбиелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **08.20-08.40** | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: топ алаңқайын сыпыру.**<br>Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Асхана бойынша еңбек тапсырмалары.**<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | | **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту.<br>Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. | |
| | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Саусақ жаттығуы. "Жаз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Нұр тұнып құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш сайдағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Балауса жағасы.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Көгалда ойнадық,<br>Асыр сап күн ұзақ.<br>Гүл тердік,ойнадық,<br>Жарқын жаз қызық-ақ. | | **"Бір-екі белгі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту.<br>Балалар қатарға тұрады. бір белгі бергенде (ысқырық немесе шапалақ), ойыншылар бір қолдарын жоғары көтереді, екі рет белгі бергенде — бірден екі қолдарын көтереді. Белгіні аралас береді: бір белгіні бірнеше рет беруге болады, ал кейін екі белгіні. Ойын соңында тәрбиеші ең зейінді балаларды атайды.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кішігірім топпен бірігіп ойнауды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.40-09.00** | **Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу.**<br>Күн сәулесін шашады, бізді серуенге шақырады.<br>Қандай жақсы, нұрлы күнде доспен бірге жүруге.<br>**Тәрбиешінің артынан жүру 10 сек.**<br>Күн алыста, биікте<br>Күнге қарай созылып, жүгіреміз біз бірге.<br>Тәрбиешінің артынан жүгіру 8 сек.<br>**Шынықтыру және дамыту жаттығулары «Күнмен ойнаймыз».**<br>**1. «Алақанымызды жылытамыз»**<br>Күн сәулесін шашады,<br>Алақанымызды жылытады.<br>Б.қ. – Қолды алдыға, алақанды жоғары – б.қ. – 4 рет.<br>**2. «Күн сәулесін іздейміз»**<br>Күн сәулесі көрінді-айнала жарыққа толды,<br>Күн сәулесі көрінді-айнала көңілді болды.<br>Б.қ. – аяқты алшақ қою, қол белде. Оңға бұрылу – б.қ, солға бұрылу – б.қ. – 2 рет<br>**3. «Күнге қуанамыз»**<br>Күнге бәрі қуанады. 5 рет<br>Б.қ. – Бір орында екі аяқпен секіру.<br>Міне ойын аяқталды!<br>Ал енді таңғы асқа барайық.<br>Тәрбиешінің артынан жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-09.40** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ойын-әрекетке дайындық**<br>**09.40-10.00** | **«Достық күлкіден басталады…» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; достыққа | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған | | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге баулу; қоршаған объектілерге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Шеңбер құрып тұрған балалар, қолдарынан ұстайды, көршісінің көзіне қарап, үнсіз ең мейірімді жымияды.<br>Ал тереземізден күн қарап тұр!<br>Қарандаршы, күн терезеден қарайды, сәулесін шашады?<br>(Балалармен бірге өлең оқу, қимылдарды мәтін сөзіне сәйкес орындау.)<br>Күн терезеден қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық! | объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | | деген қызығушылықты арттыру.<br>Сәлем, саған көк аспан!<br>Сәлем, саған күн нұры!<br>Сәлем, саған Жер-Ана!<br>Біз ерте тұрдық,<br>Сендерге сәлем бердік! | |
| **Ұйымдастырылған ойын-жаттығулар 10.00-10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқыраған күн"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Түлкі мен бөдене" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі нелер туралы айтылғанын, мазмұнын түсіндіру; ертегінің қалай басталып, немен аяқталғанын аңғарту; байланыстыра сөйлеуге үйрету, тілдік қорларын молайту; бір-бірін сыйлауға, кішіпейілдікке тәрбиелеу. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Күн сәулесін сыйлайды"<br>Мақсат-міндеттер: Гуашьпен сурет салу дағдысын бекітуді жалғастыру; балаларды дәстүрден тыс "саусақпен салу" көркем техникасы арқылы түзу сызық салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды эмоция орнату; ұқыптылыққа, табандылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55-12.00** | **Үлескені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша ауласындағы ойын алаңымен таныстыру; серуенге ынталандыру.<br>Серуенге арналған ойын құрал-жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгіме.<br>Достықта өмір сүреміз, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту. | | **Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешімен бірге ауа-райы жағдайын анықтауды (күн жарқырап, тез тоқтайтын, жаңбыр жауып тұр. Аспанда үлпілдек, ақ бұлттар қалқып барады) үйрету .<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: “Күн** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға келеміз,<br>Әрқайсымыз әрине,<br>Өз үлескемізді білеміз!<br>**"Тығылмақ" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады.<br>10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады.<br>Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын алаңындағы ойын құрылғыларымен таныстыру; еркін ойындар.** Ойыншықтарды аламыз,<br>Құмсалғышқа барамыз,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.** | Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау.<br>**Өлең оқу:**<br>Шуақтары тарайды,<br>Терезeмнен қарайды.<br>Еркелетер аймалап,<br>Сәуле шашар арайлап!<br>**Еңбек тапсырмасы: гүлді баптау, топырағын қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру; қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Аспан ашық, күн шығып тұр!<br>Серуенге шығуға болады!<br>Балалар сигнал бойынша бүкіл алаңда жүгіріп жүреді.<br>- Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!<br>Балалар сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, белгілі жерге жиналады.<br>- Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!<br>Ойын тағы бір рет өткізіледі. | | **мен жаңбыр".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне соғылмай, жан-жаққа шашырап жүру мен жүгіруді, тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету.<br>**Тақпақ-жаттамақ айту: "Жаңбыр", ойын қимылдарын орындау.**<br>Мақсат-міндеттер: кішігірім шығарманы оқу, ойын қимылдарымен сүйемелдеу.<br>**Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу 12.00-12.20** | Балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету.<br>**Көркем сөз.**<br>Сабынымды аламын, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А. |
| **Түскі ас**<br>**12.20-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету.<br>Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту.<br>**Көркем сөз.**<br>Қасық, нанды алайық,<br>Тамақтанып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.00-15.10** | Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйқытатпақ.**<br>Жастыққа басынды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.10-15.30** | **"Күннің оянуы".**<br>"Күн осылай оянады" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (Баяу тұру, қолды әр сөзге алдыға, жоғары).<br>"Жоғары, жоғары, жоғары "— б. қ.: тігінен тұрып қол екі жаққа. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, б.қ. келу)<br>"Түнге қарай күн батады" — б. қ.: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру).<br>"Төмен, төмен, төмен" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды түсіреді. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту).<br>"Тамаша, тамаша" — б. қ.: тұрып. (Қол шапалақтау).<br>"Күн күлімдеді" — б.қ.: тұрып, қол белде. (Денені оңға-солға бұру).<br>"Ал күн астында біз тамаша өмір сүреміз" — б. қ.: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, ал кейін екінші жаққа).<br>(2 рет қайталау) жолдарымен жүру.<br>"Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер).<br>Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.<br>**"Мөлдір су"**<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті - қолың, маңдайың.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Балалардың назарын алдарындағы асқа аудару; дастархан басында отыру және тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.30** | **“Тауып алда, ата” дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөздік нұсқау бойынша заттарды тауып атау біліктіліктерін дамыту; олардың түсін, пішінін, көлемін атауға бейімдеу. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **“Күннің көзінде ме, әлде көлеңкеде жылы ма?” дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұстап сезу арқылы температуралық қалыпты анықтауды дамыту. Мысалы: құм, асфальт, тастар. **(математика негіздері)**<br><br>**Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарын бөлісіп, тату ойнауға үйрету; бесік арбаны жүргізу және бір-біріне соғылмай доппен абайлап ойнау. **(дене шынықтыру)** | | **Саусақ жаттығуы. "Жаз келді".** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын жетілдіру; сөйлеуде артикуляцияны қалыптастыру. Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>Жаз айлары: маусым, шілде және тамыз! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.50** | **Жеке жаттығу: "Тамшы қалай сыңғырлайды".** Мақсат-міндеттер: балалардың ырғақты есту қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспапта ойнау. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс. **(музыка)** | **"Жаз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалармен жаздың ерекшеліктерін бекіту; зат есімге сын есімге сөз таңдауға үйрету; тілдерін, есте сақтауларын дамыту. Құралдары: жаз туралы суреттер (пейзаж, сюжет). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **"Пішін мен түс" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер мен заттардың пішіні жайлы білімдерін бекіту. **(математика негіздері)** | |
| **Серуенге дайындық 16.50-17.00** | Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкимді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Серуен 17.00-17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Кеңес: "Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері. Жолдағы қауіпсіздік". Серуен өте маңызды! Ата-аналарға арналған жадынама. | "Абайла - күн!"- тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. Мақсаты: ата-аналарға белгіленген тақырыпқа кеңес беру. | | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балалардың жазғы демалысы мен шынығуы". | |

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін
«Аққөгершін» бөбекжай
балабақшасының басшысы: Г.Б.Нарбек

## «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### Маусым айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін |

| | | |
|---|---|---|
| | | білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету,<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету,<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Аққөгершін» бөбекжай
балабақшасының басшысы: Г.Б.Нарбек

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

## Шілде айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: еңбектеу, өрмелеу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>- аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына іЛуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу,<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына<br>жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің |

| | | |
|---|---|---|
| | | алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету.<br>Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | таныстыру | - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнатуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыруды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіруді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге |

| | | |
|---|---|---|
| | | аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Аққөгершін» бөбекжай
балабақшасының басшысы: Г.Б.Нарбек

## «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### Тамыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Кеудеге арналған жаттығулар:<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйретуді пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулуды пысықтау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды пысықтау. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (29.06-02.06.2023ж)

Маусым айы І-апта

Тексерілді 01.06.2023ж

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сагатова С.Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **29.06.2023ж** | **30.06.2023ж** | **31.06.2023ж** | **01.06.2023ж** | **02.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | | | | **Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге).**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.**<br>Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | | | | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жаққа аша «күн» жасайды).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | | | | **"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | | | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көрікті қала"<br>Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.<br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақта қонақта"<br>Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ - жайдарман"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқын түсті кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | | | | **Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.<br>Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? (Көлік.)<br>**Еңбек әрекеті:** учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.<br>Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 | тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге?<br>- Қалай дыбыстайды?<br>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді.<br>Тақпақ.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі гүлзарларды тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - создері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанымызды уқалаймыз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | **"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: жануарлардың ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік. | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$16^{00}$-$16^{30}$** | | | | Ойын барысы:<br>балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады.<br>- Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш.<br>- Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау.<br>- Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>- Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды.<br>- Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру.<br>Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша.<br>балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>Ойын барысы:<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>-Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | | | | **"Көліктерге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік қорларын толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | | | | Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме. |

Тексерілді 05.06.2023ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (05.06-09.06.2023ж)
Маусым айы ІІ-апта

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сагатова С.Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 05.06.2023ж | 06.06.2023ж | 07.06.2023ж | 08.06.2023ж | 09.06.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** $08^{00}$-$08^{20}$ | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** $08^{20}$-$08^{40}$ | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та конақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі.<br>Содан кейін жүргізуші | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі,<br>(Шапалақтау) | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады.<br>оның басына қалпақ | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі<br>Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?"<br>Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Үшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Менің қалам"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылысшылар туралы айту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Құммен ойнаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.<br>Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құм қалашығы"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Біздің әсем қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. | заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу. | ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу. | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (карлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.** | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен | балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Куушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп | Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік** | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар.<br>ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір- | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді | Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері.<br>Ойын барысы:<br>балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. ойынға жалпы басшылық жасайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. **(танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ақ қоян" ойыны.** Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу. Ойын құралдары: қоянның маскасы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту,** | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту. **(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$17^{00}$-$17^{40}$** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді 12.06.2023ж

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (12.06-16.06.2023ж)**

**Маусым айы III-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 12.06.2023ж | 13.06.2023ж | 14.06.2023ж | 15.06.2023ж | 16.06.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$ | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$ | **Бөлме өсімдіктерін күту.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.<br>қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Пішіндерді құрастыр" үстел** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>"Бақа туралы".<br>Жап-жарық жылы күнде,<br>Жап-жасыл шөп үстінде,<br>Жап-жасыл көйлек киген<br>Бақа бізге былай деген:<br>- Бадырақпын,<br>Бақылдаймын.<br>Достарымды | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.<br>қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | Достарымды<br>Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен alаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбынды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Мұқият бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. белгі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсету:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады.<br>Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | қалады.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Үй құстарына арналған қоршау"<br>Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру,<br>өз жобалары бойынша құрылыс жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар қанатын жайды"<br>Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету; құстардың тіршілік ету ортасын түсінңп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бұлақтың сылдыры"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын | **Қаңқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қаңқыз. Қаңқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен? | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер | судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш, | - Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай | Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың | Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.** | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және | Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стакандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, | Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | | ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді 19.06.2023ж [signature]

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (19.06-23.06.2023ж)**

**Маусым айы IV-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **19.06.2023ж** | **20.06.2023ж** | **21.06.2023ж** | **22.06.2023ж** | **23.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. **(танымдық дағдылар)** **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді.  белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді секірейік"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көгалдағы балапан"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді марш"<br>Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. | жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту. | қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. | қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Торғай".** Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. **"Жапалақ" қимыл-** | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады. **"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1. Жәндіктерге нелер жатады? 2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? 3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? 4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? 5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру. - Балалар, аспанда жарқырап тұрған не? - Ол неге ұқсайды? - Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба? - Күннің бізге қандай пайдасы бар? **Тақпақ:** Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! **"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны | сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде | өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? | Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді 26.06.2023ж

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (26.06-30.06.2023ж)**

**Маусым айы V-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 26.06.2023ж | 27.06.2023ж | 28.06.2023ж | 29.06.2023ж | 30.06.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."**<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұрандау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық. | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз. "Зымыран".**<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге | | **Сурет салу**<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | **Музыка**<br>"Күнбағыс"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет** ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | қабылдауды дамыту. *"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.* |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар  нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері  таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады.<br>Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы.<br>Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады.<br>Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді.<br>Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту.<br>Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады.  қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аударту, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын:<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады.<br>Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар.<br>"Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады.<br>"Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды.<br>"Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудaрту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$13^{00}$-$15^{10}$** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз.<br>Қуыршақ онда тамақтанатын болады.<br>Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету.<br>Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені карастыру.<br>Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау.<br>Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп- | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді.<br>Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді
03.07.23ж

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (03.07-07.07.2023ж)**

**Шілде айы I-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сағатова С.Б.**

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | **03.07.2023ж** | **04.07.2023ж** | **05.07.2023ж** | **06.07.2023ж** | **07.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** $08^{00}$-$08^{20}$ | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** $08^{20}$-$08^{40}$ | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру, аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сулгімен сүрту техникасына жаттықтыру, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ" Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты, Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады, жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** | | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | | жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**ойын-жаттығу**<br>«Тосапты неден қайнатамыз?» Балаларға жидектер, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсетін орындары туралы, олардың түрлері, адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру; жидектер және олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту; жидектер туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Дәмді тосап»<br>Балаларда сап түзеп б ірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Мақтаншақ қоян» ертегісі<br>Балаларға ертегі мазмұнын түсініп тыңдауды, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды, ертегіні мазмұндауды, рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалық сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу. | | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Ән салған кім?»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты | **Суды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі | **Қаңқызды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығыгушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? | | **Күнді бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі | болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа | - Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір | | Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** <br> **$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) <br> **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету. <br> Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. <br> музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды. <br> **(сөйлеуді дамыту, музыка)** <br> **"Үйшік" ертегісін сахналау.** <br> Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. <br> **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. <br> жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді. <br> **(сөйлеуді дамыту, музыка)** <br> **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру. <br> Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру. <br> Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық. <br> **(сөйлеуді дамыту)** <br> **"Түрлі-түсті су" ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). <br> Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су. <br> Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді | | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** <br> Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. <br> Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз. <br> **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** <br> **"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.** <br> Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". <br> Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды. <br> **(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | салып, балалар тәжірибе жасайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (10.07-14.07.2023ж)

Шілде айы II-апта

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сағатова С.Б.

Тексерілді 10.07.2023ж

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 10.07.2023ж | 11.07.2023ж | 12.07.2023ж | 13.07.2023ж | 14.07.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау 08⁰⁰-08²⁰ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08⁰⁰-08²⁰ | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08²⁰-08⁴⁰ | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың Қонақты да шақырасың | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Үй салу" ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау) | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Қабырғасы керегі, (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Үшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | тұрады.<br>оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман жидектерін тереміз»<br>Орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорын жидектердің атауларымен толықтыру, атауларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Қуырмаш» саусақ ойынын ойнаймыз<br>Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Жидегі бар себет»<br>Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер мен себетін мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Кел, би билейік»<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың суретімен нақтылау. Сөздің грамматикалық қатарын қалыптастыру. Көру, есту қабілеттерін дамыту. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын, қимыл мен сөз байланысын дамыту. Мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | ұқыптылыққа тәрбиелеу. | үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене, | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Аксың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** құрап қалған шөптерді жинау | Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың | **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.** | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар | **"Оюю саламыз" саусақ жыттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері.<br>Ойын барысы:<br>балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. ойынға жалпы басшылық жасайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | болып, қолдарына "билет" алады. алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. **(танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ақ қоян" ойыны.** Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу. Ойын құралдары: қоянның маскасы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.** Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту. **(құрастыру)** **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту,** | | **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (17.07-21.07.2023ж)
Шілде айы III-апта

Тексерілді 17.07.23ж

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сагатова С.Б.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 17.07.2023ж | 18.07.2023ж | 19.07.2023ж | 20.07.2023ж | 21.07.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау 08⁰⁰-08²⁰** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08⁰⁰-08²⁰** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08²⁰-08⁴⁰** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сулгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұрандау) | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу, артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау.<br>Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br>**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді.<br>Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.<br>Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. | Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(танымдық дағдылар)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет** <br> **$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** <br> «Көкөністерге арналған себеттер» <br> Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу. | **Дене шынықтырудан ойын жаттығу** <br> «Бірінші байлық денсаулық» <br> Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** <br> «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» <br> Балаларға өмірдегі жақсы мен жаманды айыра білуді үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы игі істерге жақын болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** <br> «Жидектер қайда жасырылған» <br> Балаларға штампинг әдісін таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдау, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер, олардың пішіні, түсі туралы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні туралы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу** <br> «Сиқырлы дәрумендер» <br> Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық** <br> **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** <br> **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** <br> Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** <br> Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын | **Қаңқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** <br> Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. <br> - Балалар, біз серуен | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** <br> Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** <br> Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген | анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді коректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті коректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады.<br>Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда | кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен.<br>Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу | Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштка тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген | Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын:<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін** | екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады.<br>Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет | қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе аланды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе аланның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.** | қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Ендіояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру) | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз.<br>Қуыршақ онда тамақтанатын болады.<br>Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | біз қуыршақтарды шомылдырамыз.<br>Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымызды ң есімдері кім екен?<br>Мынау - Алуа, ал мынау - Алма.<br>Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады.<br>Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды.<br>Әр стақанға әр түрлі | Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. **(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішіке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту. балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді
24.07.23ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (24.07-28.07.2023ж)

Шілде айы IV-апта

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сагатова С.Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **24.07.2023ж** | **25.07.2023ж** | **26.07.2023ж** | **27.07.2023ж** | **28.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орынына қоюды игерту. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерінің шаңын сүрту** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Көкөністер»<br>Көгөністердің атауларымен таныстыру. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Хош иісті гүлдер»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>«Себеттегі көкөністер»<br>Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Қоңыраулар үні»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністерді дұрыс айтуды үйрету. Көгөністерді жеке атау және жалпылау түсінігін қалыптастыру. Сөз тіркестерін құру және зат есім мен сын есімді байланыстыруды үйрету, сөздерді дұрыс айтуды дамыту. Сөздік қорын толықтыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Адамдармен сөздік қарым-қатынасқа құру белсенділігін дамыту. Адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. | тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру. | ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты карауға тәрбиелеу. | дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы.<br>Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде | үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен | Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. | Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. | бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу** **$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас** **$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** **$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** **$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** **$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін** | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | **баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | құрастыра білуге дағдыландыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексердім

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (31.07-04.08.2023ж)
Тамыз айы I-апта

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сағатова С.Б.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 31.07.2023ж | 01.08.2023ж | 02.08.2023ж | 03.08.2023ж | 04.08.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру, аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті женің жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырылған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады **(танымдық дағдылар)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру, артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | Достарымды<br>Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге<br>шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Мұқият бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. белгі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсету:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | қалады.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың ізі»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту<br>және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Әртүрлі бағыттарда жүгіру»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Ойыншықтар»<br>Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият<br>тыңдауды үйрету; ертегі мазмұнын өз<br>сөздерімен айтқызу; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату ойнауға, достарына адал болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Әдемі гүлдер ашылды»<br>Балаларға умаждалған қағазды бастыру арқылы сурет салу техникасымен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; қолдың<br>ұсақ моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлау, қиял, қабылдау қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Ғажайып әлемі»<br>«Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру.<br>Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз. | **Суды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. | **Қанқызды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығуышылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да | **Суды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қығуышылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта | **Күнді бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. | Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, | ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қаңқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе | кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен** | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (07.08-11.08.2023ж)**

**Тамыз айы II-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **07.08.2023ж** | **08.08.2023ж** | **09.08.2023ж** | **10.08.2023ж** | **11.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.**<br>Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына үйрету; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту; ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын үйрету; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау, ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу<br>**(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау**<br>Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>**"Күнім, күнім..."**<br>Күнім, күнім, қайдасың? | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық, | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз. "Зымыран".**<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке,шапшаңдық қа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабысты рып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман тұрғындары»<br>Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Көңілді ойындар»<br>Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Алтын балық»<br>Балаларға дәстүрлі емес тәсілдер арқылы | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың төлдері»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Денсаулық әуені»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тануды, дұрыс атауды үйрету. Жануарлардың атауларын жеке атауды, топтастыруды үйрету. Ойлау, есту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, белсенді сөздік қорды дамыту. Сын есімді зат есімге байланыстыра айту арқылы сөз тіркестерін дұрыс қолдануын дамыту. Балаларды үлкенді тыңдай білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудағы дағдыларын дамыту. | ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ маторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттары және тағы басқа. | жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті коректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады.  қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз | Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады.<br>Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым- | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.<br>Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. **(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту. балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (14.08-18.08.2023ж)
Тамыз айы III-апта

Тәрбиешілер: Қалтай К.С.
Сагатова С.Б.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 14.08.2023ж | 15.08.2023ж | 16.08.2023ж | 17.08.2023ж | 18.08.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру, өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей), тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту<br>Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау, есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>«Үй жануарларына арналған үйлер»<br>Құрастыру үшін қажетті бөліктерді атау және | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Сүйікті үй жануарым»<br>Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>С.Көбеев «Құстың ұясы»<br>Балаларға ертегі арқылы мейірімділік, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Жаз» ұжымдық жұмыс<br>Балаларға ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, жаз мезгілінің | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдар әлеміне саяхат»<br>Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. | үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, еске сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу. | қызықтары туралы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова. | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. | сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп | ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? | қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. | Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапайымы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$12^{00}$-$12^{20}$** | жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |
| **Балалармен жеке** | **"Дауыс арқылы тап"** | **Көркем әдебиет** | **"Мозаика",** | **Дидактикалық ойын** | **Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс**<br>**16$^{30}$-16$^{50}$** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**16$^{50}$-17$^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**17$^{00}$-17$^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**17$^{40}$-18$^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18$^{00}$-18$^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (21.08-25.08.2023ж)**

**Тамыз айы IV-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **21.08.2023ж** | **22.08.2023ж** | **23.08.2023ж** | **24.08.2023ж** | **25.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту, балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою), еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру, еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың. Қонақты да шақырасың. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Үй салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі<br>Қайдан құлақ шығарса. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет** **$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** «Менің сүйікті жануарым» Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру және пысықтау. Ой-өрісін, танымын дамыту. Еске сақтау, сөйлеу тілін дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** «Татулық табылмас бақыт» Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын | **Жапсырудан ойын-жаттығу** «Менің кішкентай мысығым» Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** «Біздің жанымызда не мекендейді» Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлардың дене мүшелері туралы түсініктерін бекіту; | **Музыкадан ойын-жаттығу** «Көңілді балалар» Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тыңдай білу және ұғыну қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту. | (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы моториканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейін, ойлау, сөйлеуді, жұмбақтарды шешу дағдысын дамыту; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.** | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен | балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп | Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік** | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады, | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар.<br>Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді

**«Аккөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балапан» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы**
**жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (28.08-01.09.2023ж)**
**Тамыз айы V-апта**

**Тәрбиешілер: Қалтай К.С.**
**Сагатова С.Б.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 28.08.2023ж | 29.08.2023ж | 30.08.2023ж | 31.08.2023ж | 01.09.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.**<br>Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту, балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру<br>**(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту, тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылар)** | |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>**"Күнім, күнім..."**<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту<br>**Көркем сөз. "Зымыран".**<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге | | **Сурет салу**<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет** ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар  нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері  таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады.  қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар.<br>"Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады.<br>"Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды.<br>"Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстеріңді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету<br>**(танымдық дағдылар)** | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | |

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

**Бекітемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай**
**балабақшасының басшысы:** **Г.Б.Нарбек**

## «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### Маусым айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін |

| | | |
|---|---|---|
| | | білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарга қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

**Бекітемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай**
**балабақшасының басшысы: Г.Б.Нарбек**

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Шілде айы**

| Айы | Ұйымдастырыл ған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: еңбектеу, өрмелеу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>- аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету.<br>Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | таныстыру | - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнатуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыруды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіруді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Аққөгершін» бөбекжай
балабақшасының басшысы: Г.Б.Нарбек

# «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Тамыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Кеудеге арналған жаттығулар:<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызыгушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйретуді пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызыгушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулуды пысықтау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды пысықтау. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Ақкөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

Тексерілді.

«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (29.05 - 02. 06 2023ж)

Маусым айы І-апта

Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 29.05.2023ж | 30.05.2023ж | 31.05.2023ж | 01.06.2023ж | 02.06.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | | | | **Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге).** Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу. **(еңбек дағдылары)** |
| | | | | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** **"Шапалақты тыңда" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. **(дене шынықтыру)** | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | | | | **"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | | | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көрікті қала"<br>Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті қүммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.<br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақта қонақта"<br>Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ - жайдарман"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқын түсті кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | | | | **Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.<br>Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? (Көлік.)<br>**Еңбек әрекеті:** учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.<br>Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады.  "көлік" болады.  белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.  "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін | Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге?<br>- Қалай дыбыстайды?<br>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді.<br>Тақпақ.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі гүлзарларды тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - создері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанымызды уқалаймыз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | | | | **"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: жануарлардың | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | | | | ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады.<br>- Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш.<br>- Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау.<br>- Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>- Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды.<br>- Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру.<br>Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша.<br>балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>Ойын барысы:<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>-Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | | | | **"Көліктерге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік | **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорларын толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | | | | Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме. |

Тексерілді
02.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбобек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (05.06-09.06.2023ж)**

**Маусым айы II-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **05.06.2023ж** | **06.06.2023ж** | **07.06.2023ж** | **08.06.2023ж** | **09.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі.Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің комекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Үй салу" ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын,  дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.  өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастыр ыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар тәрбиешімен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі<br>Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастыр ыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Менің қалам"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылысшылар туралы айту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Құммен ойнаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.<br>Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құм қалашығы"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Біздің әсем қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. | төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу. | қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу. | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.** Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді. Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге. | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына | **"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.<br>"Көлік келе жатыр! Абай | Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге | ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. **(сөйлеуді дамыту)** **"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар. ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. ойынға жалпы басшылық жасайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Не өзгерді?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. | **"Оюю саламыз" саусақ жыттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Өз үйіңді тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері. Ойын барысы: балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **(танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ақ қоян" ойыны.** Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу. Ойын құралдары: қоянның маскасы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту,** | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.** Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту. **(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді
08.06.23.

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (12.06-16.06.2023ж)**

**Маусым айы III-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
Суиндикова Г.М.

| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **12.06.2023ж** | **13.06.2023ж** | **14.06.2023ж** | **15.06.2023ж** | **16.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** **"Пішіндерді құрастыр" үстел** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. Достарымды | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Мұқият бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. белгі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсету:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл** | **Құрастырудан ойын-** | **Дене шынықтырудан** | **Көркем әдебиеттен ойын-** | **Сурет салудан ойын-** | **Музыкадан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **жаттығу**<br>"Үй құстарына арналған қоршау"<br>Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру,<br>өз жобалары бойынша құрылыс жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **ойын-жаттығу**<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. | **жаттығу**<br>"Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту. | **жаттығу**<br>"Құстар қанатын жайды"<br>Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету; құстардың тіршілік ету ортасын түсінңп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | "Бұлақтың сылдыры"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі | **Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қыызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.** | температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. | жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды | тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған | болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны.** Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру. **Балалардың еркін ойыны.** | баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойыны.** | **ойыны** |
| **Серуеннен оралу** **$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас** **$12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** **$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** **$15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** **$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ** | толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стакандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стаканға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді | білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | | қалыптастыру.<br>**(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар.<br>**(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішіке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді [illegible] 15.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы « Балбөбек » ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы**
**жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (19.06-23.06.2023ж)**
**Маусым айы IV-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.Е.**
**Суиндикова Г.М.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **19.06.2023ж** | **20.06.2023ж** | **21.06.2023ж** | **22.06.2023ж** | **23.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді секірейік"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көгалдағы балапан"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді марш"<br>Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. | жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту. | қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. | қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-** | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны | сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде | өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? | Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-каздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді
16.06.23.

«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (26.06-30.06.2023ж)

Маусым айы V-апта

Тәрбиешілер: Төлтебай Р .К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 26.06.2023ж | 27.06.2023ж | 28.06.2023ж | 29.06.2023ж | 30.06.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.**<br>Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау**<br>Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза карауға үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.<br>**"Күнім, күнім..."**<br>Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Күн денесін құрайық,<br>(Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау)<br>Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық. | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Көркем сөз. "Зымыран".**<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге | | **Сурет салу**<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | **Музыка**<br>"Күнбағыс"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет** ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | қабылдауды дамыту. *"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.* |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын:<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар.<br>"Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады.<br>"Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды.<br>"Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$13^{00}$-$15^{10}$** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз.<br>Қуыршақ онда тамақтанатын болады.<br>Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру.<br>Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау.<br>Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп- | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді.<br>Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді
16.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбобек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (03.07-07.07.2023ж)**

**Шілде айы I-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 03.07.2023ж | 04.07.2023ж | 05.07.2023ж | 06.07.2023ж | 07.07.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** | | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | | балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.<br>3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$- $09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай, | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру, танымдық дағдылар)** | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет $09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен танысу ойын-жаттығу**<br>«Тосапты неден қайнатамыз?» Балаларға жидектер, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсетін орындары туралы, олардың түрлері, адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру; жидектер және олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту; жидектер туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Дәмді тосап»<br>Балаларда сап түзеп б ірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Мақтаншақ қоян» ертегісі<br>Балаларға ертегі мазмұнын түсініп тыңдауды, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды, ертегіні мазмұндауды, рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалық сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу. | | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Ән салған кім?»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін | **Қаңқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген | | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс** | қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру . | қығыгушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға | | болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | **"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$15^{10}$-$15^{30}$** | 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға | | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту.<br>Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар.<br>**(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді
16.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбобек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы**
**жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (10.07-14.07.2023ж)**
**Шілде айы II-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **10.07.2023ж** | **11.07.2023ж** | **12.07.2023ж** | **13.07.2023ж** | **14.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың Қонақты да шақырасың. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Менің үйім осындай, Кең, жарық та қонақжай. Шақырамын, келіңдер! Көмектесіп жіберіңдер. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Үй салу" ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Қабырғасы керегі, (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Үшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | тұрады.<br>оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман жидектерін тереміз»<br>Орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорын жидектердің атауларымен толықтыру, атауларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Қуырмаш» саусақ ойынын ойнаймыз<br>Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Жидегі бар себет»<br>Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер мен себетін мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Кел, би билейік»<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың суретімен нақтылау. Сөздің грамматикалық қатарын қалыптастыру. Көру, есту қабілеттерін дамыту. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын, қимыл мен сөз байланысын дамыту. Мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | ұқыптылыққа тәрбиелеу. | үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да, | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | еритінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшандыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Ойынның мақсат- | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар.<br>ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. ойынға жалпы басшылық жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері.<br>Ойын барысы:<br>балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.<br>**(танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар.<br>Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді
16.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (17.07-21.07.2023ж)**

**Шілде айы III-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **17.07.2023ж** | **18.07.2023ж** | **19.07.2023ж** | **20.07.2023ж** | **21.07.2023ж** |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау.<br>Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br>**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. | Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(танымдық дағдылар)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет** **$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** «Көкөністерге арналған себеттер» Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу. | **Дене шынықтырудан ойын жаттығу** «Бірінші байлық денсаулық» Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» Балаларға өмірдегі жақсы мен жаманды айыра білуді үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы игі істерге жақын болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** «Жидектер қайда жасырылған» Балаларға штампинг әдісін таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдау, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер, олардың пішіні, түсі туралы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні туралы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу** «Сиқырлы дәрумендер» Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын | **Қаңқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген | анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда | кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу | Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген | Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Балалардың еркін ойыны.** | екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.** | қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру. **Балалардың еркін ойыны.** | белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады. Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!" **Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. **Балалардың еркін ойыны.** | балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. **Балалардың еркін әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздерінді ашыңдар,<br>Кірпіктерінді көтеріңдер.<br>Беттерінді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштерінді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделерінді алақанмен сипаңдар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымызды ң есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай! | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ортасына қоямыз.<br>Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар , су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды.<br>Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру.<br>Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау.<br>Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді.<br>Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | **әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (24.07-28.07.2023ж)

Шілде айы IV-апта

Текесерілді
16.06.23

Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 24.07.2023ж | 25.07.2023ж | 26.07.2023ж | 27.07.2023ж | 28.07.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерінің шаңын сүрту**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді.  белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Көкөністер»<br>Көгөністердің атауларымен таныстыру. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Хош иісті гүлдер»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>«Себеттегі көкөністер»<br>Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Қоңыраулар үні»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністерді дұрыс айтуды үйрету. Көгөністерді жеке атау және жалпылау түсінігін қалыптастыру. Сөз тіркестерін құру және зат есім мен сын есімді байланыстыруды үйрету, сөздерді дұрыс айтуды дамыту. Сөздік қорын толықтыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Адамдармен сөздік қарым-қатынасқа құру белсенділігін дамыту. Адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. | тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру. | ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты карауға тәрбиелеу. | дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты! |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде | үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен | Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. | Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тыныштталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. | бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін** | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | **баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.<br>Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | құрастыра білуге дағдыландыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Текесерілді
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (31.07-04.08.2023ж)

Тамыз айы I-апта

Тәрбиешілер: Төлтебай Р .К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 31.07.2023ж | 01.08.2023ж | 02.08.2023ж | 03.08.2023ж | 04.08.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$ | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$ | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>"Баулар" үстел үсті ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>(танымдық дағдылар)</td>
<td>іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>(дене шынықтыру)<br>"Жел көбік" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</td>
<td>"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>(танымдық дағдылар)</td>
<td>Достарымды<br>Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)<br><br>"Қимыл ойлап табу" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>(дене шынықтыру)</td>
<td>жалғастырады.<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br>"Жел көбік" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</td>
</tr>
<tr>
<td>Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$</td>
<td colspan="5">"Қуыршақпен ойнаймыз".<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Мұқият бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. белгі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсету:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады.<br>Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | қалады.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың ізі»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту<br>және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Әртүрлі бағыттарда жүгіру»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Ойыншықтар»<br>Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият<br>тыңдауды үйрету; ертегі мазмұнын өз<br>сөздерімен айтқызу; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту,<br>байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату ойнауға, достарына адал болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Әдемі гүлдер ашылды»<br>Балаларға умаждалған қағазды бастыру арқылы сурет салу техникасымен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; қолдың<br>ұсақ моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлау, қиял, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Ғажайып әлемі»<br>«Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру.<br>Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз. | **Суды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. | **Қаңқызды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қаңқыз. Қаңқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да | **Суды бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қығығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта | **Күнді бақылау.**<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. | Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір, | ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қаңқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе | кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен** | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді.
16.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (07.08-11.08.2023ж)**

**Тамыз айы II-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **07.08.2023ж** | **08.08.2023ж** | **09.08.2023ж** | **10.08.2023ж** | **11.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** $08^{00}$-$08^{20}$ | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** $08^{20}$-$08^{40}$ | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке,шапшаңдық қа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабысты рып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман тұрғындары»<br>Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Көңілді ойындар»<br>Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Алтын балық»<br>Балаларға дәстүрлі емес тәсілдер арқылы | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың төлдері»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Денсаулық әуені»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тануды, дұрыс атауды үйрету. Жануарлардың атауларын жеке атауды, топтастыруды үйрету. Ойлау, есту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, белсенді сөздік қорды дамыту. Сын есімді зат есімге байланыстыра айту арқылы сөз тіркестерін дұрыс қолдануын дамыту. Балаларды үлкенді тыңдай білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудағы дағдыларын дамыту. | ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ маторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттары және тағы басқа. | жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз | Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады.<br>Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым- | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.<br>Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. **(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту. балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді.
16.06.23

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбобек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (14.08-18.08.2023ж)**

**Тамыз айы III-апта**

**Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.**
**Суиндикова Г.М.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **14.08.2023ж** | **15.08.2023ж** | **16.08.2023ж** | **17.08.2023ж** | **18.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды оз орынына қоюды игерту. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерді суару.** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыры.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>«Үй жануарларына арналған үйлер»<br>Құрастыру үшін қажетті бөліктерді атау және | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Сүйікті үй жануарым»<br>Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>С.Көбеев «Құстың ұясы»<br>Балаларға ертегі арқылы мейірімділік, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Жаз» ұжымдық жұмыс<br>Балаларға ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, жаз мезгілінің | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдар әлеміне саяхат»<br>Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. | үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, еске сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу. | қызықтары туралы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова. | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. | сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.<br>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп | ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады.<br>Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? | қара, ал кеудесі ақ.<br>Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. | Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру;ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттыктыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$12^{00}$-$12^{20}$** | жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |
| **Балалармен жеке** | **"Дауыс арқылы тап"** | **Көркем әдебиет** | **"Мозаика",** | **Дидактикалық ойын** | **Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (21.08-25.08.2023ж)
Тамыз айы IV-апта

Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **21.08.2023ж** | **22.08.2023ж** | **23.08.2023ж** | **24.08.2023ж** | **25.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Үй салу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту)** **Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(танымдық дағдылар)** | **"Суретті жина" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. **(математика негіздері)** | үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар** "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла. Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту. Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Үйді салғым келеді, (Шапалақтау) Қабырғасы керегі, | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту. 1. Ер қадірін ер білер, Зер қадірін зергер білер. 2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз. 3. Қазаншының өз еркі Қайдан құлақ шығарса. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?"<br>Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Үшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Менің сүйікті жануарым»<br>Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру және пысықтау. Ой-өрісін, танымын дамыту. Еске сақтау, сөйлеу тілін дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Татулық табылмас бақыт»<br>Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>«Менің кішкентай мысығым»<br>Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), төртбұрышты дөңгелектеуге | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің жанымызда не мекендейді»<br>Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлардың дене мүшелері туралы түсініктерін бекіту; | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Көңілді балалар»<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тыңдай білу және ұғыну<br>қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту. | (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы моториканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейін, ойлау, сөйлеуді, жұмбақтарды шешу дағдысын дамыту; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.** | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. | Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен | балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп | Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Кереуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.** | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік** | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**16⁰⁰-16³⁰** | Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға карауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16³⁰-16⁵⁰** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады, | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ жиһазын жасауға | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар.<br>Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді.
16.06.23.

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (28.08-01.09.2023ж)

Тамыз айы V-апта

Тәрбиешілер: Төлтебай Р.К.
Суиндикова Г.М.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 28.08.2023ж | 29.08.2023ж | 30.08.2023ж | 31.08.2023ж | 01.09.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$ | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$ | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты карауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұрандау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге | | **Сурет салу**<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту;<br>Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>*Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.*<br>**"Көркем әдебиет**<br>""Мақтаншақ қоян"" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстеріңді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. **(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).** Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | |

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

**Бекітемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай**
**балабақшасының басшысы; Г.Б.Нарбек**

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Маусым айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дагдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін |

| | | |
|---|---|---|
| | | білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

**Бекітемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай**
**балабақшасының басшысы:** **Г.Б.Нарбек**

## «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Шілде айы

| Айы | Ұйымдастырыл ған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: еңбектеу, өрмелеу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>- аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына<br>жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету.<br>Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | таныстыру | - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнатуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыруды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіруді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

**Бекітемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай**
**балабақшасының басшысы:** **Г.Б.Нарбек**

## «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### Тамыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Кеудеге арналған жаттығулар:<br>- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйретуді пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды пысықтау. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулуды пысықтау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды пысықтау. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б.Ажибаева**

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (29.06-02.06.2023ж)
Маусым айы I-апта

Тексерілді 01.06.2023ж [signature]

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.
Бектұрған А.Е.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 29.05.2023ж | 30.05.2023ж | 31.05 2023ж | 01.06.2023ж | 02.06.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | | | | **Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге).**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.**<br>Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | | | | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.** Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Кемпірқосақ көпірдей<br>Аспан жарып туыпты.<br>Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | | | | **"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. | оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | | | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Көрікті қала"<br>Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту.<br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақта қонақта"<br>Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ - жайдарман"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жарқын түсті кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | | | | **Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді** | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.<br>Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? (Көлік.)<br>**Еңбек әрекеті:** учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**"Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу.<br>Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін | Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге?<br>- Қалай дыбыстайды?<br>Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді.<br>Тақпақ.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі гүлзарларды тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - создері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанымызды уқалаймыз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудырту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | | | | **"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: жануарлардың | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару"етістіктерін қолдана отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | | | | ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады.<br>- Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш.<br>- Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау.<br>- Шиқ-шиқ... Бұл не? Балапан.Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>- Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды.<br>- Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру.<br>Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша.<br>балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>Ойын барысы:<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>-Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | | | | **"Көліктерге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік | **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорларын толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | | | | Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме. |

«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (05.06-09.06.2023ж)

Маусым айы II-апта

Тексерілді
05.06.2023ж

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.
Бектұрған А.Е.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 05.06.2023ж | 06.06.2023ж | 07.06.2023ж | 08.06.2023ж | 09.06.2023ж |
| Күн тәртібі.Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$ | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$ | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Үй салу" ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастыр ыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар тәрбиешімен бірге кімді немесе нені бейнелейтінін келіседі. Содан кейін | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау)<br>Қабырғасы керегі, | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында тұрады. | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі<br>Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастыр ыл ған іс-әрекет $09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Менің қалам"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қала туралы түсінік беру,қаланың құрылысы туралы әңгімелеу,құрылысшылар туралы айту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Құммен ойнаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Туған қалам" түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу.<br>Мақсат-міндеттер: Қаламызда әр-түрлі үйлер, көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екендігі туралы елестетулерді дамыту; тұзды қамырдан | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құм қалашығы"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың құм туралы білімдерін бекіту,құммен қарапайым тәжірибе жасай білу; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Біздің әсем қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. | төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты заттар (дүкен, үйлер, кеңселер, кмнотеатрлар) жасауды үйрену; мүсіндеу тәсілдерін бекіту (тарту, тегістеу); үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына деген мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу. | қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; табиғатқа ұқыпты қарауға, қоршаған ортаға қызығушылық танытуға тәрбиелеу. | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.** Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге. | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат!<br>**"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына | **"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.<br>"Көлік келе жатыр! Абай | Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге | ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **жаттығу**<br>"Үй құстарына арналған қоршау"<br>Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру,<br>өз жобалары бойынша құрылыс жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу. | **ойын-жаттығу**<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. | **жаттығу**<br>"Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік қорын молайту. | **жаттығу**<br>"Құстар қанатын жайды"<br>Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету; құстардың тіршілік ету ортасын түсінңп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | "Бұлақтың сылдыры"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі | **Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.** | температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. | жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды | тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған | болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** аландағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | **ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ** | толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.<br>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.<br>балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды.<br>- Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады)<br>- Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)<br>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады?<br>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар.<br>- Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді | білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | | қалыптастыру.<br>**(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар.<br>**(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді 19.06.2023ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (19.06-23.06.2023ж)

Маусым айы IV-апта

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.
Бектұрған А.Е

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 19.06.2023ж | 20.06.2023ж | 21.06.2023ж | 22.06.2023ж | 23.06.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді секірейік"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көгалдағы балапан"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді марш"<br>Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. | жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту. | қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. | қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-** | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны | сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде | өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? | Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-каздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапайды түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттыктыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тыныштaлмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** **$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** **$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** **$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** **$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді 26.06.2023ж

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы**
**жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (26.06-30.06.2023ж)**
**Маусым айы V-апта**

**Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.**
**Бектұрған А.Е.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **26.06.2023ж** | **27.06.2023ж** | **28.06.2023ж** | **29.06.2023ж** | **30.06.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Жел көбік" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас<br>09:00-09:30</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>Көркем сөз<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық<br>09:30-09:55</td><td>"Күн" саусақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</td><td>Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>(музыка)<br>"Шапалақты тыңда" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>(дене шынықтыру)</td><td></td><td>"Жұбыңды тап" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады.  әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>(танымдық дағдылар)</td><td>"Сыпайы бол" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырыл ған іс-әрекет<br>09:55-10:35</td><td>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз тіршілігі жоқ</td><td>Дене шынықтыру<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге</td><td></td><td>Сурет салу<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау</td><td>Музыка<br>"Күнбағыс"<br>Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>*Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.*<br>**"Көркем әдебиет**<br>""Мақтаншақ қоян"" ертегісі<br>Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | қабылдауды дамыту.<br>*"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.* |
| **Серуенге дайындық**<br>**$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**$10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту.<br>Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту.<br>Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.<br>Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын:<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады.<br>Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар.<br>"Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады.<br>"Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды.<br>"Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **$13^{00}$-$15^{10}$** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз.<br>(Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп- | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді.<br>Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді.
16.06.2[illegible]

«Аққөгершін» бобекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы
жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (03.07-07.07.2023ж)
Шілде айы I-апта

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.
Бектұрған А .Е.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 03.07.2023ж | 04.07.2023ж | 05.07.2023ж | 06.07.2023ж | 07.07.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** | | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | | жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен аландамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет** **$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен танысу ойын-жаттығу** «Тосапты неден қайнатамыз?» Балаларға жидектер, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсетін орындары туралы, олардың түрлері, адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру; жидектер және олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту; жидектер туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** «Дәмді тосап» Балаларда сап түзеп б ірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** «Мақтаншақ қоян» ертегісі Балаларға ертегі мазмұнын түсініп тыңдауды, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды, ертегіні мазмұндауды, рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалық сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу. | | **Музыкадан ойын-жаттығу** «Ән салған кім?» Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** **$10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** **$10^{55}$-$12^{00}$** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. **Тақпақ.** Жақсылықты | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі | **Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? | | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алақай, алақай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі | болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа | - Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір | | Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.<br>белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық.<br>музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Үйшік" ертегісін сахналау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою.<br>жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).<br>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.<br>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді | | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту.<br>Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".<br>Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>**(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | салып, балалар тәжірибе жасайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** **$16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** **$16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен** **$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** **$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Пекітілді.
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (10.07-14.07.2023ж)

Шілде айы II-апта

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә
Бектұрған А.Е

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **10.07.2023ж** | **11.07.2023ж** | **12.07.2023ж** | **13.07.2023ж** | **14.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту. **(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".** Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Үй салу" ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас $09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық $09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау) | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Қабырғасы керегі, (Шапалақтау)<br>Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br>Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Үшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою)<br>Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму)<br>Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу)<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | тұрады.<br>оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады.<br>Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қайдан құлақ шығарса.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман жидектерін тереміз»<br>Орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорын жидектердің атауларымен толықтыру, атауларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Қуырмаш» саусақ ойынын ойнаймыз<br>Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Жидегі бар себет»<br>Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер мен себетін мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Кел, би билейік»<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың суретімен нақтылау. Сөздің грамматикалық қатарын қалыптастыру. Көру, есту қабілеттерін дамыту. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын, қимыл мен сөз байланысын дамыту. Мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | ұқыптылыққа тәрбиелеу. | үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды құсам да, | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | еритінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық,<br>келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды,<br>жадыраса құлайды.<br>(Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Доңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Сөз ойла, тез ойла" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Ойынның мақсат- | **"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, | **"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.** | **"Не өзгерді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға карауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. | **"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттер: балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатуға болады. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары сатып алушылар.<br>ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. ойынға жалпы басшылық жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Үйшік" ертегісі бойынша үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегіні мұқият тыңдап, көруге үйрету, кейіпкерлерді тануға, ертегіге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.<br>балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Өз үйіңді тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды биік-аласа, үлкен-кіші, оң жақта, сол жақта - деген ұғымдарды айтуға, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>Қажетті құралдар: «Ағаштардың бейнесі». Үйлердің суреттері.<br>Ойын барысы:<br>балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.<br>**(танымдық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту.<br>Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | материалынан қуыршақ жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | пішіндер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар.<br>Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді.
[illegible]
16.06.23

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (17.07-21.07.2023ж)**

**Шілде айы III-апта**

**Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.**
**Бектұрған А.Е.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **17.07.2023ж** | **18.07.2023ж** | **19.07.2023ж** | **20.07.2023ж** | **21.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күнім, күнім, қайдасың?<br>Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Қолды жайып бұрайық,<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау.<br>Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br>**(танымдық дағдылар)**<br>**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді.<br>Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.<br>Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. | Көк аспанда сұр қыран.<br>Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жердің екі бетіне<br>Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(танымдық дағдылар)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет $09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** «Көкөністерге арналған себеттер» Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу. | **Дене шынықтырудан ойын жаттығу** «Бірінші байлық денсаулық» Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» Балаларға өмірдегі жақсы мен жаманды айыра білуді үйрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы игі істерге жақын болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** «Жидектер қайда жасырылған» Балаларға штампинг әдісін таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдау, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер, олардың пішіні, түсі туралы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні туралы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу** «Сиқырлы дәрумендер» Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын | **Қаңқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қаңқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар  нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген | анықтау.<br>Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда | кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қаңқыз. Қаңқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қаңқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу | Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету.<br>- Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрышқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген | Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау.<br>Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады. қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аудорту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздерінді ашыңдар,<br>Кірпіктерінді көтеріңдер.<br>Беттерінді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштерінді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделерінді алақанмен сипаңдар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.<br>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз.<br>Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымызды ң есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Түрлі-түсті су" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай! | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ортасына қоямыз.<br>Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар , су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.<br>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді.<br>Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету **(танымдық дағдылар)** | | **әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді.
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (24.07-28.07.2023ж)

Шілде айы IV-апта

Тәрбиешілер: Жасек П. Ә.
Бектұрған А. Е.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **24.07.2023ж** | **25.07.2023ж** | **26.07.2023ж** | **27.07.2023ж** | **28.07.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерінің шаңын сүрту**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады.<br>көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады.<br>Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Көкөністер»<br>Көгөністердің атауларымен таныстыру. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Хош иісті гүлдер»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>«Себеттегі көкөністер»<br>Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>«Біздің көкөністер»<br>Балалардың ұғымындағы көгөністер туралы | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Қоңыраулар үні»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністерді дұрыс айтуды үйрету. Көгөністерді жеке атау және жалпылау түсінігін қалыптастыру. Сөз тіркестерін құру және зат есім мен сын есімді байланыстыруды үйрету, сөздерді дұрыс айтуды дамыту. Сөздік қорын толықтыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Адамдармен сөздік қарым-қатынасқа құру белсенділігін дамыту. Адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. | тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру. | ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажыратуды үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты карауға тәрбиелеу. | дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде | үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен | Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады.<br>Алаңның ортаңғы екі шетінде | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. | Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттыктыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тыныштатмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. | бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу** **$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киину біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас** **$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** **$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** **$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** **$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Шұбар тауық" үстел үсті театры.**<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Өзіңе жұп тап" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. | **"Ғажайып қапшық" ойыны.**<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>**"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **"Шалқан" ертегісін сахналау.**<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>**"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.**<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін** | **"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>**"Матрешкаға қонақта" ойыны.**<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.<br>алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстыру, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсету. | | **баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | құрастыра білуге дағдыландыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16³⁰-16⁵⁰** | **"Дауыс арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**16⁵⁰-17⁰⁰** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**17⁰⁰-17⁴⁰** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**17⁴⁰-18⁰⁰** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18⁰⁰-18³⁰** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (31.07-04.08.2023ж)
Тамыз айы I-апта

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә .
Бектұрған А.Е

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 31.07.2023ж | 01.08.2023ж | 02.08.2023ж | 03.08.2023ж | 04.08.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$ | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$ | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** $08^{20}$-$08^{40}$ | **Бөлме өсімдіктерін күту.** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. жалаушаны тығатынын айту. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрау. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. **(танымдық дағдылар)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. | **"Суретті жұмбақтар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Баулар" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.<br>**(танымдық дағдылар)** | іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br>**(танымдық дағдылар)** | Достарымды<br>Шақырамын.<br>Бақ-бақ! Қайдасыңдар?!<br>Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар?!<br>Д. Ахметова<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | жалғастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жел көбік" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Қуыршақпен ойнаймыз".**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде,<br>1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет).<br>3-4 б.қ.<br>Аяқ алшақ, қуыршақ алда,<br>1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу.<br>Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау,<br>1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".<br>5-6 б.қ. келу (3рет).<br>Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 тік тұру,<br>Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып беру. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(дене шынықтыру,** | **"Кішкене өзен арқылы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу.<br>екі сызық сызу (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Мұқият бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. белгі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсету:<br>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі.<br>Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып | **"Қатып қал" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту.<br>Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танымдық дағдылар)** | | қалады.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**09[55]-10[35]** | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың ізі»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту<br>және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Әртүрлі бағыттарда жүгіру»<br>Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Ойыншықтар»<br>Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият<br>тыңдауды үйрету; ертегі мазмұнын өз<br>сөздерімен айтқызу; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату ойнауға, достарына адал болуға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Әдемі гүлдер ашылды»<br>Балаларға умаждалған қағазды бастыру арқылы сурет салу техникасымен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; қолдың<br>ұсақ моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлау, қиял, қабылдау қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Ғажайып әлемі»<br>«Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру.<br>Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>**10[35]-10[55]** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**10[55]-12[00]** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз. | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. | **Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығуғушылықты арттыру.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?<br>- Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол кішкентай болса да | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, бұл терек ағашы. Оған жақындату.<br>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. | Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету.Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру .<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, | ештеңеден қорықпайды. Неліктен?<br>- Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қаңқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>**"Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. бөлменің қарсы бұрышына немесе | кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына | достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. белгі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін бірге бөлме ішінде жүреді. бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итермеcтен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | білдірмей, тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны** |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас $15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Оркестр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. музыкалық аспаптармен таныстыру, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** **"Үйшік" ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. жануарлардың дауыстарын салу. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы деп сұрау? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін басқа жануардың дауысын шығару. Ойын осылай жалғаса береді. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** **"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды ң қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура"ұғымдарын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, | **"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру. Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық. **(сөйлеуді дамыту)** **"Түрлі-түсті су" ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды. **(қоршаған ортамен** | **"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. **(сөйлеуді дамыту)** **"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** | **"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". Ойын барысы: балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(математика негіздері, танымдық дағдылар)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. **(математика негіздері)** | Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу.** Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер.<br>Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету.<br>Таза ауада шынығып,<br>Серуенге шығайық.<br>Киімдерді тез киіп,<br>Ойнап-ойнап алайық. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру. | "Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру. | "Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер. | "Баланың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес. |

Тексерілді
16.06.23

**«Аққогершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (07.08-11.08.2023ж)**

**Тамыз айы II-апта**

**Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.**
**Бектұрған А.Е.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **07.08.2023ж** | **08.08.2023ж** | **09.08.2023ж** | **10.08.2023ж** | **11.08.2023ж** |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | **Асхана бойынша кезекшілік.** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. **(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | **Кітап бұрышын тазалау** Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. **(еңбек дағдылар)** |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түннен бері шығасың.<br>Сенімен бірге оянамын,<br>Жылы нұрыңа шомыламын.<br>Оянамын, жаттығамын,<br>Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Сұр қыраннан озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Жылтырайды қылыштай,<br>Күміс құстай зуылдап,<br>Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Жеті жеңін жауыпты.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді.жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке,шапшаңдық қа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабысты рып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Сыпайы бол" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Орман тұрғындары»<br>Жұмбақтар шешу арқылы жануарларды | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Көңілді ойындар»<br>Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Алтын балық»<br>Балаларға дәстүрлі емес тәсілдер арқылы | **Қоршаған ортадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдардың төлдері»<br>Орман мекендеушілері туралы білімдерін бекіту: | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Денсаулық әуені»<br>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тануды, дұрыс атауды үйрету. Жануарлардың атауларын жеке атауды, топтастыруды үйрету. Ойлау, есту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, белсенді сөздік қорды дамыту. Сын есімді зат есімге байланыстыра айту арқылы сөз тіркестерін дұрыс қолдануын дамыту. Балаларды үлкенді тыңдай білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасаудығы дағдыларын дамыту. | ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ маторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттары және тағы басқа. | жануарларды түр-түсінен айыра білу, орман мекендеушілері арасында қарапайым байланыс орната білу дағдыларын дамыту, олардың өміріне қызығушылық және сезімтал көзқарас тудыру; көру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту және жандандыру; адам тірі табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. | **Ақ қайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс түрлері. Бақшадағы көкеністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Жалаушаға жүгір" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аудару, түстерді ажырата білу.<br>Жүгіру және жүру жаттығулары.<br>Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, | құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады.  қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз | Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады.<br>Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**Балалардың еркін әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым- | **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br>**"Үш аю" ертегісін баяндау.**<br>Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету. | Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем** | жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**"Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.<br>Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп.<br>Үтіктейміз киімді,<br>Қыртыстарын жазамыз.<br>Кірлеп қалса киімдер,<br>Кір жуу машинасына саламыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс $16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.<br>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету<br>**(танымдық дағдылар)** | **Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту.<br>балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.).<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық $16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен $17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу $17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | "Баланың демалыс күндері" атты әңгіме. |

Тексерілді
16.06.23

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (14.08-18.08.2023ж)

Тамыз айы III-апта

Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.
Бектұрған А.Е.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 14.08.2023ж | 15.08.2023ж | 16.08.2023ж | 17.08.2023ж | 18.08.2023ж |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орнына қоюды игерту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Асхана бойынша кезекшілік.**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Бөлме өсімдіктерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Ол не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.<br>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың | **"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бұлттар құстай ұшады, | **"Суретті жина" пазл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте | **"Бір сөзбен ата!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан | **Үстел үсті ойыны: "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.<br>Ойын бір-екі рет қайталанады.<br>Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)** | (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Құстар бұлттай ұшады,<br>Көк аспанда, биікте,<br>(Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)<br>Қанат жайып, ұшады.<br><br>Бұлттар құстай болмайды,<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Құстар бұлттай болмайды.<br>Бұлттар құстай бұтаға<br>(Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)<br>Қанат жайып қонбайды.<br>(Саусақпен бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Лото "Құстар"" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | таратып береді. белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар.<br>Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу.**<br>"Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>"Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>"Құстай қанат самғайық" жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Не өзгерді?"ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім шақырғанын тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану.<br>Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.<br>Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек.<br>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Біз құсты іздейміз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту.<br>қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.<br>құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет.<br>- Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.<br>- Енді, іздеп, табыңдар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Ақ шамшық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Не дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.<br>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.<br>**(музыка)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>«Үй жануарларына арналған үйлер»<br>Құрастыру үшін қажетті бөліктерді атау және | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Сүйікті үй жануарым»<br>Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>С.Көбеев «Құстың ұясы»<br>Балаларға ертегі арқылы мейрімділік, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Жаз» ұжымдық жұмыс<br>Балаларға ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, жаз мезгілінің | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Аңдар әлеміне саяхат»<br>Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. | үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. | мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, еске сақтау қабілетін дамыту; досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу. | қызықтары туралы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова. | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; | **Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар:<br>1. Жәндіктерге нелер жатады?<br>2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі | **Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.<br>- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>- Күннің бізге қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ:**<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін , содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. | сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп | ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тазалауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? | қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді баптау, топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" рөлін, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. | Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ бұтақтарды жинақтау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>**"Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.<br>Мына сөзден кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.<br>**"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: доптар, доға.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.<br>**Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттыктыру.<br>Халық болжамы:<br>• өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>• өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>• бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.<br>**"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді | | | | |

<table>
<tr><td>$12^{00}$-$12^{20}$</td><td colspan="5">жалғастыру.</td></tr>
<tr><td>Түскі ас<br>$13^{20}$-$13^{00}$</td><td colspan="5">Түскі асқа назар аудару; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>$13^{00}$-$15^{10}$</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>$15^{10}$-$15^{30}$</td><td colspan="5">Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>$15^{30}$-$16^{00}$</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>$16^{00}$-$16^{30}$</td><td>"Шұбар тауық" үстел үсті театры.<br>Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>"Өзіңе жұп тап" ойыны.<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау.</td><td>"Ғажайып қапшық" ойыны.<br>Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету<br>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</td><td>"Шалқан" ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.<br>"Түрлі-түсті ыдыс" ойыны.<br>Мақсаты: заттардың түсін ажырата білу қабілетін нығайту</td><td>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.</td><td>"Аурухана"сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету<br>"Матрешкаға қонақта" ойыны.<br>Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке</td><td>"Дауыс арқылы тап"</td><td>Көркем әдебиет</td><td>"Мозаика",</td><td>Дидактикалық ойын</td><td>Көркем әдебиет</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Құрастырғыш" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Кім не естиді?".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **шығармаларын оқу.**<br>Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру. | " Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу. | "Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | "Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу. | "Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру. |

Тексерілді
16.06.23

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (21.08-25.08.2023ж)**

**Тамыз айы IV-апта**

**Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.**
**Бектұрған А.Е.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **21.08.2023ж** | **22.08.2023ж** | **23.08.2023ж** | **24.08.2023ж** | **25.08.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.**<br>Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету.<br>**(еңбек дағдылар)** | **Бөлме өсімдіктерін суару.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарықтандыру мен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Топтың ішін ретке келтір".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шкафтарды, ойыншықтарды тазалауда ересектерге көмектесуге тарту (орындықтарды қатарға қою); еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру.<br>**(еңбек дағдылары)** | **Ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға дағдыландыру; еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** |
| | **"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Бас бармақ – атам,<br>Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым. | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Лото" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Үйге мықты қабырға керек,<br>Адамға жылы үй керек.<br>Жылы үйде тоңбайсың,<br>Ойнайсың да ұйықтайсың.<br>Көп шаруа тындырасың<br>Қонақты да шақырасың.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Менің үйім осындай,<br>Кең, жарық та қонақжай.<br>Шақырамын, келіңдер!<br>Көмектесіп жіберіңдер.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Үй салу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту)**<br>**Пирамидаларды құру жаттығулары.**<br>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Суретті жина" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету.<br>Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер.<br>**(математика негіздері)** | Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**$08^{40}$-$09^{00}$** | **Таңғы жаттығу: "Достық".**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту)<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Кесе, шыны, пияла.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Біздің көшедегі үйлер" тақырыбындағы суреттерді қарау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, өз ойларын толық жеткізуге үйрету. | **"Біз қайда болдық - айтпаймыз..." ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялдық ойлауын дамыту.<br>Балалар таңдаған жүргізуші есіктен шығады, ал қалған балалар мұғаліммен бірге кімді немесе нені | **"Үйді салғым келеді" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйді салғым келеді,<br>(Шапалақтау) | **"Қалпақ және кішкене таяқша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мұқияттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар шеңбер жасай тұрады. Ойын бастаушы белгіленеді, ол кішкене таяқшаны алады да шеңбердің ортасында | **Құрылыс туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сауқтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>1. Ер қадірін ер білер,<br>Зер қадірін зергер білер.<br>2. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.<br>3. Қазаншының өз еркі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** | бейнелейтінін келіседі. Содан кейін жүргізуші кіріп: "Бізге қай жерде болғаныңызды айтыңыз, не істедіңіз?" Балалар жауап береді: "Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" (егер олар акцияны бейнелеуге келіскен болса) немесе "біз кімді көргенімізді көрсетеміз" (егер олар жануарды бейнелесе) және т.б. Ойын барысында мұғалім балаларға жануарлардың немесе заттардың өзіне тән белгілерін табуға және оларды мәнерлі жеткізуге көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Қабырғасы керегі, (Шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (Жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)<br><br>Шатыр болса төбесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Ұшбұрыштай жебесі, (Қос алақандар ұштарын тиістіріп, "шатыр" құру, бастың төбесіне қою) Терезелер - көзайна. (Көздерді ашып-жұму) Мен ғой - үйдің иесі. (Алақандарды өз кеудесіне салу) Д. Ахметова **(сойлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | тұрады. оның басына қалпақ кигізеді. Қалпақ баланың мұрнына дейін кигізіледі, көздеріне тимей-ақ, оның көзін жабады. Балалар қолдарын ұстасып, шеңбер бойымен жүгіреді де: «Бір, екі, үш, төрт бес — кішкене таяқша тықылдайтын болады» - дейді. Бұл уақытта ойын басқарушы жүресінен отырып кішкене таяқшамен еденді тақылдатады. Балалар соңғы сөзбен тоқталады, ал ойын басқарушы кішкене таяқшасын балалар жаққа сілтейді. Кішкене таяқша кімді нұсқаса, сол кішкене таяқшаның ұшынан ұстайды да, ойын басқарушының атын атайды, ал ойын басқарушы кім оны атады, соны табуы керек. Жаңа ойын бастаушымен ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қайдан құлақ шығарса. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет** **$09^{55}$-$10^{35}$** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** «Менің сүйікті жануарым» Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру және пысықтау. Ой-өрісін, танымын дамыту. Еске сақтау, | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** «Татулық табылмас бақыт» Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып | **Жапсырудан ойын-жаттығу** «Менің кішкентай мысығым» Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; бірнеше бөліктерден мысық бейнесін құрастыруды, пішінін анықтауға үйрету; пішіндерді 2 бөлікке кесіп (шаршыны - үшбұрышқа), | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** «Біздің жанымызда не мекендейді» Балаларға үй жануарлары (мысық, ит) туралы түсінік қалыптастыру, жануарлардың дене мүшелері туралы | **Музыкадан ойын-жаттығу** «Көңілді балалар» Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлеу тілін дамыту. Тыңдай білу және ұғыну қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту. | төртбұрышты дөңгелектеуге (бұрыштарды қиып) түрлендіру қабілетін қалыптастыру; қиялды, ұсақ және жалпы моториканы дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | түсініктерін бекіту; балалардың сөздік қорын байыту (үй жануарларының сыртқы ерекшеліктері мен әдеттері), зейін, ойлау, сөйлеуді, жұмбақтарды шешу дағдысын дамыту; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге карауды талап етеді.<br>Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару.)<br>Балалар, көліктер әр түрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жол бойымен ағылып кетіп жатады. | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы мағлұматтар беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге. | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат!<br>Тайтерісін қалтырат,<br>Өрісін құлат,<br>Науа-астауын жылтырат! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке үйрету; бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Түрлі-түсті көліктер" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі-түсті машинар), рөлдер.<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жекелей жаттығулар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына | **"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету.<br>балларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. "көлік" болады. белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.<br>"Көлік келе жатыр! Абай | Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.<br>**"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге | **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек дағдылары)**<br>Үй өсімдігін отырғызуды бақылау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету.<br>**"Ойлан, асықпа" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық,жарық...; «аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу.<br>Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. | машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: үш-төрт шеңбер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу**<br>**$12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас**<br>**$12^{20}$-$13^{00}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз!<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз!<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**$13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**$15^{10}$-$15^{30}$** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Сөз ойла, тез ойла"** | **"Үй құрылысы"** | **"Қуыршақты серуенге** | **"Не өзгерді?" ойыны.** | **"Ою саламыз" саусақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**16$^{00}$-16$^{30}$** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған үнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері<br>Ойын барысы. бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы).<br>Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)** | **шығарайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**""Қысқы және жазғы ойын-сауықтар" лотосы" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту.<br>Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.<br>Ойын барысы:<br>ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Дөңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16$^{30}$-16$^{50}$** | **Тіл ұстарту жаттығуы: "Кім не істейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **"Ақ қоян" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын | **"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай | **"Қуыршақ жиһазы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үлкен лего құрылыс материалынан қуыршақ | **"Кімнің үйі тезірек жиналады» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тасшы тас қалады,<br>Басшы басқарады.<br><br>Досшыл – дос табады,<br>Қасшыл – қас табады.<br><br>Төсшіл – төс қағады,<br>Асшыл – ас бағады.<br><br>Бәсшіл – бәстеседі,<br>Мәсшіл – мәс теседі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын құралдары: қоянның маскасы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | жиһазын жасауға машықтандыру, дизайн дағдыларын дамыту.<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | түсініктерін бекіту, олардың атауларын айтқызу.<br>Балаларға геометриялық пішіндер таратылады.<br>Бөлменің әртүрлі бұрыштарындағы үш шығыршықтың шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндері жатыр. Бұл үйде барлық шеңберлер , бұл жерде барлық шаршылар, бұл жерде барлық үшбұрыштар. Барлығы өз үйлерін тапқанда, балаларға топпен серуендеуге шығады. белгісі бойынша барлығы геометриялық пішінін үйдегіден салыстыра отырып, өз үйін табады.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы**<br>(ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру. | "Отбасындағы еңбек тәрбиесі"тақырыбында ата-аналармен әңгіме. | Ата-аналарға арналған "Дұрыс сөйлеуді үйрету" жаднамалары. | "Балаларға - ойыншықтар" науқанын өткізу | "Демалыс күндері баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру"тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Тексерілді.
16.06.23

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қызғалдақ» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы (28.08-01.09.2023ж)**

**Тамыз айы V-апта**

**Тәрбиешілер: Жасек П.Ә.**
**Бектұрған А.Е.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **28.08.2023ж** | **29.08.2023ж** | **30.08.2023ж** | **31.08.2023ж** | **01.09.2023ж** |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау $08^{00}$-$08^{20}$** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру $08^{00}$-$08^{20}$** | "Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) $08^{20}$-$08^{40}$** | **Үстелдердің жанына орындықтарды қою.** Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. **(еңбек дағдылар)** | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. **(еңбек дағдылар)** | | **Ойыншықтарды сөрелерге қою.** Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылар)** | |
| | **Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. **"Күнім, күнім..."** Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. | | **Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Көркем сөз. "Зымыран".** Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшаға барамын.<br>Нұрыңа толған алаңға<br>Достарымды шақырамын.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жел көбік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(дене шынықтыру)** | Саусақтармен жыбырлап,<br>(Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)<br>Сәулелерді шашайық.<br>Шапалақты қағайық,<br>(Шапалақ қағу)<br>Көңілді болайық.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету.<br>балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | | Ұшып кетті зымыран.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап"**<br>Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі-түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.<br>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу $08^{40}$-$09^{00}$** | **"Достық" жаттығуы.**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**$09^{00}$-$09^{30}$** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық**<br>**$09^{30}$-$09^{55}$** | **"Күн" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка)**<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>- Қанша дыбыс естідіңдер?<br>**(дене шынықтыру)** | | **"Жұбыңды тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Ойыншылар қабырға бойында тұрады. әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. белгі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.<br>Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.<br>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | |
| **Ұйымдастырыл ған іс-әрекет**<br>**$09^{55}$-$10^{35}$** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; куннің сәулесісіз тіршілігі жоқ | **Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтайық"<br>Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге | | **Сурет салу**<br>"Орманға жидек теруге барамыз"<br>Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін тусіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. | жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. | | дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. *Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.* **"Көркем әдебиет** ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""." | |
| **Серуенге дайындық $10^{35}$-$10^{55}$** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен $10^{55}$-$12^{00}$** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік | | **Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн терезен қарайды,<br>Бізге шуақ шашады,<br>Біз шапалақ соғайық,<br>Күнді қарсы алайық!<br>**Еңбек әрекеті:** құм салғышты құммен толықтыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар  нұсқау бойынша көздерін жұмады, балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері  таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері | өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады.<br>Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы.<br>Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады.<br>Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді.<br>Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі.<br>**Еңбек әрекеті:** майда қиыршық тастарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру.<br>**"Аттар"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. | | нөсер жауын бірдей ме?<br>Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын<br>Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз,қоқыстарды жинау.<br>**"Түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету.<br>Жүгіру, жүру жаттығулары.<br>Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрыштқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. белгі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстеріңді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар тиісті тудың жанына жиналады.  қай топтың тез жиналғанын айтады.<br>Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу."Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | Шабарманның қолында - ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. "Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!"<br>**Дене тәрбиесіне арналған ойын:** балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуеннен оралу $12^{00}$-$12^{20}$** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас $12^{20}$-$13^{00}$** | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{10}$** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары $15^{10}$-$15^{30}$** | Оянайық бәріміз.<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**$15^{30}$-$16^{00}$** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**$16^{00}$-$16^{30}$** | **"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.<br>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту.<br>1 нұсқа. жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.<br>2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды.<br>3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>**"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | **"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру)<br>Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтақтарды бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру)<br>Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру<br>Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтақта бүгіп созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау)<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай!<br>Ғарышкерміз, балақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**$16^{30}$-$16^{50}$** | **"Суретті тап"ойыны. (балалар тобымен жұмыс)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.<br>**(танымдық дағдылар)** | **"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс).**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсету<br>**(танымдық дағдылар)** | | **"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Біз шығамыз сапарға,<br>Адымдаймыз қатарда:<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>Адымдаймыз қатарда.<br>Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық**<br>**$16^{50}$-$17^{00}$** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен**<br>**$17^{00}$-$17^{40}$** | Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**$17^{40}$-$18^{00}$** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**$18^{00}$-$18^{30}$** | "Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | | "Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар. | |

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Болашақ» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Бектемін:
«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК –ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының маусым айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

| Айы | Ұйымдасты-рылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Суға түсу, жүгіру, ойнау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет корсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз |

| | | |
|---|---|---|
| | | бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | бетінше кітаптарды карауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - карапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйретуді пысықтау.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-катты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауды пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды пысықтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Балабақша әдіскері: Н.Б. Ажибаева.**

Бектемін: ____________________
«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК –ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының шілде айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;<br>әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) |

| | | |
|---|---|---|
| | | және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б. Ажибаева.**

Бектемін: ___________________
«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК –ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының тамыз айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Кеудеге арналған жаттығулар.***<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш доңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б. Ажибаева.**

Бекітемін
«Аққөгершін»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Болашақ» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

Тексерілді 01.06.2023ж

МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым I-апта (09.05-02.06.2023ж)

**Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы.**

**Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.**

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 29.05.2023ж | *Сейсенбі* 30.05.2023ж | *Сәрсенбі* 31.05.2023ж | *Бейсенбі* 01.06.2023 | *Жұма* 02.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | | | | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | | | | **"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсаты. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | призмалар.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Балабақша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.<br>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)<br>Біздің ортақ үйіміз.<br>Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау)<br>Ойыншықтар, достарымыз.<br><br>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау)<br>Бізбен бірге қоймайды,<br>Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау)<br>Кейіпкерді сомдайды.<br><br>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)<br>Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу)<br>Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу)<br>Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақымақ қасқыр"ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу:** | Ояныңдар, тұрыңдар! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **08.45-09.00** | Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық, | | | | |
| **Таңғы ас:<br>09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Міне — қасық, міне — ас.<br>Еш нәрсені қалмас.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:<br>09.30-09.45** | | | | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Кім не істейді?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | | | | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Қос кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жазғы кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қала аспанындағы кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін).<br>Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен**<br>**10.40-12.20** | | | | **Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Зерттеу.** Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген).<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші | **Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Зерттеу.** Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, аланда шығарылған материалмен ойындар:** баяу қарқында ұзақ жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту. | шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.<br>Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, аланда шығарылған материалмен ойындар.<br>**"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас:**<br>**12.30-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету.<br>*Көркемсөз*<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз, кешке де,<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:**<br>**15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | | | | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен балаларға заттың қарапайым, | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет.<br>Театрландырылған қойылым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді";<br>"Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.Тәрбиеші  диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, | **"Алма" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.<br>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16.15- 16.30** | | | | **"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | | | | **Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту.<br>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда | көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші  балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады.<br>Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, тәрбиеші бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың | қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, тәрбиеші - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Жетекші алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. | және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | | | | Ата-аналарға арналған кеңес.<br>"Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі." | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

Тексерілді 05.06.2023ж [signature]

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру циклограммасы маусым II - апта (05.06-09.06.2023ж)**

**Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы.**
**Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.**

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 05.06.2023ж | *Сейсенбі* 06.06.2023ж | *Сәрсенбі* 07.06.2023ж | *Бейсенбі* 08.06.2023ж | *Жұма* 09.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене кызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. | | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздік қорларын молайту.<br>Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді. | Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | сүйіспеншілікті арттыру.<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз.<br>(Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып,<br>(Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай,<br>(Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып,<br>(Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)** | қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас: 09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Жетекші суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. **(сөйлеуді дамыту)** | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".** Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту,** | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.** Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қоямын.Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жұмбақтар әлеміне саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Әсем қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың сандық және реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигураларды ажырата және атай білуге үйрету; заттарды санымен байланыстыру туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Біздің қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Жаз да келді пейілді"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Үйдің құрылысы"<br>Мақсат-міндеттер: Өтілген мүсіндеу техникалар бойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру; ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритм әрекеттерінің көрінісі, балаларды ұзын сопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосуды үйрету; қолөнер жасауда қиял мен шығармашылықты дамыту; ұсақ қол маторикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту; бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбен ұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Таңқаларлық құм"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты | Ережені есте сақтау жаттығуы. Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. | ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, | қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, | көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші  барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек.<br>Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар | сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас:**<br>**12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** | 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16.15- 16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз,<br>(Қол белде, басты екі | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды.<br>Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек.<br>Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде). | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз,<br>(Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз,<br>(Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | **Аула сыпырушының** | **Көліктерді бақылау.** | **Желді бақылау. (сөйлеуді** | **Күнді бақылау. (сөйлеуді** | **Аққайынды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру.<br>Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу.<br>Алаңды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру.<br>Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. | **дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жүрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы | **дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру.<br>Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді.<br>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу .<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады,жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. | Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.."<br>Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:<br>09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:<br>09.30-09.45** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту.<br>Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш" (әңгімесі)"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Балапандарға арналған ұялар"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Гүлдерайым"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұл балапан қандай мықты"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Ертегі құс"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен 10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша | **Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға ойын аланыңа, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады.<br>Құстардың түрі көп болмаса, смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш | **Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Жетекші ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді.<br>Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды.<br>Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын | Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ | тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.<br>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "каздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет". Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | **әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. "Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | | отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу:**<br>**12.20-12.30** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ас:**<br>**12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | **Дамытушылық жаттығу.**<br>"Қандай және қанша айырмашылықтар бар?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар).<br>Барысы. Жетекші балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Логикалық ойын.**<br>"Болашақта неге айналады?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Заттық суреттер мен мнемокарточкалар болуы мүмкін. Жетекші тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін.<br>Барысы.<br>Жетекші атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек.<br>балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Жетекші балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . жетекші "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен таныстыру)** | атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?"<br>ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). | Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16.15- 16.30** | **"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; | **Тілге арналған жаттығу.**<br>Әртүрлі өлеңдер оқу.<br><br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала....<br>Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан - Республикам | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері,** | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. | **"Жұмбақ сан" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | менің!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **сөйлеуді дамыту)** | Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дайындауға, алғашқы ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету;<br>Барысы.<br>Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

Тексерілді 26.06.2023ж

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы маусым айы V -апта (26.06-30.06.2023ж)**

**Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы**
**Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.**

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 26.06.2023ж | *Сейсенбі* 27.06.2023ж | *Сәрсенбі* 28.06.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 29.06.2023ж | *Жұма* 30.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Қуыршақтарды жуындыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. **(еңбек дағдылары)** | | **"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). **(сөйлеуді дамыту)** **"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу | **"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, | | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгеністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін | **"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. **(сөйлеуді дамыту, танымдық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)<br>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**Пазл жинау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері)** | **дағдылар)**<br><br>**"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама беріп, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас:**<br>**09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:**<br>**09.30-09.45** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **Әңгімелесу: "Құс ұясын бұзба; ағаштарды сындырма; демалып отырған орнына қоқыс тастама; бұлақты ластама".**<br>Мақсат-міндеттер: табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөз құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Тікұшақ қайда ұшып барады?" дамытушылық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, тікұшақтың қай жаққа ұшып бара жатқанын анықтап айтуға машықтандыру; кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін пысықтау.<br>Балаларға алдын-ала тікұшақтың қалай қозғалып, ұшатынын бейнежазбалар арқылы көрсетемін. Солдан соң түрлі бағыттарға ұшқан, түрлі кеңістік пен жазықтықта ұшып-қонғаны туралы суреттерді кезегімен көрсетеді.<br>Құралдары: тікұшақтың жоғары, төмен, оң, сол жақтарға ұшқаны туралы суреттері.<br>Балалар мысалы жауаптары: "Тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ солға ұшады", "тікұшақ жоғары ұшады", "тікұшақ төмен ұшады", "тікұшақ жерге қонады", "Тікұшақ аспанда ұшады".<br>Балалар тікұшақтың иілгіш екенін байқайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Нұрлы күн"<br>Мақсат-міндеттер: Жазғы ауа-райы,жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Күлімдеп тұр нұрлы күн"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Әңгімелеп үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету; оқылған әңгіменің мазмұнын меңгерту; еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелеу. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Аспандағы ғажайып құс»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын , зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Әсем табиғат"<br>Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Әрқашан күн сөнбесін!"<br>Мақсат-міндеттер: Аспан денелерімен танысуды жалғастыру, жердегі жарық пен жылу көзі күн туралы кеңірек түсінік беру. Күннің жердегі тіршілік үшін маңыздылығын анықтау. Балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру.<br>**Еңбек әрекеті:** дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру.<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа | | **Раушангүл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау.<br>Су құйғыштарды қолдану.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Тәрбиеші балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін бекіту, "кемпірқосақ" жайлы түсініктерін кеңейту.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ұсақ бұтақтардан жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, ортақ тапсырманың орындалуына қол жеткізу, өзара көмекке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір | бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған** | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды.<br>Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күннің суретін сал" қимылды ойыны-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту. | баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастардан секіру".**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті дамыту. | **материалмен алаңдағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. | | **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**"Түрлі-түсті жолақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті жылдам бағдарлау біліктіліктерін дамыту, кемпірқосақ түстерін бекіту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты, көру қабілеттерін дамыту "Нысанға тигіз". |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтырушаралары: 15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы: балаларға алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынамын. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. | | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады.<br>Балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтып, диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:**<br>**16.15- 16.30** | **"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Өрнекті жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың? | | **"Сөйлем құра"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: сұрақтарға толық, нақты жауап беру біліктіліктерін пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз.<br>Б. Кірісбаев.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | "Балалалық ұяндық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | "Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу. | Кеңес "Баланы еңбекке баулу". |

Тексерілді
03.07.2023ж
[signature]

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру циклограммасы шілде І - апта ( 03.07-07.07.2023ж)**

**Тәрбиешілер:** Әсіл Айгүл Жаппарқызы.
Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 03.07.2023ж | *Сейсенбі* 04.07.2023ж | *Сәрсенбі* 05.07.2023ж | *Бейсенбі* 06.07.2023ж Демалыс | *Жұма* 07.07.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен шынықтыру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | **"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші үйдің | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. | | | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді. | Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | | сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас: 09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Ана" тақырыбында әңгімелесу, суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | Балабақша ауласындағы ағаштар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу:**<br>Ы. Алтынсарин "Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға өмірдің әртүрлі | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>«Лунтик пен оның достарының саяхаты»<br>Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардың теңдігі мен теңсіздігі туралы | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Құлпынайдан жасалған тосап»<br><br>Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен | | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Жидектер»<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағдайларында саналы әрекет жасауды үйрету; ананы құрметтеу сезімін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өз күшіне сену қасиеттерін дамыту.<br>Көрнекілік материалдар. Күлімдеп тұрған күн. Ыбырай Алтынсариннің суреті. «Ана» тақырыбына байланысты суреттер. | білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>Маусымжан<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру. | | түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін | | **Шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шыршаның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу .<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру.<br>Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу.<br>Алаңды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын | байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жүрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті:** Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; | | көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**Ересек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атап, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап | болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады.<br>Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Жетекші  ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.<br>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Жетекші :<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. | | **дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. (**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.<br>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудартуы; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | | ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16.15- 16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы**.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі. | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық:**<br>**16.30 – 16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу:**<br>**17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):<br>**18.00- 18.30** | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру циклограммасы шілде айы II -апта (10. 07-14. 07. 2023 ж)

Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы.
Сайдвалиева Гулзира Еркінбайқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 10.07.2023ж | *Сейсенбі* 11.07.2023ж | *Сәрсенбі* 11.07.2023ж | *Бейсенбі* 13.07.2023ж | *Жұма* 14.07. 2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Өнер алды - қызыл тіл".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Гүлдер .<br>Көктемде жайнар алқаптар -<br>(Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру").<br>Айналаға гүл қаптар.<br>(Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.)<br>Шашағы аппақ түймедақ,<br>(Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. )<br>Көктікен мен қызғалдақ<br>Жердің көркін ашады.<br>(Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"-саусақтарды кесеше жинау).<br>(О.И. Крупенчук; Е.Елубаев)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Оюлы текемет".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу:**<br>**08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Қызыл-жасыл гүл ектік,<br>Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық.<br>А. Меңжанов. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыр)** | | | | |
| **Таңғы ас:**<br>**09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөзді** | | | | |
| **Ұйымдастырылған ойын жаттығуға дайындық:**<br>**09.30-09.45** | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері | **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар.<br>(Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ, | **"Неге солай?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ.<br>(Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған ойын жаттығу: 09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>« Жазғы гүлдер»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға жаз құбылыстары, табиғаттағы ерекшеліктері, жазғы гүлдер туралы түсіндіру. Жаз мезгіліне сай суреттерге сипаттама бере білуге үйрету. Сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту. Гүл бөліктерін ажырата білуге үйрету. Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге, жүйелі сөйлеуге, сөлемдердің грамматикалық | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу:**<br>« Көңілді ойындар»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу:**<br>«Әдеби шығармалар әлемінде»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға кітаптан білім алуға болатынын, оны шығару үшін көп адамдар еңбектенетіні туралы түсіндіру; кітапқа қызығушылықтарын ояту; еске сақтау, түсіну дағдыларын дамыту; кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу Батпырауық**<br>Мақсат-міндеттер: Қарындаш/фломастерді дұрыс ұстау, қағаз бетінде бағдарлау, түзу сызық, өрнек салу біліктілігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне көмек қолын созуға тәрбиелеу.<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Би билейміз баршамыз»<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Табиғат патшалығына саяхат»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қуанышты көңіл-күй туғызу, эмоционалды сезімталдықты ояту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу қабілетін, тапқырлығын дамыту. Балаларды табиғатты сүюге, құрметтеуге, жануарлар әлеміне деген қайырымдылыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылысын дұрыс құруды үйрету. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | | | қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>(Құмырсқа)<br>Көркем сөз.<br>Ұзын мұрты құмырсқа.<br>Бара жатты жұмысқа<br>Допты алып қолына,<br>Қойдым оның жолына<br>Оң жағына қарады,<br>Сол жағына қарады.<br>«Биік тау,» - деп ойлады.<br>**Бақылау.** Құмырсқалар ұсақ, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің астында өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы.<br>**Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Құмды қопсыту. **(еңбек дағдылары)**<br>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге | **Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап,<br>Бөтегесі томпиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>**Бақылау.**<br>Немен қоректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру)**<br>«Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Аланда секіру, жүгіруді бекіту.<br>**Еңбек.** Құстарды тамақтандыру.<br>Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық-тербеткіш.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | **Ағаштарды бақылау ( терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясынаән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту.<br>**Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | **Өз бетімен ойындар.**<br>Айналмамен ойнау.<br>Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру.<br>Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Құмнан шаһар жасау.<br>Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын арттыру. | | қалыптасады.<br>**Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Жетекші суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қоямын.Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қасқыр мен қоян" ертегісі** Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруді талап ету; сөздік қорды молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** Мысыққа қонаққа барамыз Мақсат-міндеттер: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердін шақыру қабілетін бекіту. **Музыкадан ойын-жаттығу** Көңілді арбакеш әні Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** Көңілді ойындар Мақсат-міндеттер:Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** Ертегідегідей гжель (тосапқа арналған ыдысты мүсіндейміз). Мақсат-міндеттер: «Ертегідегідей гжель» тақырыбында балалардың сөздік қорын дамыту. Дәстүрлі емес тәсілдер арқылы ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ маторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, қолөнер шеберлері және тағы басқа. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** **Епті, мықты, батылмыз** Мақсат-міндеттер: Физикалық қасиеттерді дамытуды жалғастырыңыз: ептілік, дәлдік, қимыл қозғалыс кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді; кеңістікті бағдарлауды қалыптастыру; балаларға аула ойындары туралы білім беру, оларға осы ойындардың ерекшеліктерін жеткізу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. Педагог әрбір баланың | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. Ережені есте сақтау жаттығуы. Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Педагог бүршіктерден терек мамықтарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. | ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке | **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық | "Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. | шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші  барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек.<br>Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды | сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене** | болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): **16.00 – 16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** | Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:**<br>**16.15- 16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы**.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз,<br>(Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. **(танымдық дағдылар)** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайта төмен түсіреміз,<br>(Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз,<br>(Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне | **Ағаштарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың ерекшеліктерін атау; ағаштың әсемдігіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру.<br>Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу.<br>Аланды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру.<br>Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға | барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** аланды тастардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге | желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. | баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, карауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру.<br>Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді.<br>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). | тамсану сезімін тәрбиелеу .<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**Ересек әрекеті:** ауланы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атап, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | дағдыландыру.<br>тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. (**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | Г. Кужагулова.<br>**Еңбек әрекеті:** сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру циклограммасы тамыз айы III -апта (14.08-18.08.2023ж)

Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы.
Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 14.08.2023ж | *Сейсенбі* 15.08.2023ж | *Сәрсенбі* 16.08.2023ж | *Бейсенбі* 17.08.2023ж | *Жұма* 19. 08. 2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты колдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс!<br>(Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс!<br>(Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br><br>**"Үйшіктер" құрылыс ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ойын жабдықтары.<br>**(құрастыру)** | **"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көкркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу:**<br>**08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Қызыл-жасыл гүл ектік,<br>Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық.<br>А. Меңжанов. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыр)** | | | | |
| **Таңғы ас:**<br>**09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөзді** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:**<br>**09.30-09.45** | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім,<br>(Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды,<br>(Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған.<br>(Шапалақтап) | **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар.<br>(Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ,<br>(Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ.<br>(Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ,<br>(Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ.<br>(Шапалақтау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Неге солай?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Жазғы ойындар<br>Мақсат-міндеттер: Жаздың ерекшеліктерін, құбылыстарын пысықтау. Балаларды сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауын, зейінін дамыту. Саламатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын сақтауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>Менің сүйікті үй жануарым<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру ( 3,5–6,5 метрден кем емес) дағдыларын дамыту; балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қасқыр мен қоян" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруді талап ету; сөздік қорды молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>Менің қалаған үй жануарым<br>Мақсат-міндеттер: Бұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше таңдауға және жоспарлаған жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; тәуелсіздікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>**Біз өмірдің гүліміз**<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>**Тотықұс**<br>Мақсат-міндеттер: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар аудурту, құстарға күтім жасау ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру,** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау | **дене шынықтыру)**<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. | Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару.<br>Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.<br>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.<br>Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау.<br>Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ | Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).<br>Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.<br>Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық.<br>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай | **таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі | "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету | арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>(кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" | сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп | **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | біліктілігін қалыптастыру. | болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

<table>
<tr><td>Бесін ас: 15.40- 16.00</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>16.00 – 16.15</td><td>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.<br>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</td><td>"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдық: доп.<br>Барысы.<br>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады.<br>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</td><td>Дамытушылық ойын.<br>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</td><td>"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы.<br>Барысы.<br>Балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с..<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</td><td>"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту.<br>Керекті құрал-жабдық. Доп.<br>Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс: 16.15- 16.30</td><td>Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау.<br>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</td><td>"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер</td><td>"Су кімге керек?" әңгімелесуі.<br>Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы</td><td>"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету.</td><td>"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту.<br>Жаз мезгілінде болатын</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

**МКҚК-ны «Аққогершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы IV-апта(21.08-25.08.2023ж)**

Тексерілді

**Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы**

**Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.**

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 21.08. 2023ж | *Сейсенбі* 22.08.2023ж | *Сәрсенбі* 23.08.2023ж | *Бейсенбі* 24.08.2023ж | *Жұма* 25.08.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер коректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой | **Саусақ жаттығуы.** Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ саусақты ашып | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады,жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. | Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.."<br>Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Соз қолынды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:<br>09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:<br>09.30-09.45** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту.<br>Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш" (әңгімесі)"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Балапандарға арналған ұялар"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Гүлдерайым"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұл балапан қандай мықты"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Ертегі құс"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен**<br>**10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші  қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші  белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала  айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша | **Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші  балаларға ойын алаңына, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады.<br>Құстардың түрі көп болмаса, смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың əні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш | **Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Жетекші ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді.<br>Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды.<br>Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын | Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ | тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.<br>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет". Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | **әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. **"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. "Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | | отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу:<br>12.20-12.30** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ас:<br>12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.10-15.40** | Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):<br>**16.00 – 16.15** | **Дамытушылық жаттығу.**<br>"Қандай және қанша айырмашылықтар бар?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар).<br>Барысы. Жетекші балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Логикалық ойын.**<br>"Болашақта неге айналады?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Заттық суреттер мен мнемокарточкалар болуы мүмкін. Жетекші тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін.<br>Барысы.<br>Жетекші атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек.<br>балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Жетекші балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . жетекші "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен таныстыру)** | атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?"<br>ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б). | Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16.15- 16.30** | **"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; | **Тілге арналған жаттығу.**<br>Әртүрлі өлеңдер оқу.<br><br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала....<br>Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан - Республикам | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері,** | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. | **"Жұмбақ сан" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | менің!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **сөйлеуді дамыту)** | Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | дайындауға, алғашқы ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету;<br>Барысы.<br>Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

**МКҚК-ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Болашақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының циклограммасы тамыз айы V -апта (28.08-01.09.2023ж)**

Тәрбиешілер: Әсіл Айгүл Жаппарқызы

Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы.

| Апта күндері / Күн тәртібі | *Дүйсенбі* 28.08.2023ж | *Сейсенбі* 29.08.2023ж | *Сәрсенбі* 30.08.2023ж Демалыс | *Бейсенбі* 31.08.2023ж | *Жұма* 01.09.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.30** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Қуыршақтарды жуындыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. **(еңбек дағдылары)** | | **"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі мен сын есімді байланыстыру). **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу | **"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі. **(танымдық дағдылар)** | | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).** Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)<br>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**Пазл жинау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп, | | | | |
| **Таңғы ас: 09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br>Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **Әңгімелесу: "Құс ұясын бұзба; ағаштарды сындырма; демалып отырған орнына қоқыс тастама; бұлақты ластама".**<br>Мақсат-міндеттер: табиғатты аялау қағидаларына бейімдеу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | | **"Еркелетіп ата" дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жана сөз құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Нұрлы күн"<br>Мақсат-міндеттер: Жазғы ауа-райы,жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Күлімдеп тұр нұрлы күн"<br>Мақсат-міндеттер: | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Аспандағы ғажайып құс»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын , зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру іскерліктерін жетілдіру; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Әңгімелеп үйренеміз. А. Осеева "Тәтті тоқаш"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету; оқылған әңгіменің мазмұнын | | білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** "Әсем табиғат"<br>Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | меңгерту;<br>еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;<br>оқиғаны өмірмен байланыстыра айту дағдысын дамыту; ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуенге дайындық: 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.40-12.20** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру.<br>**Еңбек әрекеті:** дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру.<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы | | **Раушангүл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау.<br>Су құйғыштарды қолдану.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ | әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Бақшадағы тауықтар"** | | жетілдіру.<br>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Тәрбиеші балаларға цифрды көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады.<br>Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастардан секіру".**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті дамыту. | **қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. | | қашуды жалғастырады. Егер қуыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күннің суретін сал" қимылды ойыны-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас: 12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтырушаралары: 15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас: 15.40- 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): **16.00 – 16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы: балаларға алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынамын. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің | | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16.15- 16.30** | **"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Өрнекті жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; | | **"Сөйлем құра"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Серуенге дайындық: 16.30 – 16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50 – 17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу: 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес): **18.00- 18.30** | "Балалалық ұяңдық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | "Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу. | |

**Бекітемін**
**«Аққөгершін»бөбекжай**
**балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек**

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

**2022-2023 оқу жылы**

**Бектемін**
**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының**
**меңгерушісі Г.Б. Нарбек.**

**МКҚК –ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Бүлдіршін» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының маусым айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, |

| | | |
|---|---|---|
| | | суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;<br>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б. Ажибаева.**

Бектемін: ___________
«Аққогершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК –ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Бүлдіршін» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының шілде айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;<br>- негізгі қимыл түрлері: ырғақты жаттығулар дағдыларын жетілдіру;<br>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;<br>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,<br>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;<br>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;<br>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;<br>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) |

| | | |
|---|---|---|
| | | және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;<br>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді. |
| | Көркем әдебиет | - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;<br>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;<br>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | Математика негіздері | - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын,<br>- олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;<br>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне<br>- сенімділікке баулу;<br>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;<br>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;<br>- еңбектің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);<br>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);<br>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. |
| | Құрастыру | - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;<br>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;<br>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Сурет салу | - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулуды пысықтау. |
| | Мүсіндеу | - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |
| | Жапсыру | - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;<br>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулуды пысықтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка | - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйретуді пысықтау.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауды пысықтау.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды пысықтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

**Балабақша әдіскері:** **Н.Б. Ажибаева.**

Бектемін: ______________________
«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі Г.Б. Нарбек.

**МКҚК –ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Бүлдіршін» ересек тобының 2022-2023 оқу жылының тамыз айының жазғы сауықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Тамыз | Дене шынықтыру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене саналарын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Кеудеге арналған жаттығулар.***<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>***Велосипед тебу:*** екі немесе үш доңғелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. |
| | Қоршаған ортамен танысу | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. |

**Балабақша әдіскері :** *[signature]* **Н.Б. Ажибаева**

**Бекітемін**
**«Аққөгершін»бөбекжай**
**балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек**

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы "Бүлдіршін" ересек тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының апталық циклограммасы

**2022-2023 оқу жылы**

Тексерілді 01.06.23ж

« Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 1 апта (09.05-02.06.2023ж) Маусым айы

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | 29.05.2023ж | 30.05.2023ж | 31.05.2023ж | 01.06.2023 | 02.06.2023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | | | | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады.<br>Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Балабақша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.<br>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)<br>Біздің ортақ үйіміз.<br>Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау)<br>Ойыншықтар, достарымыз.<br><br>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау)<br>Бізбен бірге қоймайды,<br>Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсаты.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Кейіпкерді сомдайды.<br><br>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)<br>Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу)<br>Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу)<br>Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақымақ қасқыр"ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Оянындар, тұрындар!<br>Мұнда мойын бұрындар,<br>Жаттығулар жасайық, | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Міне — қасық, міне — ас.<br>Еш нәрсені қалмас.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылға** | | | | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-** | **«Кім не істейді?" сөздік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **н іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | | | | **ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | | | | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жазғы кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Қос кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қала аспанындағы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | | | | **Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер: өрмекшілер | **Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Зерттеу.** Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген).<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа | Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Зерттеу.** Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда".** | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар:** баяу қарқында ұзақ жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту. | **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.<br>**"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету.<br>*Көркемсөз*<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз, кешке де,<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары:15.10-15.40** | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | | | | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады.<br>Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен  балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. Театрландырылған қойылым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Алма" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда | Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.<br>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.Тәрбиеші диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16-.15-16.30** | | | | **"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды. | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | | | | **Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат, | ***Желді бақылау.***<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>***"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.***<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту.<br>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, тәрбиеші бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған | объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың | тәрбиеші - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-каздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Жетекші алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. | бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | | | | Ата-аналарға арналған кеңес. "Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі." | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

« Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 2 апта (05.06-09.062023ж) Маусым айы

Тексерілді 05.06.2023г

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **05.06.2023ж** | **06.06.2023ж** | **07.06.2023ж** | **08.06.2023ж** | **09.06.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.<br><br>**"Қане, көрсет" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды | Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуіміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр).<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. | заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сынай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, | Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)** | отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету)<br>Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).<br>**(математика негіздері)** | біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) | | қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Жетекші суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Жетекші түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жұмбақтар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Әсем қала" Мақсат-міндеттер: Балалардың сандық және реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигураларды ажырата және атай білуге үйрету; заттарды санымен байланыстыру туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** "Біздің қала" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жаз да келді пейілді" Мақсат-міндеттер: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Үйдің құрылысы" Мақсат-міндеттер: Өтілген мүсіндеу техникалар бойынша бұйым жасап үйренуді қалыптастыру; ауызша нұсқаулық бойынша, алгоритм әрекеттерінің көрінісі, балаларды ұзын сопақшаны есіп, бір-біріне тығыз қосуды үйрету; қолөнер жасауда қиял мен шығармашылықты дамыту; ұсақ қол маторикасын, үйлестіру қозғалысын дамыту; бастаған жұмысын аяқтауға, ермексазбен ұқыпты жұмыс жасаға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Таңқаларлық құм" Мақсат-міндеттер: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, | жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға | ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша | балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, | беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек.<br>Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. | дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден | балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | **ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудартту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың | кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жануарлар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға | Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | | келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Жетекші балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Кім спортшы?" жаттығуы**.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым. | Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау), Отбасыда бес салмақ, Барлық саусақ – жолдасым, Жұдырығым – отбасым. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру. Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жүрғанын айтады. ***"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.*** Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу. күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді. Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар. Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру. Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін | **Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттер: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу . Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау. Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ететінін әңгімелеу.<br>Алаңды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар. | суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. | дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Жетекші  ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда, | жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді. Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>**Еңбек әрекеті:** сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша | және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**Ересек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жетекші балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады.<br>Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып | Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | "Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Жетекші :<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады.<br>"Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. (**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау | отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.<br>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.<br>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | | "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта (19.06 - 23.06.2023ж) Маусым айы

Тексерілді 12.06.2023г

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | 12.06.2023ж | 13.06.2023ж | 14.06.2023ж | 15.06.2023ж | 16.062023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br><br>**"Үйшіктер" құрылыс ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ойын жабдықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.**<br>Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады.<br>**(құрастыру)** | **"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көкркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.<br>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету)<br>Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету)<br><br>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету)<br>Қағаз бетін баса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)<br><br>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету)<br>Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)<br>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму)<br>"Сәлем" деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау) |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу** А. Меңжанова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>Қызыл-жасыл гүл ектік,<br>Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық. | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөзді** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай | **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар.<br>(Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ, | **"Неге солай?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ.<br>(Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Су-тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға су туралы айту, судың маңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздік қорларын молайту; сөз байлығын, дүниетанымын, ой өрісі мен зейінін дамыту; қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Тұп-тұнық су"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; балаларда жүруді жүгірумен кезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгіру дағдыларын жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Аққу - қаздар" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту; адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Тоғандағы балықтар»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі боялған сабын көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасымен таныстыру; адам үшін судың маңызы жайлы білімдерін бекіту; шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ата-ананы тыңдаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Сиқыршы су»<br>Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсінік беру.Балаларды ойларын жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе арқылы балалардың су туралы білімдерін нығайту.Балаларды табиғатқа, суға қамқор болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, | **"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)**<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару.<br>Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.<br>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.<br>Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар тексeлері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).<br>Су күннің көзінде ысыйды.<br>Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.<br>Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық.<br>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен | **Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын** | Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтың | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>(кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша? | кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз- | Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл тұқымын жинау.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді.<br>"Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойиншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту:  ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | сомдайды.<br>Ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды.<br>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі  ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудартуу; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.15** | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы. | **"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдық: доп.<br>Барысы.<br>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады.<br>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін | **Дамытушылық ойын.**<br>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл | **"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы.<br>Барысы.<br>Балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, | **"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту.<br>Керекті құрал-жабдық. Доп.<br>Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен  балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.<br> Адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.<br> Ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін.<br>Соңында  балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты | бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар.<br>Барысы.<br> балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.<br>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br> диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын | ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br> ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. | ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру.<br>Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек | көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді.<br>Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану -адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды.цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет.Ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Су кімге керек?" әңгімелесуі.**<br>Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету.** Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту.**<br>Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **18.00-18.30** | | | | | |

Тексерілді 19.06.2023ж

**Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 4 апта (19.06-23.06.2023ж) Маусым айы**

**Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.**
**Нарбек Ұ. Б.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | 19.06. 2023ж | 20.06.2023ж | 21.06.2023ж | 22.06.2023ж | 23.06.2023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсатміндеттер: көркем сөзді | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. | мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. | Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек.<br>Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(** | | қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылға** | **"Не қалай** | **"Қимылдарға қарап, нені** | **"Көкек" ертегісі желісін** | **"Жеріміздің ғажайып** | **"Ұшты, ұшты не** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **н іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **көрсеткенімді айт?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. **(дене шынықтыру)** | **әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау. **(көркем әдебиет)** | **құстары" тақырыбына әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше құстар туралы ұғымдарды дамыту. Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **ұшты?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! Ұшты - ұшты қарға ұшты! Ұшты - ұшты арба ұшты! Ұшты - ұшты дауыл ұшты! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Балапандарға арналған ұялар" Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Бұл балапан қандай мықты" Мақсат-міндеттер: Балаларды | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Ертегі құс" Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Құстар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет:09.45-10.30** | қарлығаш" (әңгімесі)"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Гүлдерайым"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан. | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар. | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне | **Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші  балаларға ойын алаңына, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, смартфонына жазылған | **Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Жетекші ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші  балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. | (Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші  қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында | көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші  белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала  айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа | құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды. Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.<br>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".<br>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету.<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | тәрбиелеу.<br>**"Қаршығa мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. | ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | "Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | | желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүру және жүгіру техникасын пысықтау. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Үстел үстіндегі бесін асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | **Дамытушылық жаттығу.**<br>"Қандай және қанша айырмашылықтар бар?" | **Логикалық ойын.**<br>"Болашақта неге айналады?"<br>Мақсат-міндеттер: | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **Дамытушылық жаттығу.**<br>**"Не өзгерді?"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**16.00-16.15** | Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар).<br>Барысы. Жетекші балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, | балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Заттық суреттер мен мнемокарточкалар болуы мүмкін. Жетекші тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін.<br>Барысы.<br>Жетекші атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек.<br>балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?"<br>ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Жетекші балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады . жетекші "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы | қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар:<br>Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдарданойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алад жетекші адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.<br>Жетекші ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Пошта".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. "Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл.<br>Барысы.<br>Жетекші балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу. | мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | (балға, бұрауыш, кемпірауыз, т. б).<br>келісім.<br>Алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады.<br>Жетекші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженеров-құрылысшының жұмыстарын орындайды.<br>диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Жетекші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".**<br>Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазбасы; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау-негізгі міндеттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы, пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді.<br>Балалардың тандауы бойынша рөлдер бөлінеді. қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Жетекші ойын барысында балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді.<br>Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.<br>Соңында балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тыңбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | | сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар.<br>Барысы.жетекші балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.<br>Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады.<br>Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Жетекші ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:**<br>**16-.15-16.30** | **"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Тілге арналған жаттығу.**<br>Әртүрлі өлеңдер оқу.<br><br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала....<br>Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан - Республикам менің!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Жұмбақ сан" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым математикалық амалдар қосу мен азайтуды шығаруға дайындауға, алғашқы ондықтағы алдыңғы және кейінгі сандарды анықтау дағдыларын бекітуге ықпал ету;<br>Барысы.<br>Мысалы, үштен үлкен сан, бірақ бес санынан кіші; қандай сан үштен кіші, баладан сол санды табуды сұрау. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал тәрбиеші аталған саннан үлкен немесе кіші санды айтады. Кейін баламен рөл ауыстыруға болады.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен:**<br>**16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

Тексерілді
26.06.2023ж

Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 5 апта (26.06-30.06.2023ж) Маусым айы

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **26.06.2023ж** | **27.06.2023ж** | **28.06.2023ж** | **29.06.2023ж** | **30.06.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Қуыршақтарды жуындыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. **(еңбек дағдылары)** | | **"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |
| | әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы | қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшеліеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет.<br>Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы | | Барысы.<br>Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет.<br>Театрландырылған қойылым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Алма" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.<br>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | | жағдай туғызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | талдап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!<br>(Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс** | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайың мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайың жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, | | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші  барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның | шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен | | жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші  балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, тәрбиеші - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Жетекші алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | | Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18.00-18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

« Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 2 апта (10.07.-14.07.2023ж) шілде айы

Тексерілді

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **10.07.2023ж** | **11.07.2023ж** | **12.07.2023ж** | **13.07.2023ж** | **14.07.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.<br><br>**"Қане, көрсет" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, | Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр).<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. | заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, | Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Женімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)** | отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету)<br>Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).<br>**(математика негіздері)** | біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) | | қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Оянындар, тұрындар!<br>Мұнда мойын бұрындар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Жетекші  суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Жетекші түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығ**<br>Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек»<br>Мақсат- міндеттер: Балаларға өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауды үйрету; ананы құрметтеу сезімін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өз күшіне сену қасиеттерін дамыту. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** «Мысыққа қонаққа барамыз»<br>Мақсат-міндеттер: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердің шақыру қабілетін бекіту<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>«Гүлдөрайым»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Бұл балапан қандай мықты»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Ертегідегідей гжель»<br>Мақсат-міндеттер:<br>«Ертегідегідей гжель» тақырыбында балалардың сөздік қорын дамыту. Дәстүрлі емес тәсілдер арқылы ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ маторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, қолөнер шеберлері және тағы басқа | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Көкөністер»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балалардың көкөністер туралы білімдерін кеңейту, көкөніс бақшада өседі деген идеяны бекіту; көкөністерді сыртқы түрі бойынша ажырата білуге, оларды атауға үйрету; сөйлеу, ойлауды дамыту; адамдардың жұмысына, олардың еңбек өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; | жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын:<br>"Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға | ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша | балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар”, "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, | беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші  барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын | дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіреді.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден | балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | **ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, | кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жануарлар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға | Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі.<br>Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауанның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | | келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Жетекші балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы**. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол | **Санамақ.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз,<br>(Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз,<br>(Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!<br>(Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау), | Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен:<br>16.50-17.50** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аула тазалығы пен аумақ әсемдігін сақтау үшін күнде еңбек ету керектігі туралы түсінуге, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; аула сыпырушының қолданатын құралдары туралы білімдерін жетілдіру.<br>Балаларға ауланы тазалау үшін арнайы еңбек қажет; аула сыпырушы (тазалаушы) шаштараз, дәрігер сияқты маман адам екендігін түсіндіру.<br>Аула сыпырушының арнайы киімі, құрал-жабдықтарын көрсету; осы заттардың адамның еңбегіне ыңғайлылық пен жеңілдікті қамтамасыз ететінін әңгімелеу.<br>Алаңды сыпырып, содан соң қоқысты күрекпен жинап, арбаға салып, белгілі жерге шығару жүйесімен | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауға, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атауға тарту; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп жұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). | **Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды күнді бақылаудың ережелеріне баулу; күннің Жер шарының, адамның бүкіл табиғат объектілерін, құбылыстарына тікелей әсер ететініне көңіл аудару; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>күнді бақылау алдында, балаларға, күнге қарау үшін, белгілі көк шыныны немесе фотопленканы қолға алып, қарауға болатынын түсіндіреді.<br>Құралдары: фотопленкалар немесе көк шынылар.<br>Іс-тәжірибе: жапырақтардың бір қабат бетін алып, лупамен хлорофил жасушаларын көру.<br>Балалар күннің жасыл жапырақтарының түсін жасыл болуын қамтамасыз ететінін әңгімелейді.<br>Хлоролфиллдің фотосинтез нәтижесінде пайда | **Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қайыңның ерекшеліктерін атау; басқа ағаштардан ажырату; ағаштың әсемдігіне тамсану сезімін тәрбиелеу .<br>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек: көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету; топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру. Қолдағы қоқысты арнайы қоқыс жәшігіне тастау ережесін бекіту.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы. (математика негіздері)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдар: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Жетекші балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға | көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>тастарды арнай жерге, ыдысқа жиналады. Кейін, тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар | - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Жетекші  ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, | болатынын түсінеді.<br>**"Күлімдейміз күндей" жаттығуы.**<br>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды),<br>Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді).<br>Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді),<br>Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кужагулова.<br>**Еңбек әрекеті:** сәбилер тобындағы жолдарды сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды | - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**Ересек әрекеті:** ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлініп, құрауға болады.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады.<br>Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Жетекші :<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады.<br>"Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. (**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады.<br>Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек.<br>Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.<br>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | | | болады.<br>**"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.<br>**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Ата-аналармен "Менің үйім - менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта (17.07.-28.07.2023ж) шілде айы

**Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.**
**Нарбек Ұ. Б.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **17.07.2023ж** | **18.07.2023ж** | **19.07.2023ж** | **20.07.2023ж** | **21.07.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br><br>**"Үйшіктер" құрылыс ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ойын жабдықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.**<br>Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады.<br>**(құрастыру)** | **"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге | **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ортамен таныстыру)** | дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.<br>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.<br>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету)<br>Әдемі сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | саламын. (Сурет салғанды көрсету)<br><br>Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау)<br>Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету)<br>Қағаз бетін баса аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету)<br><br>Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету)<br>Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату)<br>Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму)<br>"Сәлем" деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау) |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br><br>Қызыл-жасыл гүл ектік,<br>Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық.<br><br>А. Меңжанова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөзді** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған.<br>(Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар.<br>(Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ,<br>Екі - саусақ, қызғалдақ,<br>(Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ.<br>(Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ,<br>(Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ.<br>(Шапалақтау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Неге солай?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Балалар күні»<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың ұғымындағы ойын-сауық әлемі туралы түсініктерін жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге, сөйлеуге баулу; еске сақтау қабілеттерін дамыту, тақпақтар, өлеңдер жаттау, мәнерлеп айтуға дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, кішіге қамқор болуға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Емдік гүл»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5-6,5 метрден кем емес) үйрету; балаларда "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, балаларда тізені жоғары көтеріп жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; қимылды ойын арқылы біреуін - алға, екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіру іскерліктерін жетілдіру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Әдеби шығармалар әлеміне»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларға кітаптан білім алуға болатынын, оны шығару үшін көп адамдар еңбектенетіні туралы түсіндіру; кітапқа қызығушылықтарын ояту; еске сақтау, түсіну дағдыларын дамыту; кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу. егісі<br>Мақсат-міндеттер: | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Батпырауық»<br>Мақсат-міндеттер: Қарындаш/фломастерді дұрыс ұстау, қағаз бетінде бағдарлау, түзу сызық, өрнек салу біліктілігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне көмек қолын созуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Би билейміз баршамыз"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br><br>. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Жидектер»<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші  қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың, | **Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші  балаларға ойын алаңына, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады.<br>Құстардың түрі көп болмаса, смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды. | **Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Жетекші ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған | көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып | Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа | Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне | орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді.<br>Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды.<br>Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.<br>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".<br>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту.<br>"Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене | лақтыру дағдыларын бекіту. | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | | Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүру және жүгіру техникасын пысықтау. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас:**<br>**15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**16.00-16.15** | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас | **"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдық: доп.<br>Барысы.<br>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады.<br>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **Дамытушылық ойын.**<br>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер | **"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы.<br>Барысы.<br>Балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық".** | **"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту.<br>Керекті құрал-жабдық. Доп.<br>Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады).<br>Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.<br>Адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", | жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар.<br>Барысы.<br>балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.<br>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына | бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған | Мақсат-міндеттер: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру.<br>Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. | (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге циркті (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "тағам" сияқты жаңа сөздерді айту керек.<br>Ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсеңдету үшін.<br>Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | барады.<br>диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды.цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет.Ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Соңында бalaрмен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16-.15-16.30** | Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Су кімге керек?" әңгімелесуі.**<br>Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. | **"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету.** Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту.**<br>Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | **таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 4 апта (24.07-28.07.2023ж) шілде айы

Тексерілді [signature]

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **24.07. 2023ж** | **25.07.2023ж** | **26.07.2023ж** | **27.07.2023ж** | **28.07.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер коректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс колдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша | **Саусақ жаттығуы.** Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (Сұқ | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру: артикуляцияны жетілдіру: | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. | саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(** | көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру) | көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, | **"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының | **"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше | **"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша тануға, ажыратуға дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**(көркем әдебиет)** | құстар туралы ұғымдарды дамыту.<br>Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты!<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Жабай аңдар түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуді, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуді үйрету; әңгіме мен ертегіні салыстыру арқылы қайсы өмірдегі шындыққы жақын екенін ажыратуды үйрету; ойлау, еске сақтау | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Көгеністерге арналған себеттер"<br>Мақсат-міндеттеБалаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін. тәрбиелеу.<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Доғаның астынан еңбектейміз<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету; тізені жоғары көтеріп,сапта бір-бірден бытырап жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; допты қақпаға домалату іскерліктерін қимылды ойындар арқылы дамыту. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Көгеністер мен Жемістер"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жемістер мен көкөністердің пішіні мен оларға тән ерекшеліктерді жеткізіп көрсете білуге үйрету; шаршы мен тіктөртбұрышты қағаздан әртүрлі пішіндерді қиып алу дағдыларын қалыптастыру; қосарлап бүктеу тәсілі арқылы заттарды қиюға жаттықтыру; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Таңқаларлық құм"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту; аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу. | дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру. | | Балалардың ертегі құс туралы ұғымдарын қалыптастыру; бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа, төзімділікке, құстарға деген мейірімділік пен сүйіспеншілдікке тәрбиелеу. | зерттеу қызметіне қызығушылық.<br><br>Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | ***Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)***<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ, | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты | пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында | тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша | Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс** | тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын** | белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш | немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. **Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды. | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы | шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, | түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі | Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Жетекші балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы.** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Санамақ.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!<br>(Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ, | Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

Тексерілді

« Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 1 апта (31.07-04.08.2023ж) Тамыз айы

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | 31.07.2023ж | 01.08.2023ж | 02.08.2023ж | 09.08.2023ж | 10.08.2023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін пысықтау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аялауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | | | |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>(Сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>(Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>(Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>(Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа,<br>(Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта.<br>(Құстың ұшқанына еліктеу, | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын мақсаты.<br>Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(** | карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ақымақ қасқыр"ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Оянындар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | | | | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **«Кім не істейді?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Т. Тойбазарұлы "Қайтпай қалған қарлығаш" (әңгімесі)"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу; әңгіме мазмұнын өз қиялымен баяндауға | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Балапандарға арналған ұялар"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Бұл балапан қандай мықты"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіру дағдыларын дамыту; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Қош келдің, жаз!"<br>Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жазғы кемпірқосақ" | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Қос кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамыту; бүкіл жан-жануарларға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **жаттығу**<br>"Гүлдерайым"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | | Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қала аспанындағы кемпірқосақ"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; | іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін,қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл- | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші  қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші  белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді | **Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Зерттеу.** Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген).<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға | **Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Зерттеу.** Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады.<br>Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу | Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына | немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы | ұқыпты ауыстыруды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы | тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.<br>Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады.<br>Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".<br>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету.<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту.<br>"Заттар" деп орындықтарды, сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар:** баяу қарқында ұзақ жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту. | көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.<br>**"Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету.<br>*Көркемсөз*<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз, кешке де,<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **Дамытушылық жаттығу.**<br>"Қандай және қанша айырмашылықтар бар?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, | **Логикалық ойын.**<br>"Болашақта неге айналады?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың айналасындағы заттар мен құбылыстар, адамдар мен аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту; логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. | **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту.<br>Барысы.<br>Жетекші балаларға | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер)<br>16.00-16.15 | байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар).<br>Барысы. Жетекші балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Асхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, | Керекті құрал-жабдықтар.<br>Заттық суреттер мен мнемокарточкалар болуы мүмкін. Жетекші тапсырмаларды тек қана сөзбен беруі мүмкін.<br>Барысы.<br>Жетекші атап, көрсеткен жанды және жансыз нысандардың суреттеріне қарап, болашақта нысан неге айналатынын айту керек.<br>балаларға ойын шартын келесі үлгі бойынша түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз нысан?"<br>ұсынған сөз және сөз тіркесі: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жаңбыр қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; фундамент; көшет; үсік жүруі; бидай дәні; жұмыртқа; қар жауып тұр; қар көктемде; желмен ұшқан сары жапырақтар; кеш; көже; көп еңбек; оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Пошта".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға поштаның алатын орны жайлы түсіндіру, онда қызмет атқаратын мамандар туралы жалпы ақпаратты бекіту; ойын барысында өтпелі заттарды (хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; | қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады.<br>Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады .<br>жетекші "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады.<br>Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы. | Барысы.<br>Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады.<br>Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды.<br>Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара | қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет.<br>Театрландырылған қойылым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Алма" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалауы бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдарданойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алад жетекші адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан | топпен бірігіп ойын желісіне қосылуға, өз орнын табуға жетелеу; ой-өрістерін, қиялдарын, қатынастық қабілеттерін, затпен сондай-ақ затсыз әрекет ету біліктіліктерін дамыту; еңбекті құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>"Пошта" жазуы, арнайы, белгіленген орын; қаптамаға арналған қағаз материал, байлауға арналған жіп, қайшы; хат, тапсырыс хаты, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламдар, маркерлер, маркасы бар жетондар, қарындаш желім, телефон, рөл.<br>Барысы.<br>Жетекші балалармен бірге поштаға экскурсия ұйымдастыруы мүмкін, болмаса фотосуреттер, поштаның қызметі жайында бейнеролик көру, таныс сюжет бойынша әңгімелесу.<br>Дайындық кезеңінде педагог байланыс операторы, пошташы, байланыс бойынша кезекші, экспедитор сияқты поштада еңбектенетін мамандардың жұмысын түсіндіреді.<br>Балалардың тандауы бойынша рөлдер бөлінеді.<br>қалған балалар поштаға келеді, қалаулары бойынша өтпелі заттың біреуін алады, оны рәсімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Жетекші ойын барысында | Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.<br>диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.Тәрбиеші диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.<br>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.<br>Жетекші  ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін.<br>Соңында  балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау-негізгі міндеттері.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | балалар ойнаған рөлдер бойынша қосымша сұрақтар қояды, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді. Балалар, сұрақтарға жауап беріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын таниды.<br>Соңында балалармен бірге қортынды шығарады: адамдар арасындағы қарым-қатынас үзіліссіз және жылдам болу үшін, пошта қызметкерлері тынбай еңбек етеді; почта - қоғамдық орындардың бірі, әдептілік ережелерін ұстанып, сақтайтын орын.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | **"Торғай-торғай, тоқылдақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Тілге арналған жаттығу.**<br>Әртүрлі өлеңдер оқу.<br><br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала....<br>Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан - Республикам менің!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды көлемі бойынша салыстыруды, қалың және жұқа заттарды ажыратуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын арттыру.<br>Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br><br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен:** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,** | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту,** | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді** | **Кемпірқосақты бақылау.** | **Желді бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **16.50-17.50** | **қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-** | **көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін,<br>"Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын:<br>"Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, | **дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек** | Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br>**"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен бірессе бір, бірессе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші  барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.<br>Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып | жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған | қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | **дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту.<br>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, тәрбиеші бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бұршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>"Тым-тырақай" ойыны. | - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр.<br>**"Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші  балаларға "аққу-каздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, тәрбиеші - қарама-қарсы жаққа тұрады.<br>Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Тәрбиеші: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, | - Аққу-қаздар, қайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Жетекші алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.<br>Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек."<br>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. | қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.<br>Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Ата-аналарға арналған кеңес.<br>"Бала белсенділігі - оның денсаулық кепілі." | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

Тексерілді

« Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 2 апта (07.08-11.08.2023ж) Тамыз айы

**Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.**
**Нарбек Ұ. Б.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **07.08.2023ж** | **08.08.2023ж** | **09.08.2023ж** | **10.08.2023ж** | **11.08.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыннан кейін топты ретке келтіру".** Мақсат-міндеттер: балаларда тазалыққа, тәртіпке саналы түрде ұмтылу біліктіліктерін шыңдау, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алда атқарылатын қызмет іс-әрекетіне қажет материалдарды таңдап алуды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Ойыншықтарды реттеу".** Мақсат-міндеттер: балаларды жұмыс жасау алдында алжапқыш киюге үйрету; ойыншықтарды ұстау тәртібі: жуу, кептіру, сүртіп орнына қою. Еңбекке баулу. Сумен жұмыс жасау кезіндегі зейінділікті дамыту. Өздерінің және өзгелердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Бұл үйде кім тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? | **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды | **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. | **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, өзінің отбасы мүшелеріне сипаттама береді.<br><br>**"Қане, көрсет" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа иреләндету)<br>Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)<br><br>Тікұшақ ұшып келеді, қане, | Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр).<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. | топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**<br><br>**"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сынай таныту)<br>Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі | Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".**<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.<br>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)<br>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу)<br>Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)<br>Уқалап, жуып береміз.<br><br>Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")<br>Шұңғыл алтын айдай.<br>Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)<br>Айналдырып, жуып береміз.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)** | отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.<br>Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар.<br>Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б.<br>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:<br>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту).<br>Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту )<br>Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету)<br>Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді.<br>Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады).<br>**(математика негіздері)** | қолды уқалау)<br>Салқындап тұр асыңыз!<br>(Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру)<br>Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу)<br>Ызылдайтың жәйменен!<br>(Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Қайнап кетер тоқ пешім!<br>(Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br><br>Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)<br>Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне | | сермейміз.<br>Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйкелеу)<br>Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Ояныңдар, тұрыңдар!<br>Мұнда мойын бұрыңдар,<br>Жаттығулар жасайық,<br>Терезені ашайық. | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, суреттерді әңгімелеу кезінде, отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны туралы ойлармен бөлісуге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері.<br>Жетекші суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады.<br>Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Әңгімелесу: "Мен тұратын қала (ауыл, аймақ)".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүйікті қаласының көрікті жерлері жайлы білімдерін бекіту. Оларды фотосуреттерден тануды және атауды үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеуді, қиялдарын сын есімдерін таңдау біліктіліктерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет көрсету қағидаларына тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Жетекші түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығ** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** «Мысыққа қонаққа барамыз» | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Менің сүйікті | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>«Махаон көбелегі»<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | «Орман - дәрігері» ертегісі Мақсат- міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуді, ертегіні тыңдауды үйрету; ертегіні рөлдерге бөліп ойнату арқылы балалардың еске сақтау қабілеттерін дамыту; ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: Кеңістікте шарлау және оңға, солға, ортасына деген сөздердің шақыру қабілетін бекіту<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** «Ертегілер елі» Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу | жануарларым» Мақсат-міндеттер: Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру ( 3,5–6,5 метрден кем емес) дағдыларын дамыту; балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту. | Мүсіндеудің дәстүрлі емес тәсілдерін оқыту; көбелектің құрылысы туралы білімдерін анықтау; бөлшектерді бір-біріне тығыз жалғауды үйренуді бекіту; ермексаздың қаситеттерін (жұмсақ, икемді, кез келген пішінді алады) түсіндіруді жалғастыру; кескішпен жұмыс істеп үйренуді бекіту. | «Тотықұс» Мақсат-міндеттер: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар аудару, құстарға күтім жасау ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | | | | | |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас:**<br>**15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жеткізілуі мүмкін.<br>Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан- | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді;<br>экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы);<br>экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат | бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады.<br>Жетекші балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы**.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!<br>(Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су | **"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)**<br>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын! | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару.<br>Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау.<br>Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау. | **Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы.<br>Судың қасиеттеріне көңіл аудару.<br>Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық | **Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады.<br>Көркем сөзді жаттау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | Жауған жерін шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.<br>"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық, | Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>(кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы": | (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).<br>Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.<br>Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық.<br>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, | жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>"Кемпірқосақ".<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты.<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүл тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады.<br>Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шыныұтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын | Себетімізге салайық<br>Балалар, жақын келеді,<br>Аю жидегін береді.<br>Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады.<br>Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.<br>**"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | - Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. | Ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.<br>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>- Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасыриннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады.<br>"Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Жетекші ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | | | Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу**<br>**17.50-18.00** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18.00-18.30** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | Ата-аналармен "Отбасындағы еңбек тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жанұя үлгісі" тақырыбында әңгімелесу. | Айына бір рет "Отбасы күнін"өткізу. | "Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбына ата-аналарға арналған кеңес. |

Тексерілді
(signature)

Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта ( 14.08-18.08.2023ж) Тамыз айы

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | 14.08.2023ж | 15.08..2023ж | 16.08.2023ж | 17.08.2023ж | 18.08.2023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br><br>**"Үйшіктер" құрылыс ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ойын жабдықтары.<br>**(құрастыру)**<br><br>**"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.**<br>Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады.<br>**(құрастыру)** | **"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көкркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.<br>Балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды.<br>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.<br>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стакандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.<br>Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды.<br>Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді.<br>Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, қыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең:<br>"Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Адымдар" дамытушылық ойыны.** | жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Оң қолым менің, қалайсың?<br>(Оң қолды көрсету)<br>Жанталасып, не жасайсың? |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br><br>Қызыл-жасыл гүл ектік,<br>Баптап, күттік, түрлеттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суардық.<br>А. Меңжанова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөзді** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Дене мүшелері" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері | **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Қызғалдақтай саусақтар,<br>Өсіп тұр қатар-қатар.<br>(Саусақтарды жыбырлату)<br>Бір - саусақ, қызғалдақ, | **"Неге солай?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі оқиғаның, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдары: жыл мезгілдері | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау)<br>Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары)<br>Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу<br>Мынау – сол қолым.<br>Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)<br>Үш, төрт, бес саусақ,<br>Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру)<br>Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)<br>Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | туралы суреттер.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>«Біз татумыз»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларға достық, татулық туралы мағлұмат беру. Есте сақтау қабілеттерін, танымын, ой-өрісін дамыту. Сөйлеу қарым-қатынасында өзін еркін ұстауға, ойын нақты жеткізе білуге жаттықтыру, ынталандыру. Достық қарым-қатынасты сыйлауға, татулыққа, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>«Достық біздің туымыз»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету; қатарға үшеуден тұру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; 50-60 метрге жүгіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>«Қасқыр мен Қоян ертегісі»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалау дағдыларын дамыту; қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруді талап ету; сөздік қорды молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Ауылда ойналатын жазғы ойындардың спортық құрал-жабдықтары»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға жазғы аулада ойнайтын ойындарға қажетті құрал-жабдықтардың (доп, гимнастикалық шеңбер, секірмежіп) суретін салуды үйрету; балауыз мел мен түрлі түсті қарындаштарды қолдану техникасын жетілдіру; қағаз бетінде сюжетті орналастыруға үйрету; эстетикалық қабылдаулары мен қиялдарын дамыту; спортқа қызығушылық тарын тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>«Таңқаларлық құм»<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларды құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру, балаларға құм өте ұсақ бөлшектерден - құм түйірлерінен тұратынын көрсету; эксперименттік іс-әрекет арқылы себеп-салдар байланысын орната білу, балалардың сөздік қорын кеңейту; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру., зерттеу қызметіне қызығушылық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Біз өмірдің гүліміз"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br><br>. | |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Сауысқанды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе, | **Қарғаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса қар болар,<br>Бұтаға қонар қарғалар.<br>(Ел ауызынан)<br>Балалар қарғаның дыбыстарын | **Торғайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне | **Құстарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға ойын аланыңа, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, смартфонына жазылған | **Құстың ұшуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау.<br>Жетекші ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>(Ел аузынан).<br>Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.<br>Мақсаты: балаларды серуеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу.<br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жетекші балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады.<br>Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.<br>Жетекші<br>- Аққу-қаздар, кайдасыңдар?<br>Қайда қонып, ұшасыңдар?<br>Балалар:<br>- Біз ұшамыз жылы жаққа,<br>Қайтқымыз келеді ошаққа!<br>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады.<br>"Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап | тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды.<br>Жетекші қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан- | көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.<br>"Торғай".<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмасың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Жетекші белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**Еңбек әрекеті:** шығарылған материалдарды құмнан қағып, жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.<br>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.<br>Торғай - шырылдайды.<br>Қарға - қарқылдайды.<br>Сауысқан - шықылықтайды.<br>Бөдене - бытпылдайды.<br>Бұлбұл - сайрайды.<br>**"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымақов.<br>**Еңбек әрекеті:** ағаш тұқымдарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**"Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; дауысты басқаруға үйрету.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге | анықтайды.<br>Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды.<br>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.<br>Құстар аяқтарымен жүреді де секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.<br>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып, қалықтайды. Мысалы, бүргіт биік ұшып, қалықтап, қорегін аңдиды.<br>Балаларға құстардың ұшып, қалыптап жүретінін бейнежазбадан көрсету.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш үгінділерімен бақша үлескесін жабу.<br>Мақсат-міндеттер: жұппен жұмыс жасауға үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**"Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға, ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>**"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.<br>Алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады. ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады.<br>"Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Мені қуып жет".<br>Мақсаты: жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіруді дамыту. | жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалдармен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру. | **"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту.<br>"Заттар" деп орындықтарды, | машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту. | машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру.<br>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар.<br>Күлімдейді алтын күн.<br>Жерде жатыр алтын құм.<br>Құстар ұшты биікке.<br>Сәбіз өсті жүйекте.<br>Кіші болдық желектей,<br>Өсеміз биік теректей.<br>Д. Ахметова.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады.<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сатыларды, діңгектерді көру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті:** "Өзеннен өту". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. | | жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүру және жүгіру техникасын пысықтау. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.<br>Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>**16.00-16.15** | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Барысы.<br>Барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана | **"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдық: доп.<br>Барысы.<br>Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады).<br>Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады.<br>Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу," су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін | **Дамытушылық ойын.**<br>"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл | **"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының үнтаспасы.<br>Барысы.<br>Балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, | **"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту.<br>Керекті құрал-жабдық. Доп.<br>Балалар шеңбер немесе қатар құрып отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді .<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Барысы.<br>Алдымен балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді.<br>Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады.<br>Адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып).<br>Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады.<br>Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды.<br>Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек.<br>Ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін | бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар.<br>Барысы.<br>балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу.<br>Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек.<br>Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын | ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.<br>Барысы.<br>ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.<br>Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.<br>Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. | ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі.<br>Барысы.<br>Балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру.<br>Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек | модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер).<br>Барысы.<br>Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды.цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсеңдету үшін.<br>Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет" ,"өтінемін"сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қояды.<br>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.<br>Соңында балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет.Ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс: 16-.15-16.30** | Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Су кімге керек?" әңгімелесуі.**<br>Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету.** Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту.**<br>Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **17.50-18.00** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгіме. |

Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 4 апта (21.08-25.08.2023ж) Тамыз айы

Тексерілді

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | **21.08. 2023ж** | **22.08.2023ж** | **23.08.2023ж** | **24.08.2023ж** | **25.08.2023ж** |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзіңді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Өсімдіктер құнарлығы".** Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді түру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге жылу мен жарықтың қажеттілігі жайлы білімдерін кеңейту, жапырағы бойынша өсімдіктердің ылғалсүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңке сүйгіш екенін анықтау. Ұқыптылықты, өз іс-әрекетіне сенімділікті, су мен өсімдіктермен істелетін еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін және оны аялауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін қалыптастыру. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі, кәсіпті бойынша | **Саусақ жаттығуы.** Мақсатміндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де. (Сұқ | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға | **"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Мысалы.<br>Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. | саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті, (Бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (Бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (Он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (Қолымызды алға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Не артық?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады.<br>Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.<br>**(** | көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық дағдылар)** | тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларға алдын-ала құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды көрсету мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (Құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (Бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (Төмен отыру) | көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (Аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Торай,шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық,құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа,шаян,<br>Торғай,шымшық...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>Қадыр Мырза Али.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | **Кешенді жаттығу**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу<br>Таңғы асты қалдырмау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 09.30-09.45** | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды дыбыстары бойынша тануға, ажыратуға | **"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, | **"Көкек" ертегісі желісін әңгімелеу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды анаға деген сүйіспеншілікті арттыру; көкек құсының | **"Жеріміздің ғажайып құстары" тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: сыртқы келбеті немесе тіршілігі ерекше | **"Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; құстарға деген қызығушылықты арттыру.<br>Құралдары: құстардың дыбыстары жазылған жазбалар, суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | балапанды неге ұяға баспайтыны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**(көркем әдебиет)** | құстар туралы ұғымдарды дамыту.<br>Құралдары: тотықұс, түйеқұс, пингвиннің суреттері.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді:<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>Ұшты - ұшты арба ұшты!<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Масақ украин халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларға оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып беруді үйрету; өз ойларымен бөлісуге талпындыру; ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Мысық"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қарапайым пішіндерді қағаздан жасауға, бүктемелерді диагональмен дұрыс бүктеуді үйрету; шығармашылық қабілеттерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; үй жануарларына деген ұқыпты және қамқор қатынасты тәрбиелеу.<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Дос болайық бәріміз"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Мақал –мәтелдер мазмұны бойынша әңгімелеу»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды мақал-мәтелдер туралы түсінік беру. Балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру; оларды бір-бірінен ажырата білуге, мәнін терең түсініп, мағынасын аша білуге үйрету; тіл байлықтарын дамыту, шығармашылық елестету қасиетін дамыту; өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін оятып, кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеу | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Мен қалаған үй жануарым"<br>Мақсат-міндеттерБұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше таңдауға және жоспарлаған жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту.<br>Құстарға деген қамқорлықты, қиын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдырмауға, адамгершілікке , достыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу. | көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту. | | тәуелсіздікке тәрбиелеу.: | жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Желді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. | **Көліктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау.<br>Ережені есте сақтау жаттығуы.<br>Жұмбақ жасыру.<br>"Бағдаршамның шамдары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | **Жазғы ағаштарды (саябақта, аулада) бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аққайын мен көктеректі діңгегінің түсінен және жапырағынан ажыратуды дағдыландыру; ағаштың бөліктері (діңгегі, бұтағы, тамыры) жайлы түсініктерін бекіту; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересектермен бірге** | **Торғайларды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың дене ерекшеліктері мен тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті. | **Терек мамығын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттер: терек ағашы жайлы білімдерін бекіту; ағаштардың тұқым беру амалдарының біріне көз жеткізу; өсімдіктерді тануға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Педагог бүршіктерден терек мамықтарының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.<br>- Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп, | жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.<br>Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.<br>Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын.<br>Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br>**"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту.<br>**"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br>**"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін көктерек пен аққайын жапырақтарын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жапырақтарды ажыратуды үйрету; ағаштарға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер | Балалардың назарын торғайдың бір орында тоқтамайтынына аудару; торғай - өте пысық, жылдам, шапшаң, зерек, көңілді құс екені туралы айту. Торғай жыртқыштардан тез құтылу үшін көп қимылдайды, қауіпті сезетін құс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қураған ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс дағдыларын меңгерту; ересектерге көмектесу ұмтылысын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Мысықтар мен торғайлар”, "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.<br>**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және | шығатынын, содан соң желмен ұшырылып, жерге түсінінін көрсету.<br>Балаларға әрбір мамықтың ұшында бір тұқым жабысып тұрғанын байқату.<br>**Еңбек әрекеті:** терек мамығы қол еңбегі сабақтарына қағаз қаптарына жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Педагог аллергиясы бар балалардың қатысы-қатыспауын ескеру керек.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Тәрбиеші барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына карату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын | Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған | қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**"Қояндар мен қасқырлар" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қос аяқпен алға секіру және аттамдар жасап алға жүгіру қабілеттерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. | | | әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу: 12.20-12.30** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. | | | | |
| **Түскі ұйқы: 13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы. | | | | |
| **Бесін ас: 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудрату; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.00-16.15** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Жетекші балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен саны 6 басталып, ал кейін 10- | **"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; қиялдарын, зейіндерін дамыту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы | **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".** | **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстар | **Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа.тәрбиеші жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 12 дейін жеткізілуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".**<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы | допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжеттті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен | бейнеленген суретті-карточкалар.<br>Барысы.<br>Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды.<br>Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б..<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"**<br>Мақсат-міндеттер: ойын арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының | жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Жетекші алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | | бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | жұмысы.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Жетекші балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16-.15-16.30** | "Менің жанұям", отбасы туралы мақалдар мен жаңылтпаштар айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Кім спортшы?" жаттығуы**.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем, | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы. Жетекші үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: санамаққа деген қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әлди-әлди, балапан (екі қол алдыға қаратулы, оң-сол жаққа бұрмалау),<br>Саусақтарың, алақан (екі қол саусақтары жұдырықтарға | **Санамақ.**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға!<br>(Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама!<br>(Қол шапалақтау)<br>Аударған А. Кокенова.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | жұмылып, ашылады),<br>Санамаққа ашылсын (орнында адымдау, қолдармен сермеу, жүру темпі жылдам),<br>Кезекпенен басылсын (қос аяқ иық енінде, қолдар белде).<br><br>Қарт атам – бас бармақ (адымдау кезінде екі қол алға тік созылады, бас бармақтар көрсетіледі),<br>Ақ әжем – балаң үйрек (екі қолды төмен, жан-жаққа жіберу, алақандар жинақы, бүгулі, адымдап тұрғанда жанбасқа соғылады),<br>Әкешім – ортан терек (екі қол иықтардан жоғары көтеріліп, иыққа қайта түседі),<br>Анашым – шылдыр шүмек (екі қол белде, жан-жаққа еңкею).<br><br>Кішкентай бөбек, ол – мен (орнынан секіріп, орнына тұра қалу),<br>Есейіп келемін мен (аяқ ұшына тұру, жоғары созылу),<br>Барлық саусақ – жолдасым (шапалақтау, адымдау кезінде),<br>Жұдырығым – отбасым.<br><br>Жұдырықта бес саусақ (сөздер мен әуен ырғағына сай еркін қозғалыстар жасау),<br>Отбасыда бес салмақ,<br>Барлық саусақ – жолдасым,<br>Жұдырығым – отбасым.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Айына бір рет"Отбасы күнін" өткізу. | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". |

Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы «Бүлдіршін» ересектер тобының 2022-2023 оқу жылындағы
Жаз мезгілінің апталық циклограммасы 5 апта (28.08-01.09.2023ж) Тамыз айы

Тәрбиешілер: Досым Б.Ө.
Нарбек Ұ. Б.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | 28.08.2023ж | 09.08.2023ж | 30.08.2023ж | 31.08.2023ж | 01.09 2023ж |
| **Балаларды қабылдау: 08.00-08.20** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру: 08.00-08.30** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 08.30-08.45** | **"Қуыршақтарды жуындыру".** Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақты жуындыруға көмектесуге үйрету: суға салынған қуыршақтарды шаюға, оларды щётканың көмегімен тазалауды меңгерту. Сумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | **"Біз ойын бөлмесі мен жатын бөлменің терезе алдын, дымқыл матамен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс істеу барысында, келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау және сығу, кірлеген кезде сумен жуу. **(еңбек дағдылары)** | | **"Таза орындықтар".** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын бөлмесіндегі орындықтарды таза және ұқыпты ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін орындарына қою. Еңбек дағдылары мен жұмыс барысында мәдени – гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Ересектерге көмектесу ниетін, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | |
| | **"Сипаттамасы бойынша таны" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту (зат есі | **"Лото" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қоршаған ортамен таныстыру, танымдарын кеңейту. Лото | | **"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көкөністер).** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен сын есімді байланыстыру). **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Басты оң-солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап, төмен түсірейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Мүшелерді көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, ұсақ қол моторикасы жетіледі.<br>**(танымдық дағдылар)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көкөністердің кескіндері.<br>- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш).<br>- Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды)<br>- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көкөністер.)<br>- Суреттегі көкөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>**Пазл жинау ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаттықтыру, развивает логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері)**<br><br>**"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**(математика негіздері)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу: 08.45-09.00** | Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп, | | | | |
| **Таңғы ас:09.00-09.30** | Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отыру. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:09.45-10.30** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жазғы күндер"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларға жаз құбылыстары, табиғаттағы ерекшеліктері, жазғы гүлдер туралы түсіндіру. Жаз мезгіліне сай суреттерге сипаттама бере білуге үйрету. Сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту. Гүл бөліктерін ажырата білуге үйрету. Қойылған | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Құлпынай жасалған тосап"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру. | | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>«Аспандағы ғажайып құс»<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды аспандағы құстың суретін салуға, дене бөліктерінің пішінін бере білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын , зейіндерін, қиялдарын, жазықтықты бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту ; бояу, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақтарға толық жауап беруге, жүйелі сөйлеуге, сөлемдердің грамматикалық құрылысын дұрыс құруды үйрету. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу | | | қылқаламмен сурет салуға жаттықтыру; сұлулық жайлы түсініктерін кеңейту, табиғат нысандарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу** "Көңілді арбакеш әні"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | |
| **Серуенге дайындық 10.30-10.40** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен: 10.40-12.20** | **Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдің өсуі мен дамуын бақылауды жалғастыра білуге дағдыландыру; ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларға календула, космея гүлдерін салыстыруға шақыру.<br>**Еңбек әрекеті:** дала өсімдіктеріне күтім жасау (қопсыту, суғару, шөптеу). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: Ұжымдық еңбектен алатын жағымды | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы дене ерекшеліктері, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды. | | **Раушангүл бұталарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>Өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау, табиғи ортаға қамқорлық көзқарасты қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу, тапсырманы тиянақты орындау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сезімдерін тәрбиелеуді жалғастыру.<br>**"Кім спортшы?" жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.<br>Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау)<br>Жаттығуда адымда.<br>Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Денемізді иеміз, (Алға еңкею)<br>Бір-екі, бір-екі.<br>Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру)<br>Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу)<br>Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)<br>Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау)<br>Бізде бәрі тамаша!<br>Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау)<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Ойын мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту | Ж. Сымақов.<br>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын жабындысын жинау. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған | | Су құйғыштарды қолдану.<br>**"Саны қанша – сонша гүл (саңырауқұлақ, жапырақ, тас, бұтақ) жинаймыз" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар жиынын санға сай құрастыруға дағдыландыру; зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: жасанды не гүлдер, не жасанды жапырақтар; не тастар, ағаштардан түскен ұсақ бұтақтар.<br>Тәрбиеші балаларға цифрді көрсетеді немесе ауызша санды атайды, балалар санға сай заттар жиынын құрастырады.<br>Заттар жиынын жекеше немесе шағын топтарға бөлініп, құрауға болады.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.<br>Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту ойыны "Тастардан секіру".**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті дамыту. | топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, дымқыл құммен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. | | тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.<br>Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады.<br>Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады.<br>Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күннің суретін сал" қимылды ойыны-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындар мен жарыстарға қызығушылықтарын арттыру; ептілікті дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: құрдастарымен қарым-қатынас жасау біліктіліктерін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу:** | Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **12.20-12.30** | | | | | |
| **Түскі ас12.30-13.00** | Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы:<br>13.00-15.10** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.10-15.40** | Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:<br>15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:<br>16-.15-16.30** | **"Сөздегі дыбысты анықта" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Өрнекті жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Қазақ ауыз әдебиеті.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | **"Сөйлем құра"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды берілген сөзге сөйлем құрау білуге дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>**"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау. | | | | |
| **Серуен: 16.50-17.50** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 17.50-18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00-18.30** | "Балалалық ұяңдық" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | "Жаман әдеттерден қалай құтылуға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | "Балабақшадағы күн тәртібі" тақырыбында әңгімелесу. | |

**Бекітемін**
**«Аққөгершін»бөбекжай**
**балабақшасының меңгерушісі: Г.Б.Нарбек**

# МКҚК «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру бағдарламасының перспективалық жоспары

**2022-2023 оқу жылы**

**Бекітемін:**
**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының**
**Меңгерушісі: Г.Б. Нарбек.**

Білім беру ұйымы МКҚК – ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс – әрекетінің перспиктивалық жоспары маусым айы

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Маусым | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>***Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:*** сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Велосипед, самокат тебу.*** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі доңғелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.<br>***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Футбол элементтері.*** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.**<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. |
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен карауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен карауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).<br>**Жол қозғалысы ережелері.**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін<br>сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | Музыка | - заттармен қимылдар жасауды, сюжетті ойындарды сахналауды үйрету;<br>- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйрету;<br>- балаларға арналған музыкалық аспаптарды ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.<br>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар |

| | | |
|---|---|---|
| | | шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. |

Балабақша әдіскері: Ажибаева Н

Бекітемін:
«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының
Меңгерушісі: Г. Б. Нарбек.

Білім беру ұйымы МКҚК – ны «Аққөгершін» бөбекжай балабақшасының «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс – әрекетінің перспиктивалық жоспары шілде айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Шілде | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>***Секіру:*** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:*** бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Велосипед, самокат тебу.*** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.<br>***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Футбол элементтері.*** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. |
| | | | | қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. | жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалардың тәжірибесі: желдің күші, бағыты.<br>«Желді ұста», «Жылы және суық жел», «Желді өзіміз жасайық» ойын-тәжірибелері.<br>Балалардың еркін әрекеті. | қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Кім жылдам?" (доппен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:ептілікті дамыту, қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйлестіру.<br>Балалардың еркін әрекеті. |
| **Серуеннен оралу 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 18.00 – 18.30 | | | | Ата-аналарға кеңес: "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

Тексерілді 05.06.2023ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 2 апта (маусым 05.06 – 09.06. 2023 жыл)
Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| **Апта күндері Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 05.06.23ж*** | ***Сейсенбі 06.06.23ж*** | ***Сәрсенбі 07.06.23ж*** | ***Бейсенбі 08.06.23ж*** | ***Жұма 09.06.23ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 -08.10** | Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00-08.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 - 08.20** | **Еңбек:** аланды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: аланда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен карауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** аланды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: аланда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен карауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** табиғи материал жинау. Мақсаты: еңбек дағдыларын жетілдіру, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: | **Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлау жаттығулары<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру.<br>Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын, | балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Тыйым салынған қозғалыстар".**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, ортада - педагог. Ол олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. | саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру.<br>Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады.<br>Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығын сезімін дамыту; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Кім епті?"**<br>Мақсат-міндеттер: | ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Төбеде доп қуу".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады.<br>«Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады,<br>Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді.<br>**(дене шынықтыру)** | Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек.<br>**(дене шынықтыру)** | кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны | допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру.<br>**(дене шынықтыру)** | тұрады. Капитандар бір - бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің «Бастаңдар» деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.10 -08.20** | Міне, бүгін ойнадық<br>Ойнадық та, ойладық.<br>Көжектер боп жүгіріп,<br>Сәбіздерді жинадық.<br>Бүгін жаттығу жаңаша,<br>Қалмадық біз оңаша,<br>Біздің балабақшада,<br>Күнде осындай тамаша!<br>Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.<br>1. "Жіпті соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- жіпті жоғары көтеру, оған қарау.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.<br>2. "Бұрылу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру.<br>1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.<br>2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.<br>1-2- сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау.<br>3-4- бастапқы қалып.<br>4. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау.<br>1- жіпті ұстаған күйде жоғары созу.<br>2- оңға еңкею.<br>3- бастапқы қалып.<br>4- сол жаққа орындау.<br>5. "Бүгілу, майысу".<br>Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда.<br>1-3- артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 -09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Көркем сөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.00 -09.15** | **Жаңылтпаштарды қайталау.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Ғимараттарды неден салады?" сұрақ жауап жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс материалдар туралы түсініктерін тиянақтау; ой шапшаңдығын жетілдіру. | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен | **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Отбасы туралы мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін дамыту; халық ауыз әдебиетеіне қызығушылықты арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ғимараттар түрлерін ауызша айтуға немесе ғимараттар салынған суреттерді көрсетуге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.15 – 10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Гимнастикалық орындық үстінде еңбектейміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу; балаларда тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қызыл телпек" орыс халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні түсіндіру арқылы, мазмұндап айтуға үйрету; өз ойларын толық айтуға, әңгімелеуге дағдыландыру; есте сақтау қабілетін дамыту, тілін, сөздік қорын молайту; кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қалашық тұрғындарына арналған дәмді ас" Мақсат-міндеттер: Заттар топтарын салыстыру қабілетін нығайту; заттарды ұзындығы мен қалыңдығы бойынша салыстыру қабілетін қалыптастыру; сөздерді сөйлеу барысында қолдану дағдыларын дамыту: ұзын-қысқа, бірдей ұзындық; жуан-жіңішке, қалыңдығы бойынша тең; берілген қасиеттері бар | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Менің қаламдағы жаз" Мақсат-міндеттер: Балалардың жаз белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, сұрақтарға толық жауап беру қабілетін дамыту, жұмбақтарды шешуге үйрету, балаларды табиғаттағы жазғы өзгерістерді атап өтуге үйрету; есте сақтау, ойлау, өз ойларын дұрыс және сауатты айту қабілетін дамыту; жазда табиғатта мінез-құлық | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Балалық шаһар" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі ғимараттарды сызба бойынша салуға үйрету, сөздік қорды кеңейту, ғимараттардың мақсаттары туралы және олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу арқылы, балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту, топта жұмыс істеу және дос құруға қамқорлық жасау дағдыларын тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Жол ережесі сақтайық!" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | заттардын тобын құру қабілетін бекіту; тапсырмаларды өздігінен орындауға қызығушылықты арттыру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түнгі қала" Мақсат-міндеттер: Балаларға дәстүрден тыс бейнелеу – граттаж техникасын таныстыру, түстер палитрасына сәйкес қаланың кешкі бейнесін беруді, заттарды кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейіндерін дамыту; туған қалаларына сүйіспеншілікке, өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу. | мәдениетін тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Құмырсқаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет,** | **Өрмекшіні бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Шыбынды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер: шыбынның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру.<br>**(еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, жылдам жүгіру, кеңістікті | **әрекет)**<br>Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру;балаларды ң жәндіктердің алуан түрлілігі туралы білімдерін кеңейтуді; жәндіктерді айқын белгілері бойынша ажыратуға және атауға үйрету: түсі, мөлшері, өзіндік ерекшелігі дене бөліктері, қозғалыс режимі<br>Экологиялық міндет: жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу-тәжірибе.**<br>Қоңызды қарастыру: басы, мұрты, аяқтары, қанаттары. Ол қанаттарын қалай көтеретінін және қалай ашатынын байқаймыз, жәндік қозғалады, ұшады және отырады.Тірі тіршілік иелерінің жанында өздерін сабырлы ұстау керек екенін ескертеді. | **зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту.<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар.<br>/Құмырсқа/.<br>*Көркем сөз*<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің, | **әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілердің пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейтуді жалғастыру.<br>**Жұмбақ**<br>Тоқыған ауы - шыбынның жауы.<br>(Өрмекші)<br>**Көркем сөз**<br>Сегіз аяқ өрмекші,<br>Біздің бақта не көрмекші?<br>Бұрышта отырады, нағыз қарақшы,<br>Торына түскен шыға алмайды, айтпақшы.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Үлкейткіш әйнекті алып, өрмекшіні зерттеу. (Өрмекшінің басында көзі және аузы бар, ал кеудесі төрт жұп аяғына тіреледі).<br>**Еңбек:** кіші топ балаларына ауланы тазартуға көмектесу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікті, | пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейту табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>**"Шыбындар"**<br>Қабырғаны жағалап,<br>Қуалаймыз сабалап.<br>– Шыбындар, нас, кірсіңдер,<br>Мұнда неге жүрсіңдер?!<br>Бір қап кір бар аяқта,<br>Жабысасың аяққа,<br>Қонасыңдар етке де,<br>Танау менен бетке де. (Ж. Смақов)<br>Шыбын - қосқанатты зиянды жәндік. Ұшқан кезде қанаты арқылы ызыңдаған дыбыс шығады. Жабайы табиғатта және адамдар мекендейтін аймақтарда мекендейді. Дәмді аяқтары арқылы сезеді. Біздің күнделікті көріп жүрген шыбынның тұмсығы сұйықтық ішуге бейімделген, қатты заттарды сілекеймен ерітіп жібітіп барып ішеді. Шыбындар лас жерлерге жұмыртқаларын тастап тез өніп өседі. Шыбындарға қарсы күрес тазалық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарлауын жаттықтыру.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам:** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын.**<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар нұсқауы бойынша | Қоңыз бен қырықаяқты аулауды ұсынады, картон парағына құм қабатын құйюды ұсынады - жәндіктер жүгірсін. Қоңыз бен қырықаяқ құмда қандай іздер қалдыратынын салыстыру.<br>Тәжірибеден кейін жәндіктер босатылады.<br>**Көркем сөз**<br>1. Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Верталетты жасады,<br>Инеліктен үйреніп.<br>2. Гулден сорып бал жинап,<br>Терлеп жанын кинады.<br>Және өзіне жиғанын,<br>Адамдарға сыйлады.<br>**Еңбек:** балаларды алаңдағы жұмысқа тартуды жалғастыру; суару, қопсыту, арамшөптерді жұлу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; | Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін!<br>(Қадыр Мырза Али)<br>**Еңбек:** алаңдағы жерді қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындау тәртібіне баулу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір- | балаларға көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі | Шыбындар өте зиянды жәндіктер!<br>Шыбындар көптеген ауыр жұқпалы ауруларды таратады. Олардың жауы: өрмекшілер, бақа, құрбақа, кесіртке. Шыбындарға қарсы күрес тазалық.<br>**Еңбек:** гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тазалықты іздесең,<br>Мөлдір судан аласың.<br>Жиі-жиі жуынсаң,<br>Аппақ, таза боласың.<br>Тазалықты іздесең,<br>Сабын, сүлгі керегі.<br>Бірі жуып шашыңды,<br>Бірі сүртіп береді.<br>Тазалықты іздесең,<br>Айна,тарақ керегі.<br>Бірі тарап шашыңды,<br>Екіншісі көреді.<br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көздерін жұмады, ал жүргізуші балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Қу түлкі". | табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу<br>**"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, әділ ойнауға тәрбиелеу; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>**Халық болжамы:** өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.<br>**Жаңылтпаш**<br>Шын еңбекшіл – өрмекші,<br>Өрмекші - шын еңбекші.<br>**"Ляйлек пен бақа" жапон ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіре білу мүмкіндіктерін жетілдіру.<br>Бұл жапон ойынын 4 | біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**Жеке жұмыс:** баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. **(дене** | бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**Еркін ойындар:** "Бір - екі", "Үндемей өт". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нақты, ырғақты, дұрыс қалыпта және қимылдарды үйлестіре отырып жүруге үйрету.<br>**"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** | теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды.<br>Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды.<br>Балалар осы кезде: "бір, екі, үш! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау.<br>балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады.<br>**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" ойыны. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | немесе одан да көп адам ойнай алады. Ол үшін асфальтқа шығанақтар, аралдар мен мүйістер салынған үлкен көл салу керек. Ойыншылар бір жүргізушіні таңдайды - «ляйлек», ал қалғандары барлық ойыншылар «бақаға» айналады. «Бақалар» «суға» отырады, «құрлыққа» шығуға құқығы жоқ. «Ляйлек» жағалау бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады. Еркін ойындар. | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу Еркін ойындар. | Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру. | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу 12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>*Көркем сөз*<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>*Көркем сөз*<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>*Көркем сөз*<br>Жылы сумен қолымды, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыру әдетін жетілдіру.<br>*Көркем сөз*<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар: "Тазалық-денсалық кепілі".**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру.<br>*Көркем сөз*<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тазалап мен жуамын.<br>Қолыма алып сабынды,<br>Алақанды жуамын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 -15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10 – 15.30** | **Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап тұр).**<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркем сөз**:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық. | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркем сөз**<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>**Көркем сөз**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00 – 16.30 | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың | **"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы. Балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тыныштапып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма. | **"Төртінші артық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктер туралы білімдерін бекіту.<br>Тәрбиеші төрт сөз айтады, балалар артығын атау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Ұшты - ұшты" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынның мазмұны. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек.<br>Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті | пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, | Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: "Күн қояндары".**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен бірге бағыттарды нақтылаңыз: жоғары, төмен, жанына. Әр түрлі қимылдарды орындауға үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты (қол көтереді)<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: "Жер, су, ауа"** Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30 – 16.50** | **Жаңылтпаш** Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатка тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Жәндіктер туралы жұмбақтарды жаттау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Бар екен бір мақұлық ұннан майда,<br>Өз басын айдайды екен қиын жайға,<br>Ұстасақ үгітіліп жоғалады, | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. | **Шығармашылық уақыты: "Ғажайыптар қалашығы".** Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет,** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дамылдап отырмайды ешбір жайға. (Көбелек)<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **шығармашылық іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 16.50 – 17.00** | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түннің қысқа екенін көрсету; күн ерте шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балалардың жаз мезгіліне тән белгілері, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, жаздың басталуымен не | **Жәндіктерді бақылау (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Экологиялық міндет: балалардың жәндіктердің әртүрлілігі туралы идеяларын жүйелеу.<br>**Көркем сөз "Көбелек".**<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған | **Жәндіктерді бақылау (көбелектер). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көбелектердің тіршілігі жайындағы білімді толықтыру; бақылау арқылы жаңа ақпараттарды алуға баулу.<br>Күн сайын жәндіктер көбейіп келеді: масалар, көбелектер, қоңыздар.<br>Көбелектердің бірнеше түрін (капустница) ажырата білуге үйрету.<br>Көбелектердің | **Өрмекшіні бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілердің пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейтуді жалғастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Сегіз аяқ өрмекші,<br>Біздің бақта не көрмекші?<br>Бұрышта отырады, нағыз қарақшы,<br>Торына түскен шыға алмайды, айтпақшы.<br>Ахметова Д. | **Шыбынды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейтуді жалғастыру,<br>табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын)<br>- Төбеде шыбындар қалай жүреді? (Шыбындардың аяқтарында жабысқақ түкті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқадыңыз?<br>Балаларға «таң», «күн батуы» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді. (Күн)<br>**Еңбек:** ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай | бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек.<br>(А. Сәрсенов)<br>**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар | қанаттарында өте әдемі өрнек бар - ол ең әдемі табиғатпен жаратылғандардың арасында.<br>Көбелектердің қанаттарын ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны өшіру оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды**.**<br>Балаларға көбелектер жұмыртқалайтынын түсіндіру, содан кейін өсімдіктердің жапырақтарын жейтін осы жұмыртқалардан құрттар шығады.<br>Кейінірек құрттар іштен бөлінген жіппен оралып, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтардан көбелектер қайта пайда болады**.**<br>**Жұмбақ**<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек )<br>Тәрбиеші жәндіктерді | Тәрбиеші өрмекші туралы жұмбақ жасырады, сұрақтар қояды:<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай кереӊ құлағы.<br>Сөйтіп жүрген көп жерге,<br>Аспалы торлар тұрады.<br>Ол не? (Өрмекші)<br>Тоқыған ауы – шыбынның жауы.<br>(Өрмекші)<br>- Өрмекшілердің пайдасы қандай? (Олар жәндіктерді жейді.)<br>- Өрмекшілер жәндіктерді немен аулайды? (Олар торлар тоқиды.)<br>- Өрмекшілер өрімді қаншалықты жиі тоқиды? (Күн сайын, өйткені ол жел мен жаңбырдан тез бұзылады.)<br>- Өрмекшілер немен қоректенеді? (Шыбындар, көбелектер, масалар.)<br>- Өрмекшілер жыртқыш па? (Иә, олар | төсемдер бар; шыбын жеңіл және жастықшалар кез-келген бетке өте жақсы жабысатындықтан, шыбын кез-келген жерде қалуы мүмкін.)<br>- Неліктен шыбындарды зиянды жәндіктер деп атайды?<br>- Шыбындардың қандай зияны бар? (Олар микробтарды таратады.)<br>- Шыбындар қалай көбейеді? (Олар жұмыртқалайды.)<br>- Шыбындар қайда жұмыртқалайды? (Көңде, қоқыста.)<br>- Шыбындардың қандай жауы бар? (Өрмекшілер, инеліктер.)<br>- Шыбынның мұрны бар ма? (Жәндіктердің мұрындары жоқ; олар аяқтары мен мұрттары арқасында жанасады, иіс сезеді және дәмін сезінеді. Мұрттары - сенсор мүшесі. Ол температураны, ылғалдылық пен иісті сезінеді.)<br>- Шыбынның қанша көзі бар? (Көздің екі түрі - қарапайым және күрделі: олар бір уақытта алдында, артында және астында көре алады.)<br>- Шыбын қайда және қалай қыстайды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады:<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек, - дейді.<br>"Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді.<br>Қарсы топтан | Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>**Еңбек:** алаңды тазартуда сыпырушыға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: үлкердге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту<br>**Еркін ойын: "Ыстық картоп". (дене шынықтыру)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету.<br>Ойын барысы.<br>Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады. | сипаттайды, балалар болжайды**.**<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға дағдыландыру**.**<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (өңдеуге жарайтын), төсенішке кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысқа деген оң көзқарасты, тапсырмаларды жауапкершілікпен тәрбиелеу**.**<br>**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; | басқа жәндіктермен қоректенеді.)<br>- Өрмекшілерде қашан балалайды? (Жаздың соңында.)<br>Жаңа туылған өрмекшілер қай жерде өсіріледі? (Өрмекші ана оңаша жерде тордан тығыз кокон тоқып, оған бірнеше жүз жұмыртқа салады. Көп ұзамай олардан жаңа туған өрмекшілер шығады. Олардың барлығы жайлы жылы ұяда тұрады, өрмекші анасы кішкентай жәндіктерді тамақтандырады, ал кокон оларды суықтан, жаңбырдан, желден қорғайды.)<br>- Өрмекшілер күзде қайда жоғалады? (Қыстың басталуымен өрмекшілер ескі дүмбілдердің жарықтарына тығылып, көктемге дейін ұйықтап кетеді.)<br>- Өрмекшілердің мінез- | **Еңбек:** құмсалғышты тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіреді.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін, кеңістікті бағдарлау, жүгіре білу қабілетін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, | Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам жүргізушінің допты алып кетуіне жол бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады.<br>Ойын ережелері.<br>Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу. | кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру.<br>ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін.<br>Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | құлқына сүйене отырып, ауа-райын қалай болжауға болады?<br>(Өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.)<br>- Өрмекшінің денесі неше бөліктен тұрады?<br>(Екі бөлітен-кеуде және іш.)<br>**Еңбек:** гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа | асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**"Кеглиді көзде", "Допты қуып жет" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>Еркін ойындар. | | | тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды.<br>"Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады:<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br>Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді.<br>Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді.<br>Ойын басқарушының | **Жеке жұмыс:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды. "Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету. Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады. Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды. **"Судан аттап өт" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қозғалыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | координациясын дамыту; қимылды тапсырмаларды орындауды үйрету, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу 17.50 -18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) **18.00 – 18.30** | Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу. | «Неліктен қыста жәндіктер болмады?» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жәндіктер" тақырыбында әңгіме. | Ата-аналармен күн тәртібін сақтау туралы сөйлесу | Ата-аналармен "Демалыс" тақырыбында әңгімелесу |

Тексерілді 12.06.23ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта (маусым 12.06 – 16.06. 2023 жыл)
Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| **Апта күндері Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 12.06.23ж*** | ***Сейсенбі 13.06.23ж*** | ***Сәрсенбі 14.06.23ж*** | ***Бейсенбі 15.06.23ж*** | ***Жұма 16.06.23ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 – 08.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00 -08.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі туралы әңгімелесу; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 – 08.20** | **Еңбек:** ойын алаңын сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** аула тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болса суару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, гүлдерге қамқорлық жасауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның | **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық** | **"Өткеншек" қимылды ойын-жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздерді іс-әрекетпен үйлестіру мүмкіндігі.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кім кім болды?" дидактикалық ойыныы.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, қиялын дамыту.<br>Сипаттама: бала мұғалім атағаннан бұрын болған жағдайды атауы керек.<br>Мысалы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".**<br>Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз. | аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: секіруден жаттығу жасау, ептілікті дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Соқыр теке"**<br>Мақсат-міндеттер: | **мен тышқандар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда төзімділікті, қимылдарды сөзбен үйлестіре білу, ептілікті дамыту. Жүгіру мен иілу жаттығулары, шеңбер бойымен тұру және шеңбер бойымен жүру. Сөйлеуді дамытуға ықпал ету.<br>Ойын барысы. Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда өткізіледі. Қырынан қойылған гимнастикалық сатының, рейканың немесе кендір жіптің көмегімен тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады.<br>Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан | **Қимылды ойын "Қасқыр мен қояндар".**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдықты, жылдамдықты және кеңістікті бағдарлауды дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Ойынға қатысушылардың біреуін қасқыр етіп таңдап алады. Қалған балалар қоянның ролін бейнелейді.<br>Алаңның бір жағында қояндар өздеріне үйшік жасап жатады (дөңгелектер сызады).<br>Ойын басында қояндар өздерінің үйлерінде тұрады, қасқыр - алаңның екінші шетінде (сайда).<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Шоқақ, шоқақ жүгіріп,<br>Қояндар кетіп барады.<br>Тұрған көгі құлпырып,<br>Көгалды іздеп табады.<br>Шөпті жалмап жеседі,<br>- Қасқыр жоқ па? - деседі.<br>Тың-тыңдайды абайлап.<br>Қояндар үйлерінен жүгіріп-жүгіріп шығады да, алаңда ойнай бастайды. Олар біресе екі аяқтап секіреді, біресе тізерлейді, шөп жұлады, қасқыр келіп қалған жоқ | - Ата кім болды? (Ұл)<br>- Ағаш не болды ? (Өркен)<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Аралар".**<br>Бір топ бала қол ұстасып, шеңберге тұрады да үш-төртеуі ортаға шығады. Олар "аралар".<br>Баудағы кім?<br>Баудағы кім?<br>Ара болсаң ызыңда<br>З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж.<br>Жұмыс істе тығылма.<br>"Жұмыс істе тығылма" - деген сөзді естіген аралар заматта-ақ тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, еден сыпырғандай т.б. қимылдар жасайды.<br>Топ, топ ара ұшады,<br>Үстімен де бұтаның.<br>Астымен де бұтаның<br>Үстімен де бұтаның.<br>Балалар осылай әндетіп, "аралардың" қимылын қайталайды да: "Тап болсаң бір жалқауға, алып кел оны ортаға", - деп хормен айтады. "Аралар" осы сөзді айта жүріп, өздерінің қимылын қайталай алмаған "жалқауларды" ортаға шығарады.<br>Енді шеңбер жасап тұрғандар бәрі дауыстап:<br>Ай-ай жалқау бұл құмар,<br>Жалқауды тез қуыңдар.<br>Сөйтіп жалқауды сұқ саусақтарын шошайтып тұрып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі. Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады. **(шығармашылық іс-әрекет)** | жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. Ойын барысы: Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін байлаймыз. Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. Кім ұсталса, соның көзі байланар, Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: Тыныштальңдар, тышқандар, Бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыда жатқан мысықты Оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Бұл - мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды. Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балаларды, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | па екен деп жан-жағына қарайды. Тәрбиеші соңғы сөзін айтқан кезде қасқыр сайдан шығады да қояндарды ұстауға ұмтылып, қуа жөнеледі (тисейін деп). Қояндар өз үйлеріне қарай қашады. Ұстаған қояндарын қасқыр сайға қарай алып кетеді. Қасқыр қетісімен тәрбиеші өлеңнің тексін қайталайды, ойын басынан қайталанады. 2-3 қоянды ұстағаннан кейін басқа қасқыр белгіленеді Балалар үйшікті бір-біріне жақын жасамауын бақылау керек. **(дене шынықтыру)** | аластайды. Бұдан кейін ойын қайта басталады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.10 – 08.20** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 – 09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар .<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу; сабынның қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: хош иісті, көпіршиді, тазартады.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы,<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | **"Қатені** | **"Су" тақырыбындағы** | **Үстел-үсті ойыны:** | **Дидактикалық ойын:** | **Ойын жаттығуы: "Менің** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық**<br>**09.00 – 09.15** | **түзе"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету.<br>Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **әңгіме.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға судың қоршаған объектілердің құрамында бар екендігін дәлелдеуге машықтандыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **"Керекті киімді табыңыз"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **"Жыл мезгілдері".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **артымнан қайтала".**<br>Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.15 – 10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Кім қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру; балаларда бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; заттарды аттап өту; баянат (рапорт) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"'Үш торай" орыс халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, кейіпкерлердің мінез-құлықтарымен таныстыру; жағымды, жағымсыз жақтарын ажырата білуге үйрету; тілін, сөздік қорларын дамыту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Су -өмір нәрі"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы екенін түсіндіру. Су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Су және оның табиғаттағы, адам өміріндегі мәні туралы бұрын алған білімдерін бекіту, күрделі сөйлемдерді қолдана отырып сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру; мағыналары қарама-қарсы сын есімдерді құрастыру қабілетін | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Аквариумдағы балықтар"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың шашыны қиғаш етіп екі үшбұрышқа кесу дағдыларын бекіту, үшбұрыштардан балықтың бейнесін өз бетінше құрастыру; судың қасиеттері туралы, балықтардың тіршілік ету ортасы туралы білімдерін бекіту; қайшымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; өзбетінше жұмыс жасау барысында алдында алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдау дағдыларын жетілдіру. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ақ жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. | түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалану, лайламау керектігін және судың барлық қасиеттерін түсіндіру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тұңғиық теңіз түбінде"<br>Мақсат-міндеттер: Кеңістіктегі қатынастарды бекітуге жағдай тудыру; қағаз бетінде бағдарлай білу біліктіліктерін қалыптастыру, заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сөзбен айтқызуды үйрету (сол жақта, оң жақта, төменде, жоғарыда, сол жақтағы жоғарғы бұрышта); сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету; ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | бекіту; шығармашылық әңгімелеуде таңдалған оқиға желісін ұстану қабілетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту; топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, серіктестің пікірін ескеру, өз пікірін қорғау, өз ісін дәлелдеу, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: судың | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Жаңбырды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғат құбылыстары туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету.<br>Судың қасиеттері туралы ойларды нақтылаңыз: құю, басқа температураға ие; суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары жүзіп кетеді.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйықтық, ол құйылады, ол әр түрлі температурада болуы мүмкін (ол күн сәулесінде қызады, ағын суықтан суық болады). Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Ыстық күні су бассейнде тез қызады, тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар суға шомылады.<br>Асфальтқа шашылған судың қаншалықты тез кебетінін бақылау. Суға қандай заттар батып, не қалқып жүргенін анықтау. Неліктен суға немесе суға батып бара жатқанын анықтауды ұсыну.<br>*Көркем сөз*<br>Су – тіршілік білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен жер,<br>Суды лайлап түкірме! | тірі табиғаттағы маңызын көрсету; су туралы білімді толықтыру және оны адамдар қалай пайдаланады; балаларды ағын суды үнемдеуге үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, бүгін біз су туралы әңгімелесеміз. Су туралы айтыңызшы, ол қандай?<br>- Мөлдір, сұйық.<br>- Салқын және ыстық болуы мүмкін.<br>- Балалар, кімге су керек?<br>- Ағаштар, құстар, жануарлар, балықтар, адамдар.<br>- Бізге балабақшада су керек пе?<br>- Иә, керек.<br>- Су бізге не үшін қажет?<br>- Жууну үшін, гүлдерді суару үшін, киімді, еденді, ыдыс жуу үшін, асханада таңғы, кешкі ас дайындау үшін..<br>- Иә, сусыз жер бетіндегі | балалармен суды ұқыпты ұстау туралы есте сақтау.<br>**Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".**<br>Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты.<br>Қорытынды.<br>- Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез-келген түске оңай бояуға болады)<br>**Көркем сөз**<br>Самал жел, бізді желдетші,<br>Күн нұры, бізді жарқырат.<br>Таза ауа, дем берші,<br>Мөлдір су, бізді салқындат.<br>**Дидактикалық ойын "Батады-батпайды".** | Мақсат-міндеттер: жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту<br>Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар.<br>Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса - жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса- тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін – бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі.<br>Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. | кеңейту - шық туралы әңгімелеу.<br>Экологиялық міндет: әр түрлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру, табиғат сұлулығын көре білуге үйрету.<br>**Жұмбақ**<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>Тәрбиеші таңертеңгі шыққа назар аудартады, "шық" баламасын айтуды ұсынады (мөлдір, таза, сергітетін)<br>**Көркем сөз**<br>Су – тіршілік білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен жер,<br>Суды лайлап түкірме!<br>Деп үйретер үлкендер.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Деп үйретер үлкендер.<br>**Еңбек:** балалар барлық ойыншықтарды жуу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды жуып, өңдеп, төсенішке жатқызып, қойып кептіру әрекеттерін дағдыландыру.<br>**"Теңіздер толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста білдіру қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады.Тәрбиеші теңіз толқиды 1-2-3 дегенде балалар әртүрлі пішін жасап қатып тұра қалады. Қозғалып қойған бала ойыннан шығады.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият | барлық тіршілік жойылады.<br>Су - тіршілік, суды қорғау керек. Барлығы «Суды құтқар!» дейді.<br>- Мұның нені білдіретінін кім біледі?<br>- Бұл суды дұрыс және ақылмен жұмсау деген сөз. Кранды ашық қалдырмаңыз.<br>- Ал егер кран дұрыс жұмыс істемесе және одан су тамшылап жатса? Не істеу керек?<br>- Оны тезірек жөндеу керек.<br>**Еңбек:** гүл бақшасын арамшөптен тазарту.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін көріп, қуана білуге тәрбиелеу.<br>Сумен тәжірибе жасаңыз: әр түрлі ыдыстардағы су көлемін салыстырыңыз; балалар судың өзіндік формасы жоқ екеніне көз жеткізеді.<br>**"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның | Мақсат-міндеттер: заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?" —** балалар суды сипаттайды.<br>Мақсат-міндеттер: салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br>**"Сумен ойындар" -** үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, қуыршақтарды жуындырады және т.б.<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне көшер ме?<br>**Жұмбақтар:**<br>Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр)<br>Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай)<br>**Мақал-мәтел:**<br>Жаңбыр жауса – жер ырысы.<br>**Еңбек:** қолөнерге арналған жағалаулардан қызықты малтатастарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ортақ мақсат үшін саналу жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете | Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды.<br>Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады.<br>"Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады.<br>**"Көлшіктен секіру" қимылды ойын-жаттығулары (2 топқа бөлініп қатысады). (дене шынықтыру)**<br>Шарты: жердегі көлшіктерден өтіп (обруч немесе мата) белгіленген шартты жерге тез |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Жеке жаттығу:** дымқыл шөпте және жылы құмда жалаңаяқ жүру. **(дене шынықтыру)** | шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты | Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсете білу.<br>Еркін ойындар. | алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша | жету.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еркін ойындар. | | жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу**<br>**12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау.<br>Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу,<br>Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 -15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз.<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **15.10 – 15.30** | Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.30 | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез-келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, сонымен қатар құбылыс қандай себеппен болғанын түсіндіруге шақыру керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Кім тез жинайды?" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: көгөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып "Жер" деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "Су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде қолдарын былғайды, | **Біз не істегенімізді айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, елестету қабілетін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>1-нұсқа. Тәрбиеші ыммен жұмбақтарды көрсетеді, балалар затты, жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе отырған (тұрған) әр бала кезек-кезек қимыл көрсетеді. Барлық балалар жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Зообақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** | **"Не, қалай естіледі?" дидактикалық ойыны. (Табиғат құбылыстары)**<br>Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарының қандай дыбыстарды дыбыстайтынын ажыратуға, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдана отырып, табиғи дыбыстарды білдіруге шақыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, қиялын дамыту; әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: табиғат құбылыстарының дыбыстық жазбалары.<br>Ойын барысы: тәрбиеші балалардың алдына түрлі жетондар қойып, өзіне таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалаудағы құбылысты белгілей отырып, оны аудиожазбалар арасынан табу керек. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білген соң, оның дыбыстарын артикуляция арқылы | **"Аңдардың әңгімесі" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын кеңейту, артикуляциялық дағдыларын дамыту.<br>Ойынды жүргізу үшін балаларға доп дайындау жеткілікті. Балалар сапқа тұрады, ал тірбиеші олардың алдында тұрып, балаларға ойын ережелерін айтады: ол жануарлардың атын атап, допты бірінші ойыншыға лақтырады. Бала допты ұстап, осы жануардың қандай дыбыстар шығаратынын атап, допты жүргізушіге қайтаруы керек. Содан кейін доп келесі ойыншыға лақтырылады.<br>Ойын саптағы соңғы ойыншы допты қабылдағанда және тапсырманы орындағанда аяқталады.<br>Ойынның екінші нұсқасын ойнатуға болады: жүргізуші дыбыстарды атайды, ал балалар айтқан жануарды болжауы керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады.Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | "Жер" дегенде қолдарын төмен түсіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында-олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердін ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. | Мақсат-міндеттер: балалардың жабайы жануарлар туралы, олардың сыртқы түрі, әдеттері, тамақтануы туралы білімдерін байыту. Балалардың зообақ қызметкерлерінің міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларда құрылыс материалын қолдана отырып ойын сюжетін шығармашылықпен дамыту, онымен әр түрлі тәсілдермен әрекет ету қабілетін қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту. Жануарларға деген мейірімді, қамқор қатынасты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: ойын алдында тәрбиеші балалармен бірге хайуанаттар бағындағы суреттерді қарайды, әлемде қорғалатын жануарлар туралы бейнеролик көрсетеді. Педиатриялық ветеринар, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (амфибия маманы), күтуші сияқты | көрсетуге тырысады. Мысалы, «жел ш-ш-ш» немесе «уу-уу-уу» сияқты естіледі. Жаңбыр «тақ-тоқ-тақ-тоқ» және т.б.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Табиғи қорық" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға қорық, "Қызыл кітап" туралы түсінік беру; қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, мал дәрігері туралы түсініктерді бекіту; орман мамандары ормандар мен жануарларды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жануарларды құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмыстары кезінде табиғи қорық туралы суреттерді қарайды, Қазақстанның қорықтары туралы бейнематериалдар көреді. Балалар орманшы, | **Қимылды ойын: "Допты тап"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ептілігін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып, торғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді. **(дене шынықтыру)** | мамандардың қызметінің мәні неде екенін, олардың қандай құралдарды қолданатынын талқылау қажет<br>Балалар өздері хайуанаттар бағында жұмыс істейтін мамандарды таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киімдер мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі бір жерлерге барып, қойнайды. Мамандар құстар мен аңдарға арналған орындарды тексереді, көмектерін көрсетеді. Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: адам құрып кету қаупі төнген жануарлар үшін жауапкершілікті сезінуі керек, жабайы табиғаттағы тіршілік заңдылықтарын бұзбай, оларға қамқорлық жасап, олардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туралы | аңшы, ағаш кесуші, мал дәрігері сияқты мамандардың не істеп жатқанын талқылауы керек. Табиғи қорық (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесетін тапсырма береді; ауру жануарларды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы жыртқыштарға оқ атады, олардың саны көбейді), ол қандай құралдарды пайдаланады.<br>Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: адам жабайы табиғаттағы өмір заңдылықтарын бұзбауы керек, оны қадағалау, көмектесу және қорғау қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөйлесуі керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.30 – 16.50** | **Қызықты логикалық есептер шығару.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **"Су" тақырыбына суреттерді қарастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шығармашылық уақыты: "Қағаздан қайықты бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**16.50 -17.00** | балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады.<br>Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Суды бақылау (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету.<br>Судың қасиеттері туралы ойды нақтылаңыз: ол | **Суды бақылау. Сумен тәжірибе. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: су туралы түсініктерді кеңейту.<br>- Балалар, үлкен ваннамызға кішкене теңіз | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: суық мезгілде судың жиынтық күйі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Бақылаудың барысы<br>Тәрбиеші балаларға | **Көлшікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жансыз табиғат құбылыстары - судың булануы туралы білімдерін кеңейту. | **Суды бақылау (қорытынды). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қоршаған әлемді жақсырақ білуге көмектесу; балаларды әртүрлі күйде суды зерттеуге үйрету; ойындар мен тәжірибелер арқылы балаларды судың физикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағады, температурасы басқа, кейбір заттар суға батады, басқалары жүзеді.<br>Әңгімелесу.<br>- Балалар, қане, судың қандай болатыны еске түсірейік. Сендерге оңай әрі қызықты болу үші, мен сендерге қандай бөтелкелер дайындағанымды қараңдар. Әрине, балалар, су сұйық, ол ағады, оның температурасы әр түрлі болуы мүмкін (ол күн астында қызады, ағыннан суық).<br>- Су құйылған бөтелкелеріңді қараңдар. Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Неліктен біз су ішеміз?<br>- Суды шөлімізді қандыру үшін ішеміз. Өмір сүру үшін барлық тіршілік иелері суды қажет етеді: жануарлар да, өсімдіктер де және, әрине, балықтар.<br>- Балалар, сендер шөлдедіңдер ме? Жаз ыстық, сендерге көбірек су ішу керек. Бөтелкелеріңді ашыңдар, судың дәмін татыңдар. Ол қандай? | түбін орналастырайық.<br>- Теңіздер мен мұхиттарда нелер тұрады?<br>- Әрине, әр түрлі балықтар, теңіз жұлдыздары, маржандар, ұлулар, медузалар, ракушкалар.<br>- Алдымен, суға ракушкаларды тастайық.<br>- Қалай ойлайсыңдар, олар суға батады ма, жоқ па? Олар суға батады, өйткені олар судан ауыр<br>- Бізде қанша ракушкалар бар екенін санаңдар. Дұрыс барлығы бесеу.<br>- Малтатастар батып кете ме, жоқ па? Иә, дұрыс, олар да судан ауыр. Барлығын бір-бір тастан алып, суға тастаңдар.<br>- Қараңдаршы, менде қандай әдемі әйнектер бар. Оларды да суға салайық. Суға батты ма? Ой, бірақ әйнек жоқ. Олар қайда кетті?<br>- Әйнек мөлдір, сондықтан оларды суда көре алмайсыз.<br>- Теңіз түбі дайын, теңізге балықтарды жіберейік. Суға батты ма?<br>- Жоқ! | сұрақтар қояды.<br>- Судың қандай қасиеттерімен таныссыз?<br>- Судың пішіні бар ма?<br>- Өзенде, көлде, теңізде, шалшықта су мөлдір ме?<br>- Егер сіз оны суыққа шығарсаңыз немесе мұздатқышқа салсаңыз, су не болады?<br>- Су мөлдір. Ол арқылы нысандар көрінеді. Су сұйық. Оның өзіндік пішіні жоқ, ол құйылатын зат пішінін алады. Тегіс жерде су жайылып кетеді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су - мөлдір, лас су - мөлдір емес. Тек лас судың иісі шығады. Ауа температурасы 0 °С-тан төмендегенде - су қатып қалады.<br>**Зерттеу қызметі.**<br>Педагог балаларды тәжірибені өткізуге шақырады. Шыны ыдысқа су құйып, қақпағын мықтап жауып, мұздатқышқа салыңыз. Көп ұзамай құмыра жарылып, оның орнына мұз бөлігі пайда болады. Мұздатылған су - мұз - сұйық суға қарағанда көбірек орын алады, | Экологиялық міндет: балалардың судың қасиеттері туралы білімдерін байытуды жалғастыру, табиғаттықоғауға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**Қимылды ойын:** қағаз қайықтармен ойын.<br>Мақсаты: балаларға қуаныш сыйлау<br>**Еңбек:** алаңдағы суды ағызу үшін ойық жасауға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: ересектерге барлық мүмкін болатын көмек көрсетуге үйретуді жалғастыру<br>**Жаңылтпаш**<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br>Суға сақалын мала, сілке,<br>Суға сақалын мала, сілке.<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң | қасиеттерін анықтауға үйрету; тәжірибе нәтижелері бойынша балаларды өз бетінше қорытынды жасауға үйрету; баланың табиғатпен қарым-қатынасы кезінде оның адамгершілік және рухани қасиеттерін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу: балалардың судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту және нақтылау (су сұйық, ол ағады, құйылады; су мөлдір, түссіз, суда ауа бар; судың түрі жоқ).<br>- Сусыз өмір сүре аласыз ба?<br>- Сусыз өмір сүру мүмкін емес. Айтыңдаршы, кімге су керек? ...<br>- Суды қорғау керек!<br>**Көркем сөз**<br>Су жүргізер тіршіліктің тамырын,<br>Су жоқ болса тіршілік болмас бауырым,<br>Судың біздер біле тұра маңызын<br>Көп болған соң ұмытамыз қадірін.<br>**Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: су құйғыштан суаруды үйретуді жалғастыру; жұмысты тиянақты атқаруға бейімдеу.<br>**"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, заттарды қабылдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Адамдар суды не үшін пайдаланады? Иә, жууну керек.<br>- Гигиенаңызды сақтау үшін. Сондай-ақ, жазда суда шомылу үшін. Ыстық күні су тез қызады, өзенде, тоғанда, көлде.<br>**"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі жүгіруді, бағдарлауды дамыту.<br>**Жұмбақтар**<br>Ұзын-ұзын ұз келеді,<br>Ұзын бойлы қыз келеді.<br>Қасы қалтырап,<br>Көзі жалтырап. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Еңбек:** ағаш діңдерінің жерін босату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br>**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты-міндеттер түрлі бағыттарға, қимылдарды | - Неліктен?<br>- Олар резеңкеден жасалған, ал резеңке судан жеңіл, сондықтан олар батып кетпейді.<br>- Бізде теңіз бар. Өзімізді жағада жүргендей етіп елестетейік. Аяқ киімдеріңді шешіп, жалаң аяқ жүріңдер. Құм жылы, аяққа жағымды.<br>**Көркем сөз**<br>Су деген - өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Болмас еді шөп-шалаң,<br>Болмас еді тірі жан.<br>Сол себепті балалар,<br>Ысырап қылмайық суды.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді көңіл-күйді сақтау, белсенді әрекетке баулу.<br>**Еңбек:** құмнан қоқысты бөліп алып, қопсытып, құмсалғышқа жинату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: өзінің және жолдастарының жұмысын құрметтеуге және бағалауға үйрету.<br>**"Доп ұстаған** | сондықтан құмырадағы мұз қысылып, оны жарып тастады. Мұз шалшықтарда, өзендерде, тоғандарда алғашқы аяз түскен бойда пайда болады. Күн сайын мұз қабығы қалыңдай түседі.<br>- Мұзды жылы бөлмеге кіргізгенде не болады? (Ол ериді.)<br>**Көркем сөз**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>**Еңбек:** балабақша алаңын тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: күректермен, зембілдермен жұмыс істеу дағдыларын бекіту; өз жұмысыңды ұтымды ұйымдастыруға, ұжымда достық қарым-қатынаста жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Сиқырлы таяқ" қозғалмалы халық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда тапқырлықты, ептілікті дамыту.<br>Жас және орта жастағы балалар (40 адамға дейін) | сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. | қабілеті.<br>Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттардың бейнесі бар карточкаларды дайындау керек. Бұл карточкалар балаларға таратылады. Олар кескіндерге қарап, бұлттың қалай көрінетінін айтып беруі керек.<br>Бұл әрекетті мектепке дейінгі жастағы балаларды аспанға қарап, бұлттарды сипаттауға шақыра отырып, серуендеу кезінде жасауға болады.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: мұғалім кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас бұлт салуы керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды.<br>"Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады.<br>"Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>**"Доппен ойын" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спортпен айналысуға деген құштарлығын дамыту. | **пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіруді қиындатып, екі аяқпен, көзді жұмып, алға секіру, затты екі аяқтың ортасына қысып қозғалу. Қауіпсіз жолды ескеру.<br>**Еркін ойындар.** | ойнайды. Ойнау үшін ұзындығы 1 м таяқша қажет.<br>Сипаттама. Диаметрі 4-5 м шеңбер салынады.Ойыншылар шеңбер бойымен тұрып, реттік нөмірлер алады. Үлкен шеңбердің ішіне диаметрі 2-3 м шеңбер салынады.Жүргізуші (жеребе бойынша) қарды таяққа жабыстырады. Таяқшаны күзетуге күзетші тағайындалды », ол кіші шеңберде тұрады. Жүргізуші шеңберден тыс жерде ойыншының нөміріне өз қалауы бойынша қоңырау шалады. Шақырылған адам «күзетшіні» қимылдармен алшақтатып, таяқ ұстауы керек. «Күзетші» оны кішкене шеңбермен ұстап алуға немесе майлауға тырысады. Егер ойыншы таяқ ұстаса. ол ұпай жинап, орнына қайта оралады. Егер «күзетші» оны ұстап алса, онда олар рөлдерді ауыстырады. Ең көп ұпай жинаған - жеңімпаз атанады.<br>**"Суық - ыстық"** | Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді.<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші | Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар. | | **қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: аяқтың ішкі бөлігімен допты соғу жаттығулары; жүрудің бұрын игерілген түрлерінде дұрыс техниканы игеру.<br>**"Допты лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікті дамыту.<br>Еркін ойындар. | бола алады.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу 17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>18.00-18.30 | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы сөйлесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. |

Тексерілді 19.06.2023ж

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 4 апта (маусым 19.06 – 23.06. 2023 жыл)
Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| Апта күндері Күн тәртібі | *Дүйсенбі 19.06.23ж* | *Сейсенбі 20.06.23ж* | *Сәрсенбі 21.06.23ж* | *Бейсенбі 22.06.23ж* | *Жұма 23.06.23ж* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 – 08.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00 – 08.10** | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 – 08.20** | **Еңбек:** аланды тазалау ұжымдық жұмысы.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсете білуге. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге барлық мүмкін көмек көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** жолды, ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: тапсырмаларды орындауға деген ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** ағаштарды суару.<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: шөп - арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажырата білуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық | **"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият | **"Бір, екі, үш, ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштарды дінімен, | **"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Үстел үсті ойыны:"Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Аққу-қаздар".**<br>Мақсат-міндеттер: ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу - қаздардың» рөлін | қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Шымшық торғайлардың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша белгілі кеңістікте жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, "торғайлар" ролін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды.<br>"Торғайлар" алаңның бір шетінде, орындыққа шығып отырады.<br>"Мысық" екінші жақта ұйықтаған болып отырады.<br>Белгі бойынша "торғайлар" алаңға жүгіріп шығып, (қанаттарын жайып) жүгіріп жүреді. Мысық тез "ояна қалады", "мияу-мияу" деп, керіліп алады да шымшық торғайдың балапандарын қуа | болуға тәрбиелеу.<br>Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл – торғай ұялары.<br>Барлық балалар – қараторғай. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп – ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» деген сигнал бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Ал балалардың ішінен біреуі ұясыз қалады. Осылайша ойын бірнеше рет қайталанады.<br>Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралған кезде, бәрінің де ұясы бар болып шығады.<br>**Көркем сөз**<br>Тоқылдақтар тоқылдап<br>Ешбір тыным көрмейді<br>Ағашты қанша тессе де,<br>Жұмысы бір өнбейді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Қателеспе".** | жапырақтарынан тану.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Керісінше айт!"**<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, доп лақтырып, айтады:<br>"Көлшік – кішкентай, ал өзен- … (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай".<br>**Көркем сөз**<br>Қызыл, жасыл гүл ектік,<br>Баптап күтіп түрленттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суғардық.<br>Гүлдендіріп бөлмені,<br>Бөлмеде гүл қаулады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай | Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан.<br>Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, енесіне келеді<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың".**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер… Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнайды.<br>Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді.<br>Сол жақта қасқыр жасырынады.<br>Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді.<br>Қасқыр әзірше қозғалмай отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы қаздарды шақырады.<br>- Қаздар, қаздар, қаңқылда!<br>- Қулар, қулар, саңқылда!<br>- Тойдыңдар ма далада?<br>- Иә, иә, иә,<br>- Ендеше үйге қайтыңдар.<br>- Жоқ, жоқ!<br>- Неге?<br>- Қыр астында қасқыр бар.<br>Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу- | жөнеледі. Олар үйдің төбесіне немесе ұяларына, өз орындарына бару керек. Ұстаған шымшық торғайлар балапандарын мысық өз үйіне әкетеді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Орныңды тап".**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту; ойлау білімдерін бекіту.<br>Ойынның барысы.<br>Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әр түрлі әрекеттерін атайды.<br>Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз", т.б...<br>**(дене шынықтыру)** | жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды.<br>Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды.<br>Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді.<br>"Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау.<br>Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды.<br>Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. | және қай жерден тапқанын әңгімелейді.<br>**Көркем сөз**<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау - бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаздар үйге, сызықпен белгілеген жерге қашады. Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. **(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.10 – 08.20** | Бойыңды сергек тік ұста,<br>Емін – еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Сол қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Оң қол да бос тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеудекірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеудекірек тұсында. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 – 09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды дұрыс жуу қабілетін бекіту: сабынды жақсылап көпіртіп жуу; сүлгімен құрғатып сүрту; балалардың денсаулығын нығайту, қолдарын дұрыс жууға үйрету, серуендеуден, дәретханадан кейін, тамақтанар алдында қолды мұқият жуудың маңыздылығын айтып беру.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; балаларды үстел басында өзін дұрыс ұстауға, мұқият тамақтануға, басқа балаларға кедергі келтірмеуге үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Ағын суға шомылсақ.<br>Жақсы бала аппақ,<br>Жаман бала сатпақ. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға дағдыландыру; әжетханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ.<br>(І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.00 – 09.15** | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді | **"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, | **"Ал егер?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту. | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. | **"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, | ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі. | Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады.<br>Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін. | Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | Шымшық шиқылдайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.15 – 10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Сені көргеніме қуаныштымын" Мақсат-міндеттер: Балаларда заттарды аттап өту; қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру дағдыларын дамытуды жалғастыру; музыка ырғағына сәйкес | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу)" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Тотықұстың туған күні" Мақсат-міндеттер: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Геометриялық фигураларды дұрыс атай білу қабілетін дамыту: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш. 6 ішінде алға және артқа ретімен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Орман құстары" Мақсат-міндеттер: Балалардың орман құстарының әртүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту; ойлау, сөйлеу, дербестік, себеп-салдар байланысын құру қабілетін дамыту; құстарға ұқыпты карауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қалықтаған құс" Мақсат-міндеттер: Бірнеше бөліктен тұратын құсты жасауға үйрету, контур бойымен кесу және қағазды баянмен бүктеу қабілеттерін бекіту, ұсақ моториканы дамыту, танымдық қабілеттерін белсендіру, жабайы табиғат өкілдеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлі қарқында қимылдар жасауға ынталандыру. | **Музыкадан ойын-жаттығу** "Орман тұрғындарының әні" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | санау қабілетін дамыту. Геометриялық фигура: сопақ туралы білімдерін қалыптастыру. Жаттығу кезінде тәуелсіздікті дамыту.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қалықтаған бүркіт" Мақсат-міндеттер: Суретте ұшқан құстың бейнесін бере білу, сәйкес түстерді таңдай білу, құсты бетте әдемі орналастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру; сурет салуда түрлі техникаларды қолдану және акварель бояуларын, балауыз мелдерін, түрлі-түсті қарындаштарды | тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | біріктіре білуді үйрету; қарапайым қарындашпен нобай жасай білу біліктіліктерін, көру қабілеттерін дамыту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, дыбысына қарай ажыратуға үйрету.<br>Экологиялық міндет: құстар жабайы | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. | **Құстарды бақылау: көкек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көкектің жаздағы тіршілігі туралы білімді дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің әңгімесі | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Ой толғау: "Орман құссыз, құстар ормансыз өмір сүре алмайды"**.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту; құстарға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу; тірі ағзаның белгілерін ажырата білу.<br>- Жазда құстарға қорек жеткілікті, олар балапандарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру<br>**Көркем сөз**<br>Құстар, құстар келеді,<br>Жерді шуға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. | Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу:<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен құстардың сайрағаны естілмейді?<br>- Құстар ұя салды, енді құстарды не мазалайды? (Жұмыртқа салу, балапан шығару.)<br>- Ал жұмыртқаны ұяда кім жылытады, қорғайды?<br>- Ұядағы жұмыртқаны күзетіп, жылытып жатқанда оны кім тамақтандырады? | - Балалар, мен сендерге ұя салмайтын, балапандарды тамақтандырмайтын құс туралы айтқым келеді. Сендер бұл құстың атын білесіз бе? Ол көкек. Көкектің жүні сұр және қара жолақтары бар. Орманда алыстан көкектің дауысы естіледі. Көкектің әнін барлығы естиді, бірақ бұл құсты көру қиын: көкектер әдетте биік ағаштың басында, тығыз жасыл бұтақтарда жасырынады.<br>Көкек ұя салуды білмейді, сондықтан жұмыртқаларын басқа құстарға салады. Көкектер жаман ата-аналар, | бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту.<br>Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Балаларды тәрбиешімен және басқа балалармен әртүрлі тәжірибе алмасуға тырысуға шақыру.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен халықта: орман құссыз және құстар ормансыз өмір сүре алмайды деп айтады?<br>- Орман құстарға не | шығарады және тамақтандырады. Күзде жем мөлшері айтарлықтай азаяды. Біріншіден, жәндіктер жоғалады, өсімдіктер біртіндеп қурайды, жемістер мен тұқымдардың саны азаяды. Көптеген құстар үйірге жиналып, содан кейін жылы аймақтарға ұшады.<br>Алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар ұшады, содан кейін жемістер мен өсімдіктердің дәндерімен қоректенетін құстар ұшады..<br>Бұл құстардың барлығы жыл құстары деп аталады..<br>**Көркем сөз**<br>Қараторғай, қараторғай,<br>Ұша түс биік самғай.<br>Болса да кіп - кішкентай.<br>Алады бақты қорғай.<br>Қонағым қол басындай,<br>Мінезі қорғасындай.<br>Өзі кіп - кішкентай,<br>Ол қараторғай.<br>**"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар аланда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа | - Ұяда балапандар пайда болды, бірақ олар әлі де ұша алмайды.<br>Балапандарды кім тамақтандырады?<br>Педагог балалардың назарын торғайларға аударады. Балалар торғайлардың мінез-құлқын бақылайды.<br>- Міне біздің торғайлар. Торғай жұбы бірге ұя салады, содан кейін жұмыртқаларды бір-бірден инкубациялайды. Екі аптадан кейін ұяда кішкентай балапандар пайда болады. Ата-аналар кішкентайларын тамақтандыру үшін таңертеңнен кешке дейін шыбын, маса және басқа жәндіктерді аулайды. | бірақ олар біздің ормандарымызға үлкен пайда әкеледі: бұл құстар басқа құстар тигізбейтін түкті шынжыр табандарды құртады. Түкті шынжыр табандар, әсіресе жібек құрттары - орманның қауіпті жауы - олар өсімдіктердің жапырақтарын, сабақтары мен бүршіктерін жейді, ал орман кеуіп кетуі мүмкін. Жаздың ортасында, шілдеде, көкектер ыстық Африкаға ұшып кетеді.<br>**Көркем сөз**<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау – бақшада, орманда,<br>Құстар әні көңілді. | береді? (Орман құстарға жауларынан паналауға, ұя үшін құрылыс материал, тамақ береді)<br>- Орманда құстар не үшін қажет? (Құстар зиянды жәндіктерді жояды, орманды әнмен безендіреді)<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>Балаларды серуендеу кезінде құстарды бақылауға шақыру.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балалардан бақылауларымен бөлісуін сұрау.<br>Құстарды дұрыс бақылаған балаларға алғыс айту.<br>**"Үкі" саусақ жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қол моторикасын | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Аланның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Аланның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.<br>"Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды аланға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды".<br>"Түлкі!" деген белгі естілген кезде, "түлкі інінен шығып, тауықтарға шабады, ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан. | Торғайлар тез өседі, ал он күннен кейін ата-аналар балапандарына торғай өмірінің барлық қыр-сырын үйрете бастайды. Содан кейін торғай жұбында жаңа балапандар болады. Суық ауа райы басталғанға дейін оларды құстар мектебінде өсіріп, оқытады.<br>**Көркем сөз**<br>Құстар тойын құттықтар,<br>Қуанамыз қолдаймыз.<br>Ұя жасап құттықтап,<br>Біз оларды қорғаймыз.<br>**Еңбек:** құм жәшігінде құмды қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Еңбек:** көгөністерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге үйрету.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; | дамыту.<br>Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))<br>Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»))<br>Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))<br>Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))<br>Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)<br>**Ойын "Құстар** | "Ұсталынды" деген - баланы қолмен түртіп қалу. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды.<br>Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады.<br>Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады.<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Еңбек:** гүл суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>**Еркін ойын: "Құс пен мысық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнай білуге дағдыландыру; жүгіру түрлеріне машықтандыру.<br>Балалардың дербес ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, енесіне келеді<br>**Еңбек:** аланды жақсарту бойынша ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, топтық жұмыстың құндылығын көрсету.<br>**Жеке жұмыс:** көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**<br>Тура жүріп, | тәрбиешіге көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде | жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты. Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздарды" сомдайды.<br>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу мүмкін.<br>Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:<br>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға)<br>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)<br>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)<br>Құсшы:<br>- Суға ұшып | **дауысы"**<br>Қарға ұшар қарқылдап,<br>Торғай ұшар шырылдап.<br>Көгершін ұшар гуілдеп,<br>Қарлығаш ұшар шық-шыттап.<br>**Еңбек:** арамшөптерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көкөністердің, гүлдердің өсуіне арамшөптердің зияны туралы білімдерін бекіту; еңбекке санылы карауға үйрету.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай | әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындар. | таңдайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.<br>Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді.<br>Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**Еркін ойын:** | келіңдер!<br>Ошаққа абайлап жетіңдер!<br>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!<br>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады.<br>Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі.<br>Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу | білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды.<br>Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады.<br>Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады.<br>Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.<br>Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>Еркін ойындар. | қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойын: "Бақшада". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: сөздер мен қимылдарды үйлестіруге үйрету; ойындағы өз рөлін адал орындау қабілетін дамыту. | "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс.<br>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру. | |
| **Серуеннен оралу 12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Қолды дұрыс жуу, жеңіңізді түру, қолды жуған кезде суды еденге төгілмеуін | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық өзін-өзі күту дағдылары, дұрыс отыруды, дастархан басында ас | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту. Қолды сабынмен мұқият жуу маңызды, денсаулыққа қажет екенін түсіндіру. **Көркем сөз** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, бет пен қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру. Сүртіп болған соң сүлгіні орнына | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздігінен қадағалау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.<br>**Көркем сөз**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.<br>**Көркем сөз**<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Тазалап жүр тісіңді,<br>Кішкене де ыңғайлы,<br>Тіс щеткасын пайдалан.<br>Тазалауға болмайды,<br>Щеткасымен басқа адам.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | ілулігe қалыптастыру; жуар алдында, жеңдерің түру, бетті жу, суды шашпау.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем** | тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **сөз)** | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 – 15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10 – 15.30** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00 – 16.30 | **"Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап | **"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту. Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету. Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын барысы.<br>Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, | Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.<br>Бастаушы<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді) | дамыту.<br>Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…».<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**“Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын | Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият карауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады.<br>«Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады.<br>Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп | тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Көпіршіктерді үрлеу" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үлкен көңіл-күй сыйлайды! Ең бастысы - шыдамды болу және балаларға сабын көпіршіктерін үрлеуді үйрету. Көпіршіктерді үрлеу арқылы сәбилер өкпесін жаттықтырады. Сонымен қатар, бір қалыпта үрлеу оңай шаруа емес! Көпіршікті қуу әсіресе көңілді болады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңылтпаш, тақпақтарын айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. нұсқауларды | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында-олар торғайлар. | дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тынышталды” деген кезде ағаштардан түседі де ұша береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Құстар мен мысық” қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердін ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді. | | **(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.30 – 16.50** | **"Көрсету және атау" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй және қоныс аударатын құстарды танып, атауды үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.**<br>Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Суретшінің қателіктерін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту және 10-ға дейін санауды бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден бүтіндік жасау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық**<br>**16.50 – 17.00** | балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. | **Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Зерттеу: "Жазда құстар қалада не жейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Зерттеу барысы.**<br>- Құстар не жегенді | **Құстарды бақылау: "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың | **Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану.<br>Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну.<br>Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін бақылау.<br>Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу.<br>Құстардың қауырсындарын қарастыру.<br>Әңгімелесу: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, желеулер мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді аулайтындығына аудару маңызды. | олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты | ұнатады?<br>- Тамақты қайдан табады?<br>- Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік?<br>Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. Тапсырма түсінікті ме?<br>- Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына | жауаптары)<br>- Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма?<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>- Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде?<br>- Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек. Балапандар көп | - Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда ұшады және қайда ұя салғанды ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді!<br>**Еңбек:** алаңға, жолдарға су шашу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарлығаштардың ұясын көрсету, олардың ұяға балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін ескерт. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіріңіз, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектесіңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б)**<br>**А.** «Сипаттама бойынша тап» - | нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек:** қоқысты алаңнан жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Қарлығашпын мен,<br>Адамның тұрағымын.<br>Мекен етіп тұрамын,<br>Тазалаймын үй - ішін.<br>Ел аузында мақтаулы,<br>Тазалықшымын төселген. | кедергі жасайсыңдар Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек:** алаңнан малтатастарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам | жейді және тез өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі.<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- "Орман дәрігерін" кім біледі?<br>- Орман құстарын ренжітпеу үшін біз өзімізді орманда қалай ұстауымыз керек?<br>- Орманда шу шығармаңыз! Неліктен? - Қатты айқай-шу құстарды қорқытады, олар ұяларын тастап кетуі | алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады.<br>Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды.<br>Мақсат-міндеттер: сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту.<br>**Б.** «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады<br>Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту.<br>**"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.<br>Ойын барысы. | **Жұмбақтар**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салды жабыққа.<br>(Қарлығаш)<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш)<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады.<br>Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, | мүмкін. Сіендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай білу керек.<br>- Құстардың ұяларын бұзбаңыз! Неліктен?<br>- құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін.<br>- Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кету олардың өміріне қауіпті. Орман - олардың үйі. Олар өз тамақтарын өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өлуі мүмкін.<br>Орманда от жағуға болмайды! Неліктен? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі. "Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. "Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. **"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: | Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты | ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да | - Ағаш өте жақсы күйеді. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі Қорытынды. Құстар әртүрлі, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды **Еңбек:** бақшаны суару. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдай білуге үйрету, зейінді дамыту; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Дидактикалық ойын: "Құстарды сана".**<br>Мақсат-міндеттер: сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары. (бір торғай, екі торғай және т.б.)<br>**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, | шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.<br>"Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындары. | қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс.<br>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу**<br>**17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>18.00 – 18.30 | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Үйде қандай құсты ұстауға болады?" | Ата-аналарға арналған кеңес: "Баланының байланыстырып сөйлеуіне ықпал ететін себептер". | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы сөйлесу. | Сұрақ-жауап: "Денсаулықты нығайту шаралары мен отбасылық дәстүрлер". |

Тексерілді

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 5 апта (маусым 26.06 – 30.06. 2023 жыл)
Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| Апта күндері Күн тәртібі | *Дүйсенбі 26.06.23ж* | *Сейсенбі 27.06.23ж* | *Сәрсенбі 28.06.23ж* | *Бейсенбі 29.06.23ж* | *Жұма 30.06.23ж* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 – 08.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00 – 08.10** | Ата-аналармен әңгімелесу: "Жазда ашық ауада серуендеудің маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 – 08.20** | **Еңбек:** аланды тазарту. Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүл бақшасын арамшөптерден тазарту. Мақсат-міндеттер: өз жұмысыңыздың нәтижесін көру, белсенділіктен қанағат алуға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балаларды жалпы игілікке жұмыс істеуге тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** аланды сыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлықты, ұқыптылықты дамыту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(еңбек іс-әрекеті)** | жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | **(еңбек іс-әрекеті)** | |
| | **"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тыныштталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың | | **"Бұл не?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту.<br>Міндеттері: балаларға тірі және жансыз табиғат нысанын сипаттауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші тірі немесе жансыз табиғат нысанын ойлап, оның белгілерін атай | **"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Күн мен түн".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу<br>Ойын барысы:<br>Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі. «Күн» белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. | біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: | | бастайды, ал балалар жалғастырады.<br>Мысалы: Жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, коректік, дүкеннен табуға болады, жеуге жарамды, одан балапандар шығады...<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Айдапсал".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар екі топқа тең бөлінеді де, бірінші топ үйдің сыртына шығып, екінші топ үйде | үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ұзындығы 40-60 метрлік алаңның ортасында арасы 2м параллель екі сызық сызылады. Балалар екі топқа бөлініп, қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосып алады. Және керісінше болып ойын жалғаса береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Түн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан «күн» белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – аланда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Мұздату".** | | қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.<br>Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, т. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттер: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын.<br>Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | | б. өнер көрсетеді. Келесі жолы екі топ орындарын ауыстырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.10 – 08.20** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 – 09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастырыңыз: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында, | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді , үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Үсті-басым ұқыпты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету. (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Ыдыс толы тамағым,<br>Тамағыма қарадым.<br>Тауысып ап асымды,<br>Бүгінгі күн жарадым.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.00 – 09.15** | **Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".**<br>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып | **"Ал егер?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін | | **"Фант" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және әрекет етуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** | дамыту.<br>Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | | тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене** | **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шынықтыру, танымдық іс-әрекет)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.15 – 10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Қайырлы таң, Алтын күн!" Мақсат-міндеттер: Балаларды көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу; балаларда воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қазағымның қазынасы - домбыра" Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ халқының ұлттық аспабы домбыра туралы түсінік беру; күй тыңдай отырып, ұлттық танымын көтеру; ауыз әдебиет үлгісі мен нақыл-сөздерді қолдана отырып білімділігін шыңдау; түстерді таңдай отырып, домбыраға ою-орнектерді ұқыпты безендіру арқылы әдемілікті сезіне білу қабілетін дамыту; ұлттық өнерді қастерлеуге, | | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** «Күн мен Ай» ертегісін әңгімелеу Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау, еске сақтау қабілетін жетілдіру; ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін ажырата білуін, балалардың жыл бойы меңгерген білімдерін бекіту; достыққа, татулыққа, мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** ""Алтын күн" Ермексазбен бейнелеу" Мақсат-міндеттер: Ермексазбен бейнелеу тәсілдерін үйренуді жалғастыру; ермексазды беткейге жағуды үйрету; домалақтау тәсілін пайдаланып картон қағазға бедерлеу тәсілін орындау дағдыларын үйретуді жалғастыру; ермексаздың көмегімен қолөнер жасауды соңына дейін жеткізуге үйретуді бекіту; сезіну, түйсіну сезімдерін, шығармашылық қиялын, өз күшіне сенуін дамыту; қолдың ұсақ маторикасын жақсарту; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Күшікке арналған үйшік" Мақсат-міндеттер: Трафареттің көмегімен көпқабатты үйдің суретін салуды үйретуді жалғастыру; техникалық дағдыларын дамыту: трафарет және қарындашпен (қара) суреттің нобайын салуды меңгерту; композиция сезімдерін дамыту суреттің элементтерін парақ бетіне үйлесімді орналастыруды, бейнені қоршаған өмірден алған әсерлерінің негізі элементтерімен толықтыруды үйрету; | құрметтеуге тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Гүл Астана" Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. | | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Күннің көзі жарқырайды" Мақсат-міндеттер: Балаларға күн туралы және оның тіршілік үшін маңызы жайында мағлұмат беру. Күн және күн жүйесі туралы білімдерін толықтыру.Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымдарын кеңейту, танымдық қызығушылықтарын арттыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өз туған қалаларына, үйлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Ауа-райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа-райының жай-күйін атап өту - жылы, күн ашық, бәрі жасыл.<br>Экологиялық міндет: тірі және жансыз табиғат арасындағы байланыс.<br>Әңгімелесу. Қазір қай жыл мезгілі?Жаздың келгенін қайдан білдіңдер? Бүгінгі | **Күннің биіктігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>балаларға жұмбақ жасырады.<br>Таң мен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн)<br>**Көркем сөз** | | **Күнді бақылау: "Күн - жылу мен жарық көзі". (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: күн туралы түсінік қалыптастыру, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Бақылаудың барысы<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.**<br>- Өсімдіктердің, жануарлардың өсуі үшін не қажет?<br>- Күн не береді? | **Бақылау: "Орман сыйы - саңырауқұлақтар мен жидектер". (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсаты: балалардың орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту, саңырауқұлақтардың есімдерін есте сақтау - жеуге жарамды және улы.<br>Әңгімелесу. Бүкіл бұтаны бұзбау үшін жидектерді қалай жинау керектігін түсіндіру.<br>Саңырауқұлақтардың әдемі пішініне, олардың түсіне назар аудару.<br>Саңырауқұлақтар салынған суреттерді қарау. Жеуге болатын саңырауқұлақтарды көрсетіп, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауа-райы туралы не деуге болады?<br>Түзету тапсырмасы: жаздың белгілерін атаңыз, сөздерді белсендіру: жылы, ыстық, күн шуағы<br>**Көркем сөз**<br>Жаз келді жадырап,<br>Ағаштар гүлдеді.<br>Жаңбыр жауып нөсерлеп,<br>Жер – ана көкке бөленді.<br>**"Дауыста, атыңды айтамын" ойыны.**<br>Ойын барысы. Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі байлаулы бір ойыншы шеңбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шеңбер бойында тұрған ойыншылардың кез | Кең аспан гой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы.<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де,<br>Шуақ шашып қайда да.<br>Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Аптап ыстықтан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайда шығады, күн қайда кетеді?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек | | Күн - жердегі жарық, жылу және тіршілік көзі. Оның барлық жағы жарық пен жылуды таратады. Егер Күн суық болса, жер қараңғылыққа батып кетер еді. Суық пен қараңғылық өсімдіктер мен жануарлардың бәрін өлтірер еді Шар тәріздес Күн бізге жарқыраған дөңгелек болып көрінеді. Қыздырғыш зат жарық шығарады, яғни. жарқырайды. Міне, Күн де жарқырайды, оның нұры Жерге жетеді, сондықтан біз күндіз өте жылы және жеңіл жүреміз. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. | ерекшеліктерін назар аударту. Улы саңырауқұлаққа назар аудару - шыбын-шіркей (мухомор)<br>**Көркем сөз**<br>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,<br>Басында қалпағы бар.<br>Ормандағы жәндіктерге,<br>Жауын жауса пана болар.<br>**"Сиқырлы қап" дидактикалық ойыны.**<br>Балалар сипап-сезу арқылы, қаптың ішіндегі саңырауқұлақтарды тауып, атау керек.<br>Мақсаты: балаларды заттарды тән белгілері бойынша тануға үйрету, тактильді сезімталдығын дамыту.<br>**«Сипаттама бойынша тап» -** тәрбиеші әртүрлі саңырауқұлақтарды сипаттайды, балалар болжайды.<br>Мақсаты: сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келгеніне ұсынып: «Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады. (Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншы бірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады. **Жұмбақ** | жылынатынын анықтаңыз. Жауап беріңіз, қай заттар тез қызады: қара ма, әлде ақ па? Күнге ұзақ уақытқа қалай қарауға болады? (Қара көзілдірікпен) **Еңбек:** аула тазалаушыға аланды тазартуға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. **"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы | | - Бетіңізді күнге бұрған кезде өзіңізді қалай сезінесіз? - Оған тікелей қарауға бола ма? Екі тас қойыңыз. Бірі - күн сәулесінде, екіншісі - көлеңкеге, оны ағаш қораппен жауып, қараңғы болу үшін. Біраз уақыттан кейін тексеру. Қайсысы жылы: күннің көзінде тұрған тас па, әлде жәшіктің астындағы ма? Қорытынды. Күннің астында заттар көлеңкеге қарағанда тезірек қызады. **Еңбек: кіші топ балаларына ауланы тазартуға көмектесу.** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікті, балаларға көмектесуге деген | қабілетін дамыту. **Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.** «Құмға салыңыз» - саңырауқұлақ пен жидекті құмға түрлі тығыннан салу. Қалыптармен және құммен ойындар. **Еңбек: аула тазалаушыға аланды тазартуға көмектесу.** Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. **"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең аланда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы еңіске.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесу, өсімдіктерге күтім жасау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне | жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша | | ықыласты дамыту.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. | топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады:<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Темірштіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Темірштіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек,-дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді.<br>Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)** | немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуыныншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуыныншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** | | Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды | алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.<br>**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.**<br>Мақсаты: дене тепе-теңдігін дамыту;ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде карауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>Еркін ойындар. | **ұзындыққа секіру. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, күші мен ептілігін дамыту.<br>Еркін ойындар. | | жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**"Егер де... не болар еді?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қарапайым себепті байланыстар мен қарым-қатынастарды таба білуге үйрету.<br>Егер де күн болмаса, не болар еді? (Үнемі қараңғы, қорқынышты болады, гүлдер өспейді.)<br>Егер де су болмаса, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | не болар еді? (Шөптер қурайды, қатты шөлдейміз.) Егер де ауа болмаса не болар еді? (Тыныс ала алмаймыз.) Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу 12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар:**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмысты жалғастыру. Үстелдегі тағамға | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: жабдықтарды қолдану тәртібін пысықтау. Майлықты қолдану, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану тәртібін пысықтау. Қасықты дұрыс қолдану, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әжетханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу қабілетін дағдыландыру; тез және ұқыпты жуу қабілетін жетілдіру, жуу бөлмесінде тәртіпті сақтауға тәрбиелу.<br>**Көркем сөз**<br>Сақтағаннан тазалықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, этикет ережелері.<br>**Көркем сөз**<br>Дастарханға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз.<br>Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | айту, аузыңды шайып алу,<br>тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды пысықтау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Ауырмайды ішіміз.<br>Тазалықты сақтасаң<br>Ауырмайсың ешқашан.<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 – 15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.10 – 15.30** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00 – 16.30 | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. "Адам не істеді?" - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді | **"Ұқсас - ұқсас емес" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды салыстыруға үйрету; олардың айырмашылық белгілерін табу; ұқсастықтар, элементтерді сипаттама бойынша тану.<br>Міндеттері: балаларға зейінділікке үйрету. Есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Мысалы: бір бала | | **"Болады -болмайды " дидактикалық ойыны. (Доппен)**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтауды, ойлауды, зейінді дамыту.<br>Тәрбиеші бір сөйлем айтып, балаларға доп лақтырады, балалар допты қағып алып, сөйлемді аяқтау керек.<br>Жазда қырау ... (болмайды).<br>Қыста қар жауады ... (болады).<br>Жазда аяз ... (болмайды).<br>Жазда тамшылар ... (болмайды).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | **"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік құрамындағы зат есімдер қорын кеңейту.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. жәндіктер, жануарлар және т.б. туралы жұмбақтар жасайды. Дұрысын тапқан бала өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған бала жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені тудырды?"<br>Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, | болжам жасайды, ал қалған балалар болжауды жалғастыру керек: «Екі қоңыз жорғалап жүрді. Бірі қара нүктелермен қызыл, екіншісі қара ... »<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Барлығына сыйлық".**<br>Мақсат-міндеттер: достар табу, дұрыс таңдау жасау, құрдастарымен ынтымақтастық, ұжымдық сезімдерді дамыту.<br>Ойын барысы. Балаларға тапсырма беріледі: «Егер сен сиқыршы болсаң және ғажайыптар | | **"Дөңгелекті лақтыру" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген бағытты көздей білуге ,ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>Ойын барысы. Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан түрады,дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірінен кейін бірі жалғастырып ойнай береді.<br>**(дене шынықтыру)** | **Жапон ойыны: "Ляйлек пен бақа".**<br>Бұл жапон ойынын 4 немесе одан да көп адам ойнай алады. Ол үшін асфальтқа шығанақтар, аралдар мен мүйістер салынған үлкен көл салу керек. Ойыншылар бір жүргізушіні таңдайды - «ляйлек», ал қалғандары барлық ойыншылар «бақаға» айналады. «Бақалар» «суға» отырады, «құрлыққа» шығуға құқығы жоқ. «Ляйлек» жағалау бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады.<br>Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>ойынды бастайды:<br>-"Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге | жасай білсең, бәрімізге не берер едің?» немесе «Егер сенде сиқырлы гүл болса, қандай тілек айтар едің?». Әр бала сиқырлы гүлден бір жапырақшаны жұлып алып, бір тілек айтады.<br>Жапырақшам ұш-ұш, батыстан шығысқа қарай, солтүстік арқылы, оңтүстік арқылы шеңберге оралу.<br>Жерге тиген бойда, менің тілегімді орында.<br>Соңында бәріне арналған ең жақсы тілек байқауын өткізуге болады..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br> "Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Менің бұлтым"**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту. (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30 – 16.50** | **"Суретші қай жерден қателесті?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Баланың ой-өрісін дамыту, сурет бойынша сәйкессіздіктерді табуға машықтандыру. Барысы. Тәрбиеші суретшінің "Жаз" тақырыбында сурет салғанын айтады. | **Қалаған ертегіні мазмұндау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | **"Мезгілге сай киінеміз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: киіну тәртібін пысықтау; мезгілге сай киінуді қайталау; сөздік қорды жетілдіру. сән журналдарын да ұсына алады, балалар суреттегі адамдардың киімлерін атап жатады. | **"Жаңылтпаш пен тақпақтарды қайтала" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздерді, сөз тіркестерін аяқтау, есте сақтауға машықтандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Кемпірқосақ".** Мақсат-міндеттр: балалардың тастар, бұтақтардан жазықтықта кемпірқосақ құрылысын жасауға деген құштарлығын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала бәрін дұрыс салғанын тексеруді сұрайды. Бала көктемде болмайтын көріністерді тауып, оның қай маусымда болатынын айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | | | **"Көмекшілер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әртүрлі мамандықтарға арналған құралдарды анықтауға дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | балаларға "кемпірқосақты" бояуға ұсынады. **(шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 16.50 – 17.00** | балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: аспанды бақылауды | **Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: желдің күшін | **Жәндіктерді бақылау (көбелек). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың көбелектің пайда болуы, өмір салты, оның мәні туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастыру; көргенді бұрын байқалғанмен салыстыру, қорытынды жасау.<br>Экологиялық міндет: жазғы аспанның сұлулығына тамсануға үйрету.<br>Әңгімелесу. Жазда аспан әрқашан ашық және көк емес, оның үстінде бұлттар бар, кейде олар үлкен жаңбырлы бұлттарға жиналады.<br>- Бүгін аспан қандай? Сіз не көріп тұрсыз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттарды немен салыстыруға болады? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оның жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі баламаларын табуға шақыру. | Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түндердің қысқа екенін көрсету. Күн өте ерте, биік шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балаларды жаздың сипаттамалық белгілерімен таныстыру, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Түзету міндеті: күннің бөліктерін атауға үйрету, өлең жаттауға жаттығу.<br>**Көркем сөз**<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн | | анықтауға үйретуді жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылаудың барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>Өртесең де ерімейді,<br>Не тот басып шірімейді,<br>Өн бойына су сіңбейді,<br>Ылғал тартып, ірімейді. (Тас)<br>- Жел қалай қалыптасады? (Ауа жерден қызады, жоғары көтеріледі, ал салқын ауа төменге батады. Ауаның бұл қозғалысы- жел тудырады.)<br>- Желдің қандай болады? (Күшті және | білімдерін кеңейту.<br>Бақылаудың барысы<br>**Көркем сөз**<br>«Көбелектің жыры» Н. Айтов<br>Қанатымды бір қағым,<br>Демде қайта жоғалам.<br>Десе гүлді дала бар,<br>Қос қанатым талмайды.<br>Мені көрсе балалар,<br>Қыр соңымнан қалмайды.<br>**Әңгімелесу.** алуан түрлі-түсті көбелектердің қаншалықты әдемі, көңілді екенін байқауға кеңес береді: сары лемонграсс, қара қызыл есекжем, көк құстар, қырыққабат ақтары, ирисценциялар және інжу-маржан.<br>Көбелектердің, дене мүшелерінің пайда болуын қарастырыңыз, олардың не жейтінін біліңіз. Балаларды көбелектер қанаттарының мөлшері мен түсі бойынша ерекшеленеді деген тұжырымға жетелейді.<br>Көбелектер қанаттарында өте әдемі өрнек бар - бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем сөз. Жұмбақ**<br>Төңірегі тең көрініп,<br>Теген жатыр төңкеріліп,<br>Жас та сиған, кәрі сиған,<br>Астына оның бәрі сиған. (Аспан)<br>**Еңбек:** ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, | күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>(М.Әлімбай)<br>**Болжам**<br>1. Күн көзін бұлт шалса, жаз жаңбырлы болады.<br>2. Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады.<br>3. Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа-райы жылынады.<br>**Еңбек:** қоқысты тазарту үшін ұжымдық еңбек.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс | | әлсіз.)<br>- Қатты желдер қалай аталады? (Дауыл, тайфун, торнадо.)<br>- Бүгін жел бар ма? Бұл қаншалықты күшті?<br>Зерттеу қызметі<br>Компас пен флюгерді пайдаланып желдің бағытын анықтау.<br>(Флюгер қайда бұрылды - сол жақтан жел, ал желдің бағыты компастың жебесімен анықталады).<br>- Желдің күшін қалай анықтауға болады? (Қағаз және секундомермен).<br>- Желдің қай жағынан соғып тұрғанын қалай анықтауға болады? (Компасты қолдану: егер солтүстіктен болса- суық, | табиғатта жасалған ең әдемі өрнек. Олардың екі жұп қанаттары бар.<br>Бірақ, көбелектердің қанаттарынан ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны сүрту оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмай қалады.<br>Көбелектердің 6 аяғы бар, олардың көмегімен гүлдерге және олардың бойымен қозғалады. Көбелектер гүлден гүлге ұшады, сондықтан олар тозаңды алып жүреді.<br>Тозаңданатын өсімдіктердің тұқымы көп болады.<br>Тәрбиеші балаларға көбелек туралы жұмбақтар жасырады.<br>Бар екен бір мақұлық ұннан майда,<br>Өз басын айдайды екен қиын жайға,<br>Ұстасақ үгітіліп жоғалады,<br>Дамылдап отырмайды ешбір жайға. ( Көбелек )<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады. ( |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет | істеуге дағдыландыру; жұмысты соңына дейін жеткізе білуге баулу.<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар | | оңтүстіктен болса - жылы.)<br>**Еңбек:** ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйретуді жалғастыру, істелген жұмыстан рахат алу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. | Көбелек )<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, сөздік қорын, дамытуға үйрету.<br>Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды.<br>**Еңбек:** балаларды қоқыс жинауға шақырыңыз (таяқшалар, бұтақтар, қағаз бөліктер).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу, балабақша ауласын тазартуға және қоршаған табиғатты аялауға тарту.<br>**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына карату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып | | Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір | "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Д. Ахметова.<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, белгі бойынша бағытты өзгертуді үйрету.<br>**Қимылды ойын: "Жылан" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бір-бірінің қолдарынан ұстап жүгіруге, жүргізушінің қимылын дәл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау | әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үстелсте білуді, есту зейінін дамыту.<br>Еркін ойындар. | | баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**Қимылды ойын: "Жел". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғаттағы қатынастар тұжырымдамасын бекіту; мұғалімнің бұйрықтарын мұқият тыңдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** доппен жаттығу. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты жоғарыға, жерге лақтырып, қағып алуға үйрету.<br>Еркін ойындар. | қайталауға, бұрылыстар жасауға, кедергілерден өтуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Серуеннен оралу**<br>**17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>18.00 – 18.30 | Ата-аналарға кеңес: "Баланы өзіне-өзі қызмет етуге тәрбиелеу". | Ата-аналармен әңгімелесу: "Жазда ашық ауада серуендеудің маңызы". | | Ата-аналарға кеңес: "Күн ваннасы деген не?" | Ата-аналар кеңес: "Күн соққысынан қалай қорғануға болады?" |

Текеріліді

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 1 апта ( 03.07 – 07.07. 2023 жыл) шілде айы

Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| **Апта күндері Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 03.07.23ж*** | ***Сейсенбі 04.07.23ж*** | ***Сәрсенбі 05.07.23ж*** | ***Бейсенбі 06.07.23ж*** | ***Жұма 07.07.23ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 – 08.10** | Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00 – 08.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 - 08.20** | Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** аула **Еңбек:** ойын алаңын сыпыру. тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | | **Еңбек:** алаңды ұсақ бұтақтардан тазалау. Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(еңбек іс-әрекеті)** | | | |
| | **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық іс-әрекет)** | **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық мен тышқандар".** Мақсат-міндеттер: балаларда төзімділікті, қимылдарды сөзбен үйлестіре білу, ептілікті дамыту. Жүгіру мен иілу жаттығулары, шеңбер бойымен тұру және шеңбер бойымен жүру. Сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Ойын барысы. Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде | | **Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".**<br>Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз. "Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі.<br>Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | тұтас суретке жинау керек.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: секіруден жаттығу жасау, ептілікті дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Соқыр теке"**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Ойын барысы: Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін | (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда өткізіледі.<br>Қырынан қойылған гимнастикалық сатының, рейканың немесе кендір жіптің көмегімен тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады.<br>Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары | | Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіңе жұп тап" - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.<br>Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байлаймыз.<br>Қалғанымыз оны түртіп қашамыз,<br>Тым қырағы, сақ боламыз аса біз.<br>Ұмтылады ол оң мен солына,<br>Тырысамыз түспеуге оның қолына.<br>Кім ұсталса, соның көзі байланар,<br>Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>Тыныштальңдар, тышқандар,<br>Бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыда жатқан мысықты<br>Оятып алып жүрмеңдер, - дейді.<br>Бұл - мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды.<br>Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда мысықтың рөліне | | ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түстер жүйесін қайталау; спектрдегі түстердің орналасуын бекіту; қабылдау қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалардан жауыннан кейінгі шығатын кемпірқосақты кімнің көргенін, онда қандай түстер бар екенін сұрап, ойын құралдарын тақтаға іледі, түстерді толық атын атап орналастырады. Жеке балалардың алдарына ойын құралдары үлестіріліп балалар өз бетімен жұмысты үлгіге қарай отырып орналастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мықтылау, тез қимылдайтын балаларды, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.10 – 08.20** | Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.<br>1."Жіпті соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.<br>2. "Бұрылу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру.<br>1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.<br>2-бастапқы қалып, сол жаққа орындау.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.<br>1-2-сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау.<br>3-4-бастапқы қалып.<br>4."Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау.<br>1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу.<br>2-оңға еңкею. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-бастапқы қалып.<br>4- сол жаққа орындау.<br>5. "Бүгілу, майысу".<br>Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда.<br>1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалып.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 – 09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп - ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-** | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: екінші тағамды жеу қабілетін нығайту; майлықты қажетіне қарай қолдану қабілетін жетілдіру.<br>*Көркем сөз*<br>Хош иісті сабынның,<br>Көбігіне малынып.<br>Қолымызды жуамыз,<br>Барлық кірден арылып.<br>Көкөністі жуып жеп,<br>Қайнаған су ішеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.00 – 09.15** | **"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **"Су" тақырыбындағы әңгіме.** Мақсат-міндеттер: балаларға судың қоршаған объектілердің құрамында бар екендігін дәлелдеуге машықтандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"** Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | | **"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Су | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы балықтар" | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Су -өмір нәрі" | | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу.** "Қолды жан-жаққа соз" Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет 09.15 – 10.35** | және оның табиғаттағы, адам өміріндегі мәні туралы бұрын алған білімдерін бекіту, күрделі сөйлемдерді қолдана отырып сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру; мағыналары қарама-қарсы сын есімдерді құрастыру қабілетін бекіту; шығармашылық әңгімелеуде таңдалған оқиға желісін ұстану қабілетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту; топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, серіктестің пікірін ескеру, өз пікірін қорғау, өз ісін дәлелдеу, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: Балалардың шашыны қиғаш етіп екі үшбұрышқа кесу дағдыларын бекіту, үшбұрыштардан балықтың бейнесін өз бетінше құрастыру; судың қасиеттері туралы, балықтардың тіршілік ету ортасы туралы білімдерін бекіту; қайшымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; өзбетінше жұмыс жасау барысында алдында алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыру. | Мақсат-міндеттер: Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы екенін түсіндіру. Су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалану, лайламау керектігін және судың барлық қасиеттерін түсіндіру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тұңғиық теңіз түбінде"<br>Мақсат-міндеттер: Кеңістіктегі қатынастарды бекітуге жағдай | | Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру; балаларда заттар арасымен жүру; биіктіктен секіру дағдыларын дамыту; негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін бліу<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ жолымен"<br>Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тудыру; қағаз бетінде бағдарлай білу біліктіліктерін қалыптастыру, заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сөзбен айтқызуды үйрету (сол жақта, оң жақта, төменде, жоғарыда, сол жақтағы жоғарғы бұрышта); сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету; ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету. | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: судың тірі табиғаттағы маңызын | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты ұстау | | **Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Судың қасиеттері туралы ойларды нақтылаңыз: құю, басқа температураға ие; суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары жүзіп кетеді.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйықтық, ол құйылады, ол әр түрлі температурада болуы мүмкін (ол күн сәулесінде қызады, ағын суықтан суық болады).<br>Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Ыстық күні су бассейнде тез қызады, тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар суға шомылады. Асфальтқа шашылған судың қаншалықты тез кебетінін бақылау. Суға қандай заттар батып, не қалқып жүргенін анықтау. Неліктен суға немесе суға батып бара | көрсету; су туралы білімді толықтыру және оны адамдар қалай пайдаланады; балаларды ағын суды үнемдеуге үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, бүгін біз су туралы әңгімелесеміз. Су туралы айтыңызшы, ол қандай?<br>- Мөлдір, сұйық.<br>- Салқын және ыстық болуы мүмкін.<br>- Балалар, кімге су керек?<br>- Ағаштар, құстар, | туралы есте сақтау.<br>**Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".**<br>Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз.<br>Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір).<br>Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты.<br>Қорытынды.<br>- Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін?<br>(Суды кез-келген түске оңай бояуға болады) | | жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді.<br>Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>*Көркем сөз*<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатқанын анықтауды ұсыну.<br>*Көркем сөз*<br>Су – тіршілік білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен жер,<br>Суды лайлап түкірме!<br>Деп үйретер үлкендер.<br>**Еңбек:** балалар барлық ойыншықтарды жуу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды жуып, өңдеп, төсенішке жатқызып, қойып кептіру әрекеттерін дағдыландыру.<br>**"Теңіздер толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста білдіру қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады.Тәрбиеші теңіз толқиды 1-2-3 дегенде балалар әртүрлі пішін | жануарлар, балықтар, адамдар.<br>- Бізге балабақшада су керек пе?<br>- Иә, керек.<br>- Су бізге не үшін қажет?<br>- Жууну үшін, гүлдерді суару үшін, киімді, еденді, ыдыс жуу үшін, асханада таңғы, кешкі ас дайындау үшін..<br>- Иә, сусыз жер бетіндегі барлық тіршілік жойылады. Су - тіршілік, суды қорғау керек.<br>Барлығы «Суды құтқар!» дейді.<br>- Мұның нені білдіретінін кім біледі?<br>- Бұл суды дұрыс және ақылмен жұмсау деген сөз. Кранды ашық қалдырмаңыз.<br>- Ал егер кран дұрыс жұмыс істемесе және одан су тамшылап | **Көркем сөз**<br>Самал жел, бізді желдетші,<br>Күн нұры, бізді жарқырат.<br>Таза ауа, дем берші,<br>Мөлдір су, бізді салқындат.<br>**Дидактикалық ойын "Батады-батпайды".**<br>Мақсат-міндеттер: заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?"** — балалар суды сипаттайды.<br>Мақсат-міндеттер: салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br>**"Сумен ойындар" -** үрлемелі бассейн | | **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасап қатып тұра қалады. Қозғалып қойған бала ойыннан шығады.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы | жатса? Не істеу керек?<br>- Оны тезірек жөндеу керек.<br>**Еңбек:** гүл бақшасын арамшөптен тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін көріп, қуана білуге тәрбиелеу.<br>Сумен тәжірибе жасаңыз: әр түрлі ыдыстардағы су көлемін салыстырыңыз; балалар судың өзіндік формасы жоқ екеніне көз жеткізеді.<br>**"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне | немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады.<br>Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, қуыршақтарды жуындырады және т.б.<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | | "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Жеке жаттығу:** дымқыл шөпте және жылы құмда жалаңаяқ жүру. **(дене шынықтыру)** | соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске | Ойын шарты.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді.<br>Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін | | Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге көмек көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).<br>Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еркін ойындар. | аңғарамыз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсете білу.<br>Еркін ойындар. | | шақыру.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. |
| **Серуеннен оралу 12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: майлықты | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қолдануды дағдыландыру. Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-** | | *Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қатынас іс-әрекеті)** | | |
| | үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>*Көркем сөз*<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>*Көркем сөз*<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>*Көркем сөз*<br>Жылы сумен қолымды,<br>Тазалап мен жуамын.<br>Қолыма алып сабынды,<br>Алақанды жуамын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыру әдетін жетілдіру.<br>*Көркем сөз*<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру.<br>*Көркем сөз*<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 - 15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу,** | **Біртіндеп ұйқыдан тұру** | Біртіндеп ұйқыдан | Жалпақ табанның | Біртіндеп ұйқыдан | Балаларды сипап ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары 15.10 – 15.30** | **(музыка ақырын ойнап тұр).**<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тұрғызу.<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркем сөз**:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан | алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркем сөз**<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>**Көркем сөз**<br>Көздерінді ашыңдар,<br>Кірпіктерінді көтеріңдер.<br>Беттерінді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштерінді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделерінді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00 – 16.30 | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек.<br>Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалар | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам | **"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы. Балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тыныштлып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма.<br>Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды.<br>Аспандағы бұлтты | **"Төртінші артық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктер туралы білімдерін бекіту.<br>Тәрбиеші төрт сөз айтады, балалар артығын атау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Ұшты - ұшты" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынның мазмұны. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-** | жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: "Күн қояндары".**<br>Мақсат-міндеттер: балалармен бірге бағыттарды нақтылаңыз: жоғары, төмен, жанына. Әр түрлі қимылдарды орындауға үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты (қол көтереді)<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | **Қимылды ойын: "Жер, су, ауа"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу.<br>**(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.30 – 16.50** | **Жаңылтпаш**<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатка тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Жәндіктер туралы жұмбақтарды жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Бар екен бір мақұлық ұннан майда,<br>Өз басын айдайды екен қиын жайға,<br>Ұстасақ үгітіліп жоғалады,<br>Дамылдап отырмайды ешбір жайға. (Көбелек)<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын) | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шығармашылық уақыты: "Ғажайыптар қалашығы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Серуенге дайындық 16.50 – 17.00** | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түннің қысқа екенін көрсету; күн ерте шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балалардың жаз мезгіліне тән белгілері, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, жаздың басталуымен не байқадыңыз?<br>Балаларға «таң», «күн батуы» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді. (Күн)<br>**Еңбек:** ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **Жәндіктерді бақылау (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Экологиялық міндет: балалардың жәндіктердің әртүрлілігі туралы идеяларын жүйелеу.<br>**Көркем сөз**<br>**"Көбелек".**<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек.<br>(А. Сәрсенов)<br>**"Өрмекші мен** | **Жәндіктерді бақылау (көбелектер). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көбелектердің тіршілігі жайындағы білімді толықтыру; бақылау арқылы жаңа ақпараттарды алуға баулу.<br>Күн сайын жәндіктер көбейіп келеді: масалар, көбелектер, қоңыздар.<br>Көбелектердің бірнеше түрін (капустница) ажырата білуге үйрету.<br>Көбелектердің қанаттарында өте әдемі өрнек бар - ол ең әдемі табиғатпен жаратылғандардың арасында.<br>Көбелектердің қанаттарын ұстауға болмайды, өйткені олар | **Өрмекшіні бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілердің пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейтуді жалғастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Сегіз аяқ өрмекші,<br>Біздің бақта не көрмекші?<br>Бұрышта отырады, нағыз қарақшы,<br>Торына түскен шыға алмайды, айтпақшы.<br>Ахметова Д.<br>Тәрбиеші өрмекші туралы жұмбақ жасырады, сұрақтар қояды:<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай кереқ құлағы.<br>Сөйтіп жүрген көп жерге, | **Шыбынды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейтуді жалғастыру,<br>табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын)<br>- Төбеде шыбындар қалай жүреді? (Шыбындардың аяқтарында жабысқақ түкті төсемдер бар; шыбын жеңіл және жастықшалар кез-келген бетке өте жақсы жабысатындықтан, шыбын кез-келген жерде қалуы мүмкін.)<br>- Неліктен шыбындарды зиянды жәндіктер деп атайды?<br>- Шыбындардың қандай зияны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады:<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек, - дейді.<br>"Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың | **шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға | нәзік тозаңмен жабылған, оны өшіру оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды. Балаларға көбелектер жұмыртқалайтынын түсіндіру, содан кейін өсімдіктердің жапырақтарын жейтін осы жұмыртқалардан құрттар шығады. Кейінірек құрттар іштен бөлінген жіппен оралып, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтардан көбелектер қайта пайда болады.<br>**Жұмбақ**<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек )<br>Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды.<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, | Аспалы торлар тұрады. Ол не? (Өрмекші)<br>Тоқыған ауы – шыбынның жауы. (Өрмекші)<br>- Өрмекшілердің пайдасы қандай? (Олар жәндіктерді жейді.)<br>- Өрмекшілер жәндіктерді немен аулайды? (Олар торлар тоқиды.)<br>- Өрмекшілер өрімді қаншалықты жиі тоқиды? (Күн сайын, өйткені ол жел мен жаңбырдан тез бұзылады.)<br>- Өрмекшілер немен қоректенеді? (Шыбындар, көбелектер, масалар.)<br>- Өрмекшілер жыртқыш па? (Иә, олар басқа жәндіктермен қоректенеді.)<br>- Өрмекшілерде қашан балалайды? (Жаздың соңында.)<br>Жаңа туылған өрмекшілер қай жерде өсіріледі? (Өрмекші | бар? (Олар микробтарды таратады.)<br>- Шыбындар қалай көбейеді? (Олар жұмыртқалайды.)<br>- Шыбындар қайда жұмыртқалайды? (Көңде, қоқыста.)<br>- Шыбындардың қандай жауы бар? (Өрмекшілер, инеліктер.)<br>- Шыбынның мұрны бар ма? (Жәндіктердің мұрындары жоқ; олар аяқтары мен мұрттары арқасында жанасады, иіс сезеді және дәмін сезінеді. Мұрттары - сенсор мүшесі. Ол температураны, ылғалдылық пен иісті сезінеді.)<br>- Шыбынның қанша көзі бар? (Көздің екі түрі - қарапайым және күрделі: олар бір уақытта алдында, артында және астында көре алады.)<br>- Шыбын қайда және қалай қыстайды?<br>**Еңбек:** құмсалғышты тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атын қойып айта береді.<br>Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады.<br>Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін, кеңістікті бағдарлау, жүгіре білу қабілетін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>Еркін ойындар. | болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>**Еңбек:** аланды тазартуда сыпырушыға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: үлкердге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту<br>**Еркін ойын: "Ыстық картоп". (дене шынықтыру)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету.<br>Ойын барысы.<br>Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады.<br>Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам | келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға дағдыландыру**.**<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (өңдеуге жарайтын), төсенішке кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысқа деген оң көзқарасты, тапсырмаларды жауапкершілікпен тәрбиелеу**.**<br>**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін. | ана оңаша жерде тордан тығыз кокон тоқып, оған бірнеше жүз жұмыртқа салады. Көп ұзамай олардан жаңа туған өрмекшілер шығады. Олардың барлығы жайлы жылы ұяда тұрады, өрмекші анасы кішкентай жәндіктерді тамақтандырады, ал кокон оларды суықтан, жаңбырдан, желден қорғайды.)<br>- Өрмекшілер күзде қайда жоғалады?<br>(Қыстың басталуымен өрмекшілер ескі дүмбілдердің жарықтарына тығылып, көктемге дейін ұйықтап кетеді.)<br>- Өрмекшілердің мінез-құлқына сүйене отырып, ауа-райын қалай болжауға болады?<br>(Өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші | Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіреді.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізушінің допты алып кетуіне жол бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады.<br>Ойын ережелері.<br>Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу. | Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс.<br>Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.)<br>- Өрмекшінің денесі неше бөліктен тұрады? (Екі бөлітен-кеуде және іш.)<br>**Еңбек:** гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. | өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**"Кеглиді көзде", "Допты қуып жет" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады:<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br>Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді.<br>Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді.<br>Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды.<br>"Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сыртына ытқып шығып кету.<br>Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады.<br>Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады.<br>Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды.<br>**"Судан аттап өт" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қозғалыс координациясын дамыту; қимылды тапсырмаларды орындауды үйрету, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **17.50 -18.00** | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18.00 – 18.30** | Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу. | «Неліктен қыста жәндіктер болмады?» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жәндіктер" тақырыбында әңгіме. | Ата-аналармен күн тәртібін сақтау туралы сөйлесу | Ата-аналармен "Демалыс" тақырыбында әңгімелесу |

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта ( 17.07 – 21.07. 2023 жыл) Шілде айы

Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| **Апта күндері Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі .17.07.23ж*** | ***Сейсенбі 18.07.23ж*** | ***Сәрсенбі 19.07.23ж*** | ***Бейсенбі 20.07.23ж*** | ***Жұма 21.07.23ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00 – 08.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.00 -08.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі туралы әңгімелесу; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08.10 – 08.20** | Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** аула **Еңбек:** ойын алаңын сыпыру. тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болса суару. Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, гүлдерге қамқорлық жасауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** көгөністерді суару. Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру, жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын | **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | **"Әткеншек" қимылды ойын-жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздерді іс-әрекетпен үйлестіру мүмкіндігі. **(дене шынықтыру)** | **"Кім кім болды?" дидактикалық ойыныы.** Мақсат-міндеттер: зейінін, қиялын дамыту. Сипаттама: бала мұғалім атағаннан бұрын болған жағдайды атауы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | машықтандыру;<br>жауапкершілікке<br>тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | |
| | **"Домино"<br>дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>баланың топтамалар<br>жайлы білімдерін<br>дамыту, пысықтау;<br>сәйкес заттың бейнесін<br>тауып дұрыс атауға, оның<br>атқаратын қызметі<br>жайында бір сөйлемді<br>құрастыруға<br>дағдыландыру; қабылдау,<br>зейін, ойлау қабілеттері,<br>ұсақ қол моторикасын<br>желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін<br>карточкалардың біріне<br>қатарлап тізіп қою, кім<br>бұрын барлық<br>карточкаларын қояды,<br>сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей<br>қос суреттер, әртүрлі<br>объектілердің | **"Суретті құрастыр"<br>үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>баланың бірнеше<br>бөліктерден тұратын,<br>тұтас суретті<br>құрастыра білу<br>қабілетін жетілдіру,<br>төзімділікке,<br>бастаған істі аяқтауға<br>тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін<br>таңдағанда<br>қателеспеу, кім тез өз<br>суретін құрастырып,<br>дұрыс атайды сол<br>жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Ойынды қалаған бала<br>жиналғанда, бір тұтас<br>бейне-сурет болатын,<br>ұсақ бөліктер<br>жинақнамаларының<br>бірін таңдап ала<br>алады. Тұтас суретті | **"Жел мен бұлт"<br>қимыл-қозғалыс<br>ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>кеңістікті<br>бағдарлауды<br>жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын:<br>"Мысық мен<br>тышқандар".**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларда<br>төзімділікті,<br>қимылдарды сөзбен<br>үйлестіре білу,<br>ептілікті дамыту.<br>Жүгіру мен иілу<br>жаттығулары,<br>шеңбер бойымен<br>тұру және шеңбер<br>бойымен жүру.<br>Сөйлеуді дамытуға<br>ықпал ету. | **"Әткеншек"<br>қимылды ойын-<br>жаттығулары,<br>қимыл-қозғалыс<br>ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>сөздерді іс-әрекетпен<br>үйлестіру мүмкіндігі.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын<br>"Қасқыр мен<br>қояндар".**<br>Мақсат-міндеттер:<br>шапшаңдықты,<br>жылдамдықты және<br>кеңістікті<br>бағдарлауды<br>дағдыландыру.<br>Ойын барысы.<br>Ойынға<br>қатысушылардың<br>біреуін қасқыр етіп<br>таңдап алады. Қалған<br>балалар қоянның | **"Кім кім болды?"<br>дидактикалық ойыныы.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін,<br>қиялын дамыту.<br>Сипаттама: бала мұғалім<br>атағаннан бұрын болған<br>жағдайды атауы керек.<br>Мысалы:<br>- Ата кім болды? (Ұл)<br>- Ағаш не болды ? (Өркен)<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Аралар".**<br>Бір топ бала қол ұстасып,<br>шеңберге тұрады да үш-<br>төртеуі ортаға шығады.<br>Олар "аралар".<br>Баудағы кім?<br>Баудағы кім?<br>Ара болсаң ызыңда<br>З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж.<br>Жұмыс істе тығылма.<br>"Жұмыс істе тығылма" -<br>деген сөзді естіген аралар<br>заматта-ақ тоқыма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".**<br>Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз.<br>"Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі.<br>Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: секіруден жаттығу жасау, ептілікті дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Соқыр теке"**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. | Ойын барысы. Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда өткізіледі.<br>Қырынан қойылған гимнастикалық сатының, рейканың немесе кендір жіптің көмегімен тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып | ролін бейнелейді.<br>Алаңның бір жағында қояндар өздеріне үйшік жасап жатады (дөңгелектер сызады). Ойын басында қояндар өздерінің үйлерінде тұрады, қасқыр - алаңның екінші шетінде (сайда).<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Шоқақ, шоқақ жүгіріп,<br>Қояндар кетіп барады.<br>Тұрған көгі құлпырып,<br>Көгалды іздеп табады.<br>Шөпті жалмап жеседі,<br>- Қасқыр жоқ па? - деседі.<br>Тың-тыңдайды абайлап.<br>Қояндар үйлерінен жүгіріп-жүгіріп шығады да, алаңда | тоқығандай, ағаш жарғандай, еден сыпырғандай т.б. қимылдар жасайды.<br>Топ, топ ара ұшады,<br>Үстімен де бұтаның.<br>Астымен де бұтаның<br>Үстімен де бұтаның.<br>Балалар осылай әндетіп, "аралардың" қимылын қайталайды да: "Тап болсаң бір жалқауға, алып кел оны ортаға", - деп хормен айтады. "Аралар" осы сөзді айта жүріп, өздерінің қимылын қайталай алмаған "жалқауларды" ортаға шығарады. Енді шеңбер жасап тұрғандар бәрі дауыстап:<br>Ай-ай жалқау бұл құмар,<br>Жалқауды тез қуыңдар.<br>Сөйтіп жалқауды сұқ саусақтарын шошайтып тұрып аластайды. Бұдан кейін ойын қайта басталады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын барысы:<br>Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз,<br>Орамалмен көзін байлаймыз.<br>Қалғанымыз оны түртіп қашамыз,<br>Тым қырағы, сақ боламыз аса біз.<br>Ұмтылады ол оң мен солына,<br>Тырысамыз түспеуге оның қолына.<br>Кім ұсталса, соның көзі байланар,<br>Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан | (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>Тыныштлалыңдар, тышқандар,<br>Бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыда жатқан мысықты<br>Оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Бұл - мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды. Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда | ойнай бастайды.<br>Олар біресе екі аяқтап секіреді, біресе тізерлейді, шөп жұлады, қасқыр келіп қалған жоқ па екен деп жан-жағына қарайды. Тәрбиеші соңғы сөзін айтқан кезде қасқыр сайдан шығады да қояндарды ұстауға ұмтылып, қуа жөнеледі (тиісейін деп). Қояндар өз үйлеріне қарай қашады. Ұстаған қояндарын қасқыр сайға қарай алып кетеді.<br>Қасқыр кетісімен тәрбиеші өлеңнің тексін қайталайды, ойын басынан қайталанады. 2-3 қоянды ұстағаннан кейін басқа қасқыр белгіленеді<br>Балалар үйшікті бір-біріне жақын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрі жүргізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балаларды, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жасамауын бақылау керек.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.10 – 08.20** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 08.35 – 09.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени тамақтану | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп - ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар .<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | бір-біріне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу; сабынның қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: хош иісті, көпіршиді, тазартады.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы,<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-** | **"Қатені** | **"Су"** | **Үстел-үсті ойыны:** | **Дидактикалық** | **Ойын жаттығуы: "Менің** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетке дайындық 09.00 – 09.15** | **түзе"дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **тақырыбындағы әңгіме.** Мақсат-міндеттер: балаларға судың қоршаған объектілердің құрамында бар екендігін дәлелдеуге машықтандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **"Керекті киімді табыңыз"** Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **ойын: "Жыл мезгілдері".** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **артымнан қайтала".** Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.15 – 10.35** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Кел достарым келіңдер" Мақсат-міндеттер: Балаларды түрлі жылдамдықпен - баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Жан-жануарлардың дауласуы қазақ қалық ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды «Жан-жануарлардың дауласуы» атты қазақ халық ертегісімен таныстыру; үй | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ауа райын болжаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларға табиғи құбылыстарды (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Көңілді жаз" Мақсат-міндеттер: Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көңілді хоровод" Мақсат-міндеттер: Балаларға қағаздан гармошка сиқты бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішінді кесуге үйрету (адамдардың силуэті), фигураларды бір композицияда орналастыру қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу дағдыларын дамыту. | жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын өз сөзімен толық жеткізіп айтуды үйрету; сөздік қорын, тілін дамыту; жан-жануарларды күтіп-баптауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Менің  әжем ең жақсы  адам"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық-ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіруді пысықтау. | бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғи құбылыстарға қатысты халық болжамдарымен таныстыру; ауа райының өзгеру ерекшеліктерін байқауды дамыту; зейінін, ойлау қабілетін дамыту; ауа райына алдын ала дайын болу, ауа райына қарап күндерін дұрыс жоспарлауды үйрету.<br><br>\<br>Балаларға табиғи құбылыстарды (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғи құбылыстарға қатысты халық болжамдарымен таныстыру; ауа райының өзгеру ерекшеліктерін байқауды дамыту; зейінін, ойлау қабілетін дамыту; ауа райына алдын ала дайын болу, ауа райына қарап күндерін дұрыс жоспарлауды үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Түйе"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып | әңгіме құрауға үйрету; айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласуға, сұрақ қоюға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз еліне сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. | Бізді қоршаған әлем туралы білімдерін байыту: материктер, әр түрлі халықтар, достық туралы білімдерін жетілдіру.<br>Ұқыптылыққа, табандылққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту; түйе терісінің белгілі сипатын көрсетіп, пішіні алтыбұрыш көрпешенің бұрыштарына, ортасына өз қалауынша ою элементтерін салуға бейімдеу; көктемде үй жануарларының жайлауға шығару туралы білімдерін пысықтау; зеректікке, үй жануарларына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік | **Құстарды бақылау: көкек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: көкектің жаздағы | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Ой толғау: "Орман құссыз, құстар ормансыз өмір сүре** | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту; құстарға деген қызығушылық пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысына қарай ажыратуға үйрету.<br>Экологиялық міндет: құстар жабайы табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру<br>**Көркем сөз**<br>Құстар, құстар келеді,<br>Жерді шуға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып | ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту.<br>Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу:<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен құстардың сайрағаны естілмейді?<br>- Құстар ұя салды, енді құстарды не мазалайды?<br>(Жұмыртқа салу, балапан шығару.)<br>- Ал жұмыртқаны ұяда кім жылытады, қорғайды?<br>- Ұядағы жұмыртқаны күзетіп, | тіршілігі туралы білімді дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің әңгімесі<br>- Балалар, мен сендерге ұя салмайтын, балапандарды тамақтандырмайтын құс туралы айтқым келеді. Сендер бұл құстың атын білесіз бе? Ол көкек.<br>Көкектің жүні сұр және қара жолақтары бар. Орманда алыстан көкектің дауысы естіледі.<br>Көкектің әнін барлығы естиді, бірақ бұл құсты көру қиын: көкектер әдетте биік ағаштың басында, тығыз жасыл бұтақтарда жасырынады.<br>Көкек ұя салуды білмейді, сондықтан жұмыртқаларын | **алмайды"**.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту.<br>Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Балаларды тәрбиешімен және басқа балалармен әртүрлі тәжірибе алмасуға тырысуға шақыру.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен халықта: орман құссыз және құстар ормансыз өмір | сүйіспеншілікке тәрбиелеу; тірі ағзаның белгілерін ажырата білу.<br>- Жазда құстарға қорек жеткілікті, олар балапандарды шығарады және тамақтандырады.<br>Күзде жем мөлшері айтарлықтай азаяды.<br>Біріншіден, жәндіктер жоғалады, өсімдіктер біртіндеп қурайды, жемістер мен тұқымдардың саны азаяды. Көптеген құстар үйірге жиналып, содан кейін жылы аймақтарға ұшады.<br>Алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар ұшады, содан кейін жемістер мен өсімдіктердің дәндерімен қоректенетін құстар ұшады.. Бұл құстардың барлығы жыл құстары деп аталады..<br>**Көркем сөз**<br>Қараторғай, қараторғай,<br>Ұша түс биік самғай.<br>Болса да кіп - кішкентай.<br>Алады бақты қорғай. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият | жылытып жатқанда оны кім тамақтандырады?<br>- Ұяда балапандар пайда болды, бірақ олар әлі де ұша алмайды.<br>Балапандарды кім тамақтандырады?<br>Педагог балалардың назарын торғайларға аударады. Балалар торғайлардың мінез-құлқын бақылайды.<br>- Міне біздің торғайлар. Торғай жұбы бірге ұя салады, содан кейін жұмыртқаларды бір-бірден инкубациялайды. Екі аптадан кейін ұяда кішкентай балапандар пайда болады. Ата-аналар кішкентайларын тамақтандыру үшін таңертеңнен кешке дейін шыбын, маса және басқа | басқа құстарға салады. Көкектер жаман ата-аналар, бірақ олар біздің ормандарымызға үлкен пайда әкеледі: бұл құстар басқа құстар тигізбейтін түкті шынжыр табандарды құртады. Түкті шынжыр табандар, әсіресе жібек құрттары - орманның қауіпті жауы - олар өсімдіктердің жапырақтарын, сабақтары мен бүршіктерін жейді, ал орман кеуіп кетуі мүмкін. Жаздың ортасында, шілдеде, көкектер ыстық Африкаға ұшып кетеді.<br>**Көркем сөз**<br>Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау – бақшада, орманда, | сүре алмайды деп айтады?<br>- Орман құстарға не береді? (Орман құстарға жауларынан паналауға, ұя үшін құрылыс материал, тамақ береді)<br>- Орманда құстар не үшін қажет? (Құстар зиянды жәндіктерді жояды, орманды әнмен безендіреді)<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>Балаларды серуендеу кезінде құстарды бақылауға шақыру.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балалардан бақылауларымен бөлісуін сұрау.<br>Құстарды дұрыс бақылаған балаларға алғыс айту.<br>**"Үкі" саусақ жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | Қонағым қол басындай,<br>Мінезі қорғасындай.<br>Өзі кіп - кішкентай,<br>Ол қараторғай.<br>**"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.<br>"Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 10.35 – 10.55** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.55 – 12.00** | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, дыбысына қарай ажыратуға үйрету.<br>Экологиялық міндет: құстар жабайы табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру<br>**Көркем сөз**<br>Құстар, құстар келеді,<br>Жерді шуға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу:<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен құстардың сайрағаны естілмейді?<br>- Құстар ұя салды, енді құстарды не мазалайды? (Жұмыртқа салу, балапан шығару.)<br>- Ал жұмыртқаны ұяда | **Құстарды бақылау: көкек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көкектің жаздағы тіршілігі туралы білімді дамыту; іздемпаздыққа тәрбиел<br>- Балалар, мен сендерге ұя салмайтын, балапандарды тамақтандырмайтын құс туралы айтқым келеді. Сендер бұл құстың атын білесіз бе? Ол көкек. Көкектің жүні сұр және қара жолақтары бар. Орманда алыстан көкектің дауысы естіледі. Көкектің әнін барлығы естиді, бірақ бұл құсты көру қиын: көкектер әдетте биік ағаштың басында, тығыз жасыл бұтақтарда жасырынады. Көкек ұя салуды білмейді, сондықтан | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Ой толғау: "Орман құссыз, құстар ормансыз өмір сүре алмайды".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Балаларды тәрбиешімен және басқа балалармен әртүрлі тәжірибе алмасуға тырысуға шақыру.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту; құстарға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу; тірі ағзаның белгілерін ажырата білу.<br>- Жазда құстарға қорек жеткілікті, олар балапандарды шығарады және тамақтандырады. Күзде жем мөлшері айтарлықтай азаяды. Біріншіден, жәндіктер жоғалады, өсімдіктер біртіндеп қурайды, жемістер мен тұқымдардың саны азаяды. Көптеген құстар үйірге жиналып, содан кейін жылы аймақтарға ұшады.<br>Алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар ұшады, содан кейін жемістер мен өсімдіктердің дәндерімен қоректенетін құстар ұшады.. Бұл құстардың барлығы жыл құстары деп аталады..<br>**Көркем сөз**<br>Қараторғай, қараторғай,<br>Ұша түс биік самғай.<br>Болса да кіп - кішкентай.<br>Алады бақты қорғай.<br>Қонағым қол басындай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>**"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | кім жылытады, қорғайды?<br>- Ұядағы жұмыртқаны күзетіп, жылытып жатқанда оны кім тамақтандырады?<br>- Ұяда балапандар пайда болды, бірақ олар әлі де ұша алмайды. Балапандарды кім тамақтандырады?<br>Педагог балалардың назарын торғайларға аударады. Балалар торғайлардың мінез-құлқын бақылайды.<br>- Міне біздің торғайлар. Торғай жұбы бірге ұя салады, содан кейін жұмыртқаларды бір-бірден инкубациялайды. Екі аптадан кейін ұяда кішкентай балапандар пайда болады. Ата-аналар кішкентайларын тамақтандыру үшін таңертеңнен кешке дейін шыбын, маса және басқа жәндіктерді аулайды. Торғайлар тез өседі, ал он күннен кейін ата-аналар балапандарына торғай өмірінің барлық қыр-сырын үйрете бастайды. Содан кейін торғай жұбында жаңа балапандар болады. Суық | жұмыртқаларын басқа құстарға салады.<br>Көкектер жаман ата-аналар, бірақ олар біздің ормандарымызға үлкен пайда әкеледі: бұл құстар басқа құстар тигізбейтін түкті шынжыр табандарды құртады.<br>Түкті шынжыр табандар, әсіресе жібек құрттары - орманның қауіпті жауы - олар өсімдіктердің жапырақтарын, сабақтары мен бүршіктерін жейді, ал орман кеуіп кетуі мүмкін.<br>Жаздың ортасында, шілдеде, көкектер ыстық Африкаға ұшып кетеді.<br>**Көркем сөз**<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау – бақшада, орманда,<br>Құстар әні көңілді.<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Еңбек:** көгөністерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге үйрету.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен халықта: орман құссыз және құстар ормансыз өмір сүре алмайды деп айтады?<br>- Орман құстарға не береді? (Орман құстарға жауларынан паналауға, ұя үшін құрылыс материал, тамақ береді)<br>- Орманда құстар не үшін қажет? (Құстар зиянды жәндіктерді жояды, орманды әнмен безендіреді)<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>Балаларды серуендеу кезінде құстарды бақылауға шақыру.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балалардан бақылауларымен бөлісуін сұрау.<br>Құстарды дұрыс бақылаған балаларға алғыс айту.<br>**"Үкі" саусақ жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қол моторикасын дамыту.<br>Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады | Мінезі қорғасындай.<br>Өзі кіп - кішкентай,<br>Ол қараторғай.<br>**"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.<br>"Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды".<br>"Түлкі!" деген белгі естілген кезде, "түлкі інінен шығып, тауықтарға шабады, ұстап алуға ұмтылады".<br>"Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі".<br>"Ұсталынды" деген - баланы қолмен түртіп қалу. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды.<br>Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады.<br>Басқа "түлкіні" ойнату үшін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан. Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, енесіне келеді<br>**Еңбек:** аланды жақсарту бойынша ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, топтық жұмыстың құндылығын көрсету.<br>**Жеке жұмыс:** көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; | ауа райы басталғанға дейін оларды құстар мектебінде өсіріп, оқытады.<br>**Көркем сөз**<br>Құстар тойын құттықтар,<br>Қуанамыз қолдаймыз.<br>Ұя жасап құттықтап,<br>Біз оларды қорғаймыз.<br>**Еңбек:** құм жәшігінде құмды қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы | Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздарды" сомдайды.<br>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу мүмкін. Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:<br>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға)<br>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)<br>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)<br>Құсшы:<br>- Суға ұшып келіңдер!<br>Ошаққа абайлап жетіңдер!<br>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!<br>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, | («Орман»))<br>Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»))<br>Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))<br>Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))<br>Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)<br>**Ойын "Құстар дауысы"**<br>Қарға ұшар қарқылдап,<br>Торғай ұшар шырылдап.<br>Көгершін ұшар гуілдеп,<br>Қарлығаш ұшар шық-шыттап.<br>**Еңбек:** арамшөптерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер:көкөністердің, гүлдердің өсуіне арамшөптердің зияны туралы білімдерін бекіту; еңбекке санылы қарауға үйрету.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене** | санамақты қайта қолдану керек болады.<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Еңбек:** гүл суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>**Еркін ойын: "Құс пен мысық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнай білуге дағдыландыру; жүгіру түрлеріне машықтандыру.<br>Балалардың дербес ойын әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ептілікке тәрбиелеу.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындар. | жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**Еркін ойын: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Еркін ойындар. | "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі. Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойын: "Бақшада". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: сөздер мен қимылдарды үйлестіруге үйрету; ойындағы өз рөлін адал орындау қабілетін дамыту. | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру. | |
| **Серуеннен оралу**<br>**12.00 – 12.20** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.20 – 13.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қолды дұрыс жуу, жеңіңізді түру, қолды жуған кезде суды еденге төгілмеуін өздігінен қадағалау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.<br>**Көркем сөз**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Гигиеналық өзін-өзі күту дағдылары, дұрыс отыруды,<br>дастархан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.<br>**Көркем сөз**<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту.<br>Қолды сабынмен мұқият жуу маңызды, денсаулыққа қажет екенін түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>Тазалап жүр тісіңді,<br>Кішкене де ыңғайлы,<br>Тіс щеткасын пайдалан.<br>Тазалауға болмайды,<br>Щеткасымен басқа адам.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, бет пен қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы 13.00 – 15.10** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.10 – 15.30** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.30 – 16.00** | Алдына қойған асқа назар аудырту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **"Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда антоним | **"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту. | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) 16.00 – 16.30 | сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Қайда барсаң – соны** | Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br>**Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"** | себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…».<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Құстардың ұшып келуі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Балаларды | өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият карауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Көпіршіктерді үрлеу" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үлкен көңіл-күй сыйлайды!<br>Ең бастысы - шыдамды болу және балаларға сабын көпіршіктерін үрлеуді үйрету. Көпіршіктерді үрлеу арқылы сәбилер өкпесін жаттықтырады. Сонымен қатар, бір қалыпта үрлеу оңай шаруа емес! Көпіршікті қуу әсіресе көңілді болады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **табасың" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру)** | салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **(дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.30 – 16.50** | **"Көрсету және атау" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй және қоныс аударатын құстарды танып, атауды үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Суретшінің қателіктерін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту және 10-ға дейін санауды бекіту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бөлшектерден бүтіндік жасау қабілетін дамыту. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".** Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.50 – 17.00** | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады.<br>Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен 17.00 – 17.50** | **Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет.<br>Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, желеулер мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың | **Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Зерттеу: "Жазда құстар қалада не жейді?"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Зерттеу барысы.**<br>- Құстар не жегенді ұнатады?<br>- Тамақты қайдан табады?<br>- Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік?<br>Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. Тапсырма түсінікті ме?<br>- Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді | **Құстарды бақылау: "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары)<br>- Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма?<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>- Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде?<br>- Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады.<br>Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп | **Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану.<br>Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну.<br>Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару.<br>Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу.<br>Құстардың қауырсындарын қарастыру.<br>Әңгімелесу:<br>- Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда ұшады және қайда ұя салғанды ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді!<br>**Еңбек:** алаңға, жолдарға су шашу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді аулайтындығына аудару маңызды.<br>Қарлығаштардың ұясын көрсету, олардың ұяға балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін ескерт. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен коректендіріңіз, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектесіңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б)**<br>**А.** «Сипаттама бойынша тап» **-** тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды.<br>Мақсат-міндеттер: сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту.<br>**Б.** «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады | өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек:** қоқысты алаңнан жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Қарлығашпын мен,<br>Адамның тұрағымын.<br>Мекен етіп тұрамын,<br>Тазалаймын үй - ішін.<br>Ел аузында мақтаулы,<br>Тазалықшымын төселген.<br>**Жұмбақтар**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салды жабыққа.<br>(Қарлығаш)<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай) | тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек:** алаңнан малтатастарды жинату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. | құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек.<br>Балапандар көп жейді және тез өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді.<br>Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі.<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- "Орман дәрігерін" кім біледі?<br>- Орман құстарын ренжітпеу үшін біз өзімізді орманда қалай ұстауымыз керек?<br>- Орманда шу шығармаңыз! Неліктен? - Қатты айқай-шу құстарды қорқытады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін.<br>Сіендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай білу керек.<br>- Құстардың ұяларын бұзбаңыз! Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің | дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді.<br>Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту.<br>**"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі.<br>"Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. "Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре | Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш)<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың | "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады.<br>Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар аланда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру | иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін.<br>- Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кету олардың өміріне қауіпті. Орман - олардың үйі. Олар өз тамақтарын өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өлуі мүмкін. Орманда от жағуға болмайды! Неліктен? - Ағаш өте жақсы күйеді. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі<br>Қорытынды. Құстар әртүрлі, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды<br>**Еңбек:** бақшаны суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-казғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Дидактикалық ойын: "Құстарды сана".**<br>Мақсат-міндеттер: сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары. (бір торғай, екі торғай және т.б.)<br>**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындары. | білуге үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады.<br>Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>**"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шапшаңдыққа баулу. Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу** **17.50 – 18.00** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 18.00 – 18.30 | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Үйде қандай құсты ұстауға болады?" | Ата-аналарға арналған кеңес: "Баланың байланыстырып сөйлеуіне ықпал ететін себептер". | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы сөйлесу. | Сұрақ-жауап: "Денсаулықты нығайту шаралары мен отбасылық дәстүрлер". |

Тексерілді

«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК – ның «Қарлығаш» мектепалды тобының 2022 – 2023 оқу жылындағы жаз мезгілінің апталық циклограммасы 3 апта (14.08 – 18.08. 2023 жыл) Тамыз айы

Тәрбиешілер: Жаппарова Ж. Нысанбай Э

| **Апта күндері Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 14.08.23ж*** | ***Сейсенбі 15.08.23ж*** | ***Сәрсенбі 16.08.23ж*** | ***Бейсенбі 17.08.23ж*** | ***Жұма 18.08.23ж*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау 08.00 – 08.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға колайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(карым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңес беру 08.00 – 08.10** | Ата-аналарменәңгімелесу: "Жаздаашықауадасеруендеудіңмаңызы". | | | | |
| **Балалардыңдербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқараужәнетағыбасқаәрекеттер) 08.10 – 08.20** | **Еңбек:** аланды тазарту. Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесуге, еңбекке жауапкершілікпен карауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оку құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру: жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбекіс-әрекеті)** | **Еңбек:**гүлбақшасынарам шөптердентазарту. Мақсат-міндеттер: өзжұмысыңыздыңнәтиже сінкөру, белсенділіктенканағаталу ғатәрбиелеу. Кезекшілік: табиғатбұрышы, ас бөлмесі, оқуқұралдарыбойыншаміндетінсоңынадейінатқаруғамашықтандыру: жауапкершіліккетәрбиелеу. **(еңбекіс-әрекеті)** | **Еңбек:** аланды тазарту. Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оку құралдары бойынша міндетін соңына дейін аткаруға машықтандыру: жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбекіс-әрекеті)** | **Еңбек:** құмжәшіктерінқұмментолтыру. Мақсат-міндеттер: балалардыжалпыңгілікке жұмысістеугетәрбиелеу. Кезекшілік: табиғатбұрышы, ас бөлмесі, оқуқұралдарыбойыншаміндетінсоңынадейінатқаруғамашықтандыру; жауапкершіліккетәрбиелеу. **(еңбекіс-әрекеті)** | **Еңбек:**аландысыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлықты, ұқыптылықтыдамыту. Кезекшілік: табиғатбұрышы, ас бөлмесі, оқуқұралдарыбойыншаміндетінсоңынадейінаткаруғамашықтандыру; жауапкершіліккетәрбиелеу. **(еңбекіс-әрекеті)** |
| | **"Менінғажайыпбұлтым" дидактикалықойыны.** Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдықсфераны, табиғаттыелестетіпқабылдаудыдамыту (ойынрелаксациялыққідір ісрөлін де аткарады). Ойынбарысы: | **"Домино" дидактикалықойыны.** Мақсат-міндеттер: баланыңтоптамаларжайлыбілімдеріндамыту, пысықтау; сәйкесзаттыңбейнесінтауыпдұрысатауға, оныңатқаратынқызметіжайындабірсөйлемдіқұраст | **"Менінғажайыпбұлтым" дидактикалықойыны.** Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдықсфераны, табиғаттыелестетіпқабылдаудыдамыту (ойынрелаксациялыққідір ісрөлін де атқарады). Ойынбарысы: | **"Бұл не?" дидактикалықойыны.** Мақсат-міндеттер: логикалықойлауды, естесақтауды, тапқырлықтыдамыту. Міндеттері: балаларғатіріжәнежансызтабиғатнысаныненпаттауғаүйрету. Зейінді, | **"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалықойыны.** Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтардытоптастыружәнеатауқабілеттерінбекіту. Зейінді, естесақтауды, сөйлеудіжәнелогикалықойлаудыдамыту. Ойынбарысы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
